

Жаңабек Жақсығалиев

басып, салқындау үшін жанындағы өзенге шомылатын.

Өзеннің жағасында сәл биіктеу қырқада орналасқан дәмханадан төменірек баспалдақпен түскенде ақырын шымырлап қана ағып жататын Есен Аңқатының сол кездегі суы



мен көк майса жағалауы қандай еді?!

Өкінішке қарай, қазір соның бірі де жоқ. Бәрі көзден бұлбұл ұшты. Өзен жыл өткен сайын тартылып, кеуіп бара жатыр. Бұл – осыдан тура 1100 жыл бұрын, дәлірек айтсақ 921-922 жылдары біздің даламыз арқылы Еділ бұлғарларына сапар шеккен араб саяхатшысы Ахмед ибн-Фадланның күнделігінде айтылатын Аңқаты өзені-тін.

Одан ары тағы да ыңырана қозғалған автобус халықты «сексеуіл тиегендей селкілдетіп», мимырт жүріспен қалаға жақындай түсетін. Осы кезде силикат кірпіштен өрілген жұмыртқадай аппақ саяжайлар қаздай тізіліп, алдымызда ерекше көз тартып тұратын. Мұның бәрі бұрын көп ешқайда шыға қоймаған ауылдың қара домалақтары үшін айрықша таңсық дүние боп көрінетін.

Заман өзгергеннен кейін баяғы бау-бақшасы жайқалған, негізінен алғанда «көккөз» ағайындар-

16

1

*М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университетіне -
90 жыл*

Жаңабек Жақсығалиев

БІЛІМ АП САЯҢДА...

Орал, 2022

1

УДК 821.512.122
ББК 84 (5Қаз)
Ж23

Жақсығалиев Ж.

Ж23 Білім ап саяңда... /студенттік жылдар жылнамасы:
естелік-эссе. – Орал: «М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО»,
2022. -164 б.

ISBN 978-601-7424-56-5

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдығына орай жарық көріп отырған, осы жоғарғы оқу орнының түлегі, тарих ғылымдарының кандидаты Жаңабек Жақсығалиевтің «Білім ап саяңда...» атты естелік-эссесіне студенттік шақтағы өмірі туралы толғанысы енген.

Кітап көпшілік оқырман қауымға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5Қаз)



© Жақсығалиев Ж., 2022

Сол жылдары ауылдан қалаға шұрқ тесік ойқы-шойқы жолмен салдырлаған **сары пазик (ПАЗ - 3206)** жеті-сегіз сағат жылжи жүріп, әрең жететін. Кісінің соншалықты көптігінен автобустың ішінде ине шаншар орын болмайтын.



Тар жерде иіптірескен халық пен олардың жүктері автобус бір қозғалып кеткеннен кейін, яки бір-екі «соққаннан» кейін ғана барып, өз-өзімен ретке келетін.

Әсіресе, жастар жағы қалаға, әсерлеп айтсақ «бір аяқпен» тұрып баратынбыз. Осы орайда назар аударарлық негізгі нәрсе – тәуелсіздік жылдарында Қаратөбе-Орал тас жолы біркелкі ретке келген-ді.

Жымпиты бағытынан келе жатқанда аудан орталығына дейін «жетпей қалған» кешегі кеңес кезеңіндегі шамамен отыз шақырымдай жол жаңадан төселсе, қалған бөлігі заманауи үлгіде қайта жөндеуден өтті. Жолаушылар бұрынғы жол бейнетінен осылай құтылған еді.

Иә, әңгімеміздің бұрынғы арнасына қайтадан оралайық. Жолда қазіргі Сырым ауданы (ол кезде Жымпиты) «Қызыл ту» (қазіргі Алғабас) ауылының тұсындағы асханаға жолаушылар тыныстап, шөл

ескі қара шамаданға текшелеп салып, бар керек-жарағымызды буып-түйіп, «Орал шаһары қайда-сың?», – деп арман қуып аттанған едік.

Мақсат – со жылдары атағынан ат үркетін А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтына оқуға түсу үшін бағымызды сынап көру болатын.

Жол мұраты – жету

Осы ретте мына нәрсені ерекше атап өткім келеді. Сол кезеңде қалаға жүретін халық ауыл орталығындағы дүкеннің қасына таңмен жиналып, автобус келгенде ішке жапа-тармағай таласып, бірінің үстіне бірі килігіп кіретін-ді.

Ол кезде қала мен ауыл арасындағы көлік қатынасы едәуір қиын болғандықтан, әр сапарда жолаушылар шамадан тыс көп болатын. Ондайды көрмеген, жайлы көліктің ішінде қалғып отырып үш сағатта қалаға құлайтын қазіргі жас буын мұны көз алдына елестете алмауы да мүмкін.

Әлбетте, бұл Саралжын-Қаратөбе тас жолы бүгінде тақтайдай теп-тегіс боп жалтырап жатыр деген сөз емес. Әлі де жыл мезгілінің жаңбырлы маусымдарында жолымыздың ауыл тұрғындарын әбден әбігерге салатын тұстары бар. Мұны айтпау – арымызға сын.



Алғы сөз

Құрметті оқырман! Сіздердің қолдарыңызға тиіп отырған ерекше кітап – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдығына орай арнайы жазылған дүние.

Еңбектің авторы, біздің әріптесіміз – Жаңабек Жаңабайұлы алдымен осы институттың талапкері, кейін студенті, бертін келе аспиранты. Бүгінде Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, өңірімізге белгілі тарихшы-ғалым.

Өзі жазғандай студенттік өмірі мен педагогикалық қызметінің кейінгі 30 жылы айтулы білім ордасы һәм киелі қара шаңырақпен тікелей байланысты.

Бұл қолжазбаның осыған дейінгі университетіміздің әр жылдардағы мерейтойларында жарық көрген шығармалардан ерекшелігі мынада: естелік-эссе түрінде жазылған хикаятта – өткен ғасырдың 90-жылдарындағы студенттік өмір оқырманның көз алдынан тізбектеліп өте шығады. Кітаптың тілі жеңіл әрі жатық.

Автор орта мектепті тәмамдап, ауылдан қалаға ұзақ жолға аттанғаннан бастап, қалай талапкер болғанын, Орал шаһарына келген кездегі алғашқы әсері, сол уақыттағы дайындық курстары, А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының тарих факультетіне жан-жақтан ағылып келген қарадомалақтардың емтихан сынақтарын тапсырған сәттерін айрықша суреткерлік шеберлікпен қызықты етіп баяндайды.

Жазу машығы қалыптасқан қаламгер әр нәрсенің басын бір шалмай, оқиғалардың хронологиялық тәртібін сақтай отырып, сол жылдардағы студенттік өмірдегі ең негізгі деген мәселелерге жеке-жеке тоқталады. Егемендіктің елең-алаңы мен тәуелсіздіктің таңсәрісіндегі замана көрінісі тап сол күйінде бейнеленеді.

Мәселен, тарих факультеті студенттерінің археологиялық қазба жұмыстарында болуы, Барбастаудағы алма бағы мен Серебряководағы картоп алқабындағы өндірістік сараман, студенттердің «Арай» құрылыс отряды, өздеріне сабақ берген

Сонымен қатар **Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлерге арналған еңселі ескерткіш** бой көтерді.



Облыстың бір қиырында жатқан со кездегі қара сирақ ауыл балалары үшін бәрінен де қызығы, ауыл дүкенінде бұрын-соңды болып көрмеген шоколадтан жасалған балмұздақ пен қырау қатқан пепси-кола сусынының мол қоры Оралдан арнайы жеткізіліп, мерейтойдан кейін де біраз уақыт үзілмеген-ді.

Әлбетте, мұның бәрі орта һәм аға буын саралжындықтардың есінен әлі шыға қоймаған болар. Аталған салтанатты шарадан кейін көп ұзамай біз де кітаптарымыз бен қағаз-қаламымызды үйдегі

Сол жиында әсіресе Алматыдан арнайы ат терлетіп келген «алаштық» жас жігіттердің қазақ халқын ғасырлар бойы буып ұстаған отаршылдардың қитұрқы саясаты туралы жүргізген үгіт-насихаты біздің бала жүрегімізге қатты әсер етті.

Тойға дейін-ақ Саралжын ерекше түледі: үлкен көшелерімізге өмірде болмаған асфальт төселіп, кеңшар ішінде чех қонақ үйі еңсе тіктеп, ауылымыздың орталық бағында кешенді жұмыстар жүзеге асырылды.

Тарқатып айтсақ, аспан астындағы жазғы театр ауыл мәдениетінің ажарын ашып, балаларға арнайы салынған бассейн пайдалануға берілді. Қолында күмбірлеген қазақтың қасиетті қара домбырасы бар һәм малдас құрған күйінде ойға шомған Мұхит бабамыздың «бейнесі» тұғырына қонды.



ұстаздары, олардың кәсіби шеберліктерін сондай сүйіспеншілікпен еске түсіреді.

«Жарты құртты жарып жеп, бүтін құртты бөліп жеген» топтастары туралы толғаныстары тіпті керемет. Өзінің басынан өткізген қызығы мен қиындығы мол студенттік шақтарын қазіргі шәкірттерінің өмірімен байланыстыра саралауы да ерекше әсерлі.

Әсіресе, бұл жазбаның М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті тарих факультетінің болашақ талапкерлері мен студенттері үшін әрі қызықты, әрі тартымды және оларға кәсіптік бағдар беруде таптырмас туынды екенін ерекше сеніммен айта аламын.

**Н.Х.Серғалиев,
М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университеті
Басқарма төрағасы - ректор,
профессор, Әл-Фараби атындағы
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты**

ОРАЛДЫҢ БІЛІМ ОРДАСЫ

Сөзін жазған: Ғайса-Ғали Сейтақ

Әнін жазған: Қуандық Мәдір

Атады күнде таң күліп,
Жетелер шыңға жол басы.
Оранған гүлге мәңгілік
Оралдың білім ордасы.

Қайырмасы:

Бақ бердің қанша түлекке,
Жайнайды жастық күндерім.
Тұрасың мәңгі жүректе,
Университетім менің!
Университетім менің!

Ашылар арман есігі,
Өшпейді атақ-атың бұл.
Биікте тұрар есімі
Махамбеттейін ақынның!

Қайырмасы:

Татулық, бірлік жарасқан,
Өзің деп туар өлең де.
Теректей көкпен таласқан,
Тамырың сенің тереңде!
Тамырың сенің тереңде!



Туған жер – алтын бесік

1991 жылы біздер – екі класта бірге оқыған 60-тың үстіндегі бозбала мен бойжеткен Қаратөбе ауданының Б.Қаратаев атындағы Саралжын орта мектебін бірге тәмамдаған едік.

Бұл тәуелсіздігіміз әлі ресми түрде жарияланбаған, егемендіктің елең-алаң шағы еді. Соған қарамастан, өшкеніміз жанып, кеткеніміз келіп, халқымыздың толық дербестікке деген үміт оты қайта ояна бастаған өлара кезең болатын.

Нақ сол жылы алақандай ауылымызда үш жүзге ән оздырған сал **Мұхит Мерәліұлының (1841-1918)** 150 жылдық мерейтойы республикалық деңгейде дүркірей өтіп, еліміздің түкпір-түкпірінен небір мәртебелі қонақтар сар далада жатқан Саралжынға ағылған-ды.

құрылған педагогикалық жоғары оқу орны – Орал педагогикалық институты еді.

Иә, биыл **М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің** өз шәкірттеріне есігін айқара ашқанына 90 жыл толғалы отыр. Күллі республикамызға мәшһүр, осы бір айтулы ЖОО-ның соңғы 30 жылы менің жеке өміріммен тікелей байланысты. Олай болса бәрін басынан бастайын.



Ұстаздар қанша үлгі алар,
Жазылған алтын әріппен.
Алдыңнан өткен тұлғалар
Өзінді дәйім дәріптер.

Қайырмасы:

Қастерлеп ұстар мұраны ел,
Жадынан анық кетпесі.
Жарқырап жайнап тұра бер,
Ғажайып білім Меккесі!
Ғажайып білім Меккесі!





Жаңабек Жақсығалиев
1 курс студенті

Сөз басы

Тынымсыз күрестен тұратын тіршіліктің қадірін тереңнен түсінген бабаларымыз бағзы замандарда ақ «білекті бірді жығар, білімді мыңды жығар», - деп түгел сөздің түбірін тобықтай түйген.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті – тек облыстық немесе аймақтық білім беру жүйесінде ғана емес, республикалық аренада өзіндік озық дәстүрлерін қалыптастырған, қоғамға жоғары білімді мамандар даярлауда 90 жылдық бай тарихы мен айшықты қолтаңбасы бар өңірдегі бірегей білім ордасы һәм ірі ғылыми-оқу орталығы.

Қазақ халқының басынан өткен талай тарихи әм тағдыршешті оқиғаларға куә болған Ақжайық топырағы – Қазақ мемлекеттілігінің бастау бұлағында тұрған шежірелі өлке, Еуропа мен Азияның кіндігінде орналасқан киелі мекен.

Тарих тұңғиығына бойласақ, еліміздің Батыс аймағы бағзыдан ілім-білімге кенде болмаған өңір. Патша заманының өзінде Бөкей даласында алғашқы қазақ-орыс дүнияуи мектебінің қазақ балаларына есігін айқара ашуы – өлкедегі білім нәрінің тамыры тереңнен бастау алатынын аңғартады.

Еліміз бойынша алғашқы жоғары оқу орны – Қазақ педагогикалық институты – 1928 жылы Алматыда ашылса, содан кейін көп ұзамай байтақ республикамыз бойынша екінші боп

Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар

Сол кездегі талап бойынша әдетте, әрбір емтихан алдында талапкерлерге институттың профессор-оқытушылары дайындық сабақтарын жүргізетін.

Сондай кезекті әзірлік-кеңесте аудиторияға жүріс-тұрысы ширақ, киім киісі жинақы, қою қара мұрты әдемі өңіне ажар беріп тұрған жас жігіт біздерге бағыт-бағдар беріп, дәріс оқыды.

Бұ кісі бүгінде өңірімізге белгілі ұстаз-ғалым **Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев** еді. Қазір ойлап отырсам бұл уақыт – ағамыздың әлі «орда бұзар отызға да» тола қоймаған, шиыршық атып тұрған нағыз дер шағы екен.

Осыдан кейін-ақ үшінші емтиханымыз «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен шығарма жазуға жайғастық. Мен «Шоқан Уәлиханов – ғалым, саяхатшы» деген тақырыпты таңдадым.

Кейін жұмысымның нәтижесіне «3» деген баға қойылғанын білдім. Түсінген жанға сол сәтте оның өзі орасан зор жетістік еді.

Ол кезде құлаған талапкерлердің тізімі институттың алдына келесі күні ілінетін. «Қара тізімге» («балмұздақтардың» тілінде «құлағандар» осылай



дың ұядай саяжайлары ауылдан келген тұрмысы төмен өзіміздің «қаракөз» отбасылардың мекен-тұрақтарына айналып, бертін келе сол «дачалардың» бұрынғы мәнінен айрылғаны өз алдына, аздаған уақыт ішінде олардың тоз-тозы шықты.

Бұл жағдай тек біздің облысымызға емес, еліміздің көптеген өңірлеріне тән. Неге бұлай? Мұның бәрі – урбанизация мәселесінде мемлекеттің сәтті саясат жүргізе алмауы-



ның салдары-тұғын. Қалаға Подстепное жағындағы көпірмен кіріп келе жатқанда жасыл желекке оранған, жайнаған әсем қала – Оралдың табиғатын сөзбен айтып жеткізу қиын.

Ол кезде сүйікті шаһарымызда қазіргідей жаз айларында ара-тұра шаң көтерілмейтін-ді. Жан-жағынан үш өзен торлап жатқан, еліміз бойынша экологиялық жағынан ең таза қала – Орал, сөз жоқ, қашан да ақжайықтықтардың мақтанышы.

Алғашқы әсер

Сол сапарда қаланың орталығында тұратын, маған нағашыларым жағынан жақын болып есептелетін жамағайынның үйіне түстім. Теректі ауданының Жамбыл ауылында бригадир боп еңбек еткен нағашы атам Тұрсын Сақтағанов уақытында жетім-жесір мен жоқ-жітікке қарасып, өмір жолында өзіне кездескен талай көмекке мұқтаж жандарға қолынан келген бар қамқорлығын аямапты.

Көзкөргендердің айтуынша жан-дүниесі мейірімге толы, пейілі кең нағашым керек болса көптеген кісілерді үйіне дейін паналатып, айналасына шуағын шашқан, бір кісідей қайырымдылықтың үлгісін көрсеткен отағасы болыпты.

Мен түскен үйдің иесі – нағашы атамның шапағатын көрген сондай жандардың бірі боп шықты. Олар қаланың орталығындағы Плясункова көшесіндегі (қазіргі Мәжит Жүнісов) №105 үйдің 5-ші қабатында ұядай үш бөлмеде төрт жан тұрады екен.

Бастапқыда қаланың өмірі мен тұрмысына бірден бейімделіп, оған ілезде көндігіп кету сайын далада еркін өскен қыр баласына әсте оңай емес. Ондай сезім осы жағдай басынан өткен әрбір қазақ баласына тән. Сондықтан бұ мәселені көп шиырламай-ақ қояйын.


Көбіне су жоғарыға көтерілмей қалатындықтан, көшенің қарсы бетіндегі су колонкасынан 5-ші

Кейін группаласым, жалпақталдық **Мұхит Ермағамбетовтың** сондай қалың жазба дәптерін көріп, тек жалғыз мен емес, со кездегі талапкерлердің ЖОО-ға түсуге осылай бар күшжігерін сарп етіп, тыңғылықты әзірленетінін байқадым.

Тақырыпты аша түсу үшін негізгі әңгімеден ауытқып, сәл қиыс кетіп жатқан жайымыз бар. Сонымен екінші емтиханнан да сүрінбей өтіп, «4» деген бағаны қанжығамызға байладық.

Жадымда жатталғаны I дүние жүзілік соғыстың нүктесін қойған «Брест бітіміне» қатысты сұрақ. Әлі күнге дейін ұмытпауыма қарағанда шамасы осы тақырыпты басқа сұрақтармен салыстырғанда терең білген болуым керек.

Емтихан қабылдаған ұстаздарымыз **Хамида Қожабергенова** апайымыз бен Ғаділше Айталиев ағайымыз болды. Сөйтіп алдыңғы екі пәннен 8 балл жинап, кішкене жүрегіміз орнына түсіп, өз-өзімізге келе бастадық.



суреттерді қайшымен қиып алып, керегімізге пайдаланатынбыз. Мысалы, тақырып-тақырып бойынша Ресей тарихындағы ірі шайқастарға (Нева, Куликово, Полтава, Бородино, т.б.) байланысты, Патшаға қарсы шыққан шаруалар көтерілісіне арналған (И.Болотников, С.Разин, К.Булавин, Е.Пугачев), орыстың ұлы қолбасшылары (А.Невский, Д.Донской, А.Суворов, М.Кутузов) туралы бір бөлек, орыс мәдениетіне қатысты тараулардағы сәулеттік ескерткіштердің әрқайсысын жеке-жеке топтайтынбыз.

Қазір ойлап отырсам, сол замандағы советтік идеологияның пәрмені мен күштілігі сондай, тіпті төтен болған екен. Қандай шайқас не соғыс болмасын, соның ішінде Ұлы Отан соғысы да бар, орыс не кеңес әскерлерінің сөзсіз жеңіске жететіндігі туралы оқушылардың құлағына құятын. Оларды кәміл сендіріп, өздерінің жасампаз жеңістері арқылы не нәрсеге де иландыра алатын. Осылай жас ұрпақтың рухын асқақтатын.

Міне, осындай саналуан тақырыптарға байланысты суреттерді өзіміз қолдан жасаған фотоальбомдарға алдымен мұқият желімдейтінбіз. Сосын барып олардың астына сол көрнекілікке тікелей қатысты оқулықтардағы мәліметтерді қысқартып жазып, яки, өзіміз үшін оқуға дайындалу мен «миға тоқудың» жеңіл әдістерін іздейтінбіз.

қабатқа суды үй иесі екеуміз «ақ тер, көк тер» боп бірге таситынбыз. Әрқайсымыздың қолымызда екі шелек. Үлкен ваннаны «толтырғанша» тіліміз салақтап, кәдімгідей болдыратынбыз.

Бертін келе кеңес заманында қаладағы қазақтарға бес қабатты үйдің тек бірінші не бесінші қабаттарынан ғана пәтер берілгенін білдік. Бұл бодау дәуірде жергілікті титулды ұлтқа ашықтан-ашық жүргізілген әлеуметтік дискриминация болатын.

Кеңес мектебінің салтына орай оқушы кезімізде путевкамен Мәскеу-Ленинградтарға туристік сапармен барып, ара-тұра Оралға жолымыз түскені болмаса, жалпы алғанда біз үшін қала өмірі таңсық еді.

Соған қарамастан Орал – тарихи-сәулеттік ескерткіштерге бай һәм еуропалық үлгідегі қала екені бірден көзге ұрып тұрды.

Бірте-бірте қаламызға көзіміз үйреніп, шаһардағы көне архитектуралық ғимараттар бір-бірімен ерекше үндесіп, тамырын орта ғасырлардан тартатын тарихи қалаға айрықша көрік беріп, оны сұландырып тұратынын байқадық.

Әсіресе, біз бас тіреп келген А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының ғимараты – қала архитектурасындағы жауһарлардың бірі екені соқырға таяқ ұстатқандай көрініп тұрды.

Осы туындының авторы – мәскеулік сәулетші Рогальскийдің кәсіби шеберлігіне сүйсінбеске ама-

лың жоқ. Ғұмыр тарихы ғасырға жақындаса да әлі міні құрамаған ғимарат ғасырларды жалғайтынына еш күмәніміз жоқ.



Біздер оқуға келген жылы институттың қарсы алдында азамат соғысының батыры, жас қызыл әскер **Миша Гавриловтың (1903-1919)** бетоннан (цементпен араластырылған құм мен майда тастың қосындысы) құйылған тамаша ескерткіші тұрған-ды.

Тарихи шындық үшін айтуға тиістіміз, мұның бәрі ойдан шығарылған сол уақыттағы кеңестік фальсификацияның «жемісі» болатын. Алайда оның совет заманында жас ұрпақты тәрбиелеудегі идеологиялық маңызы орасан зор болғанын мойындауымыз керек.



Ал қайсар талант **Е.Бекмаханов** 1966 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты тарих факультетінің студенттеріне дәріс оқыған екен. Өкініштісі, со жылы алаштың айбоз ұлы небары 51 жасында бақиға озған еді.

Қысқасы, біздер орта мектептің жоғарғы сыныптарында сол заманның идеологиясына сай КСРО тарихы оқулықтары бойынша ЖОО-ға түсуге кәдімгідей бар зейінімізді салып, өзімізше «сұрапыл» дайындалатынбыз.

Кеңес заманында беттері сызылып, шимайланған, арасындағы кейбір парақтары жыртылып, әбден ескірген, мектеп оқушылары макулатураға тапсыратын оқулықтар жетіп артылатын.

Сондай жарамсыз кітаптардағы иллюстрациялық

Әлі Кеңестер Одағының біржолата ыдырап, толық күйремеген, ақырғы демінің күн өткен сайын таусылуға жақындап келе жатқан елең-алаң шағы еді.

Даңқты жерлесіміз Қадыр Мырза Әли:

*«Менің бабам қақтаған қыр аптабы,
Көшіп-қонып ұрпағы тұрақтады,
Біздің тарих – бұл да бір қалың тарих,
Оқулығы жұп-жұқа бірақ тағы», -*

деп жырлағандай, біздің оқушы кезімізде пышақтың қырындай ғана болған жұп-жұқа, елеусіздеу Қазақ ССР тарихы оқулығы тек қосымша сабақ түрінде оқытылды.



Оның авторы – қазақтың тарихшы қызы **Наиля Бекмаханова**. Ол – әкесі, дарынды ғалым Ермұхан Бекмахановтан қалған ғылыми-әдістемелік мұраны заман талабына сай жетілдіріп, өңдеп шығарды. Мәскеуде тұратын әйгілі тарихшы апамызбен кейінгі жылдары Орал қаласында кездескеніміз – өз алдына бөлек әңгіме.

Осы жерде назар аударарлық маңызды бір тарихи дерек бар. Ұлы Отан соғысы қарсаңында БҚО Жалпақтал топырағында **Ғұбайдолла Әнесов** бастаған он төрт жігіттің «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» атты антикеңестік мақсатта ұйым құрғаны бүгінде батысқазақстандық жұртшылыққа жақсы таныс.



Солардың бірнешеуі Орал педагогикалық институтының физика-математика және тарих факультетінің студенттері еді. Олардың қазіргі **универдің бас ғимаратының қасбетіндегі жатақханада** (ол кездегі атауы Совет көшесі, 125) тұр-



ғандығын Ұлттық қауіпсіздік комитеті Батыс Қазақстан облыстық басқармасы архивінде (ҰҚК БҚОБА) сақталған құнды құжаттар дәлелдейді.

Осы орайда азаттық жолында шыбын жанын пиде еткен өрімдей жас, А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетінің студенті Ғ.Әнесовті (1923-1943) қазіргі қоғамда кеңірек дәріптеп, оны өскелең ұрпаққа үздіксіз насихаттау – кезек күттірмейтін маңызды міндеттердің бірі.

Бар болғаны он тоғыз жасында оққа байланған оғланның ескерткіші болашақта өзі оқыған Орал педагогикалық институтының маңдайында жарқырап тұрса қандай жарасымды болар еді?!

«Балмұздақ-1991»

Иә, оқырманнан кешірім сұраймыз. Ойды ой қуалап, сәл алға озып кетіп жатқан жайымыз бар. Осы заманнан сол 1991 жылға кері шегінейік. Әкем, Жаңабай Жақсығалиұлы, өз балаларының орта мектептегі оқу үлгерімі мен тәрбиесін қатаң қадағалап, кейін қыздары мен ұлдарының жоғарғы білім алуына ерекше мән берген талапшыл, көреген, парасатты жан еді.

Осы орайда данышпан Хакім Абайдың: «Құдайдан – қорық, пендеден – ұял: балаң бала болсын десең оқыт, мал аяма!» дегені ойға оралады. Әр перзентін

оқу орнына түсуге мемлекеттен арнайы жолдама беріліп, оларға айтарлықтай жеңілдік жасалатын.

Алайда бұл азаматтан кейін көз жазып қалдым, шамасы оқуға түсе алмаған сияқты. Өйткені ол кезде құжат тапсырған талапкерлер саны ерекше көп-тін.

Әйгілі австриялық психолог Зигмунд Фрейдтің: «Ақылды адам өзі туралы ешқашан, ешнәрсе айтпауы тиіс. Өйткені ондай сәтте ол өзін мақтайды не даттайды. Ал оның екеуі де оған ешқандай абырой әкелмейді» деп жазғаны бар.

Данышпанның қанатты сөзінің дәлме-дәл аудармасы нақ осылай болмағанымен, жалпы мазмұны осыған ұқсас. Ал атам қазақтың «Мақтанғаннан – сақтан» деген нақылы осы оймен орайласып жатыр.

Алыстан орағытып отыруымыздың себебі сол, өзіңнің жеке басыңнан өткен беллетристика жанрында естелік жазудың қиындығы мен өзіндік ерекшелігі бар.

Өйткені мұндай жағдайда көбіне-көп жоғарыда келтірілген ұлы психологтардың пайымдары мен ғасырлық тәжірибеден алынған даналық сөздердегі этикалық (әдеп) нормалар сақтала бермеуі мүмкін.

Осыған орай оқырманнан алдын ала ғафу өтінгенді жөн санадық.

Біздің тапсырған екінші емтиханымыз тағы да КСРО тарихы (Кеңес кезеңі) болатын. Бұл кезде Қазақ тарихы туралы ешкім аузына да алмайтын.

Бақ шаба ма, бап шаба ма?

Болашақ тарихшы «балмұздақтар» алдымен КСРО тарихынан (Ежелгі дүниеден Қазан төңкерісіне дейін) емтихан тапсырдық. Бастапқыда талапкерлер қарақұрым болды. Сондықтан біздерді бірнеше топқа бөлді. Нақты саны есімде сақталмапты.



Біздің топтан емтихан алған мұғалімдер Қалима Абдрахманова және **Еркін Ерғалиев** есімді аға-апаларымыз еді. Алғашқы сынақтан «4» деген бағаны иеленіп, шаттанып шыққаным қазіргідей есімде. Емтиханда маған келген екі сұрақтың бірі «XIX ғасырдағы Сібір мен Қиыр Шығыс. «Айгун-

Пекин» келісім шарттары» болатын.

Экзаменнен шыққаннан кейін бізбен бірге сынақ тапсырған, Ауғанстаннан әскерден жақында ғана оралғаны үстіндегі алабажақ афганкасы мен омырауындағы толған медальдан көрініп тұрған, сымдай тартылған сақа жігіттің маған бұрылып келіп, «інім, сұрақтарыңа жақсы жауап бердің, молодец», - деп арқамнан қаққаны күні бүгінге дейін ұмытыла қойған жоқ.

Ол тұста «интернационалистер» деген құрметке ие болған Ауғанда болған сарбаздарға жоғары


табиғатынан қай пәнге бейім, соған қарай бағыттады: «болашақ жейтін нандарың, қай мамандыққа икемдісің, соған өз ықтиярларыңмен барыңдар, сүйреп қосқан тазы түлкі алмайды» деп отыратын.

Ауылдан «тарихшы» болуға талаптанып келгеніммен, бұ мамандыққа түсудің қиын екені, со замандағы советтік номенклатураға дайындайтын бірден-бір мамандық осы болғасын, оған негізінен әкім-қара мен үлкен дөкейлердің болашақта бастық болуға дайындайтын «дүрлері» жиі келетіні құлаққа тиді.

Бұ факультетке құжат тапсырушылардың саны қай уақытта да көп болатыны, қай кезде де конкурстың оңай болмайтынын естіп-біліп, кішкене тосылып, ойланып қалғанымды жасыра алмаймын.

Соған қарамастан институтта болып жатқан емтихан алдындағы дайындық курсына жазылып, әзірлік сабақтарына білек сыбана кірісіп кеттік.

Қазақ тілі пәнінен со жылғы «балмұздақтарға» дәріс жүргізген С.К.Отарова апамыздың қатаң



дауыссыз дыбыстарды «т», «с», «ш», т.с.с. қайта-қайта ежіктеп һәм тістеніп тұрып айтып, жеп түсіндіргені әлі көз алдымда.

Сұлушаш Қарақызының сабағына жан-тәнімен берілгені сондай, дәріс бергенде ерекше бір образға еніп кенетін. Өзімен бірге

аудиторияны да ғаламат көңіл-күйге бөлейтін мықты методист еді.

Бір қызығы со кездегі талап бойынша тарфак пен қазфилфакқа тапсыратын емтихан пәндері өте ұқсасты. Мәселен, сол жылы тарих факультетіне құжат тапсырушылар төмендегі төрт пәннен білімдерін сынайтын болды.

Олар: КСРО тарихы (Ежелгі дүниеден Қазан төңкерісіне дейін) – ауызша, КСРО тарихы (Кеңес кезеңі) – ауызша, Қазақ әдебиеті – шығарма жазу, Қазақ тілі мен әдебиеті – ауызша. Ал өзімнің оқушы кезімнен нақ осы пәндерге табиғатым жақын болатын.

Орта мектепте бізге тарих пәнінінен сабақ берген сүйікті ұстазым **Валя Ғаббасова** мен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, білікті педагог **Әндіжан Хасанғалиев** мектеп бітірер кезде өздерінің менен үлкен үміт күтетінін айтқан еді.

Қай мамандыққа барарымды білмей, осылай екі ойлы болып дағдарып жүрген күндерімнің бірінде дайындық курсына бізге тарих пәнінен дәріс оқып жүрген жап-жас әрі сұлу апайымыз



Гүлнар Арипова тосыннан: «Жақсығалиев, абзалы сенің қазақ филологиясына емес, еш тайсақтамай тарих факультетіне барғаның дұрыс», - деп өз пікірін бұлтақтатпай тіке айтқаны бар.

Аз ғана уақыт сабақ берген ұстазымыз Гүлнар Рауанқызы осылай, менің болашақ мамандығым мен тағдырыма қатысты өзіндік көзқарасын күллі курстың көзінше қадап тұрып айтып, мәселенің мәнін ашып, түйінін шешіп берді.

Мен үшін осы бір әсерлі естелікті со жылы бірге талапкер болған әріптесім, кейінгі жылдары жақсы жора-жолдас болып кеткен Казталовка топырағына сыйлы азамат, бүгінде Қараоба гимназиясының директоры Нұрлығали Дүйсеков әлі күнге дейін жүздесулерде сәл жымиып қойып, еске түсіріп отырады.

Меніңше, жас тарихшы оқытушының мұндай ұйғарымға келуіне сабағына үнемі белсенді қатынасып, талапкерлерге қойған сұрақтарына шамашарқымша ыждағатты жауап беріп отыратыным ұнаса керек. Осыдан кейін көп ойланбастан бір Аллаға сыйынып, құжаттарымды тарих факультетіне тапсырған едім.



(мола) шығатын.

Алдымен обаны қазатынбыз. Содан кейін ұстазымыз бір молаға екі жігіт пен бір қыздан бөлетін еді. Ер балалар алдымен жердің бетіндегі топырақ шөгінділерін, сосын моланың «өлі» топырағын қазса, қыздар щеткамен адамның қаңқа сүйектері мен археологиялық жәдігерлерге жабысқан топырақтарды мұқият тазалайтын.

Есімізде сақталған қызықты нәрселердің бірі – адамның қабірінің топырағы ешқашан материкпен (жердің табиғи бөлігі) бірігіп, тұтасып кетпейтіндігі. Сол «өлі» күйінде, яғни, борпылдақ қалпында мыңдаған жылдар бойы жататыны және материктің түсінен мүлде бөлек, қара-күлгін түстес болатыны.

айтылатын) ілікпеген талапкерлер қуаныштан ерекше шаттанып, жүздері балбұл жайнайтын.



Менің жазбамды тексерген со уақытта есімі елге кеңінен танымал ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор **Мәтжан Тілеужанов** ағамыз екен.

О заманда ғылым докторы болу дегеннің өзі бір қап арпа ішіндегі бір бидай секілді өте сирек кездесетін, халқының айрықша сый-құрметіне бөленген ғазиз жандарды көз алдыға әкелетін ерекше құбылыс-ты.

Саналы ғұмырын ғылымға арнаған атақты оқымыстының сүзгісінен сүрініп кетпей, оның пәнінен «3» алудың өзі әрі зор абырой, әрі үлкен олжа болатын.

Сол кезде абитуриенттер тапсыратын әр емтиханның арасына шамамен бір аптадай уақыт «түсетін». Осылай үш жұманы артқа тастаған біз ең соңғы мәреге де жақындадық. Енді тек «Қазақ тілі мен әдебиетінен» ауызша емтихан тапсыру ғана қалды. Алдымыздан соңғы сынақ күтіп тұрды?!

Мына нәрсе әлі көз алдымда. Нақ со күні зеңгір көк аспан түнеріп, жаңбыр нөсерлеп, шелектеп құйып тұрған-ды. Бір кезде қара, қошқыл түсті бұлттар ілезде ыдырап, Күн жарқырап, шайдай ашылды.

Соңғы емтиханға тау құлатардай екпінмен ентелей жеткен талапкерлердің ентігі басылып қалған. Көпшілігіміздің алдымен ішке кіруге жүрексініп тұрғанымыз байқалды. Емтиханға басында кіргендері өздерін тегіс жолда тайып құлайтындай сезініп, кейін шегіншектеп, тартыншақтай берді.

Аузынан ана сүті кеуіп үлгермеген ауылдан келген біз сияқты «шүпірлеген шөжелердің» институттың бас ғимаратының есігінің алдынан қашқақтап, бір-бірімізге «алдымен сен кір, сосын мен кіремін» деп қорқасоқтап тұрғанымыз сырт қараған адамға ерсі көрінетін.

Әрине, алдыңғы үш емтиханнан су жорғадай төгіліп кеп, төртіншісінен омақасу кімге оңай дейсің?! Маған келген сұрақтар мыналар еді: «Құрмалас сөйлем», «Ғ.Мүсірепов шығармаларындағы аналар бейнесі», «Кітап білім бұлағы, білім өмір шырағы» деген сөзді фонетикалық талдау.

Шама-шарқым келгенше комиссия алдында



бөгелмей білгенім-ді айттым. Емтихан алған ағаларым өңіріміз бен елімізге танымал, мүйізі қарағайдай **Отар Әлі Бүркіт** пен **Алпысбай Мұсаев** болатын.

Ақиқатын айтсақ, советтік ғылымның «сардарлары» мен «сарбаздарының» сойы бөлек-ті. Осы лектің алдыңғы шебінде жүрген әйгілі археологтың ең соңғы сараманға апарған тобы біздер болыппыз.

Сол жылы археологиялық қазба жұмыстарын тәмамдап, студенттер әрқайсымыз өз ауылымызға каникулға кеткен едік. Көп ұзамай ұстазымыздың өмірден озғаны туралы «Орал өңірі» газетінен қазанама оқыдық.

Қазір ойлап отырсам, сол кезде жасы егде тартқан, дәлірек айтқанда, алпыстың жетеуіне келген елге сыйлы ақсақалдың шілденің шыжыған ыстығына қарамастан жалындаған жастармен бірге қимылдап, өмірінің соңғы сәттеріне дейін қолынан күрегін түсірмеген нендей құдірет?!

Не деген жанкештілік?! Өзінің сүйген мамандығына деген іңкәрлік пен құштарлықтың бұдан артық озық үлгісін табу мүмкін бе?! Бірде біздерге: «Менің басыма соғыста оқ тиген, жарақат алған «жарты» баспен осындай дәрежеге жеттім, сендердің бүтін баспен жүрістеріңіз мынау», - деп әзіл-шынын араластыра айтқаны бар.

Подстепное ауылына жақын маңдағы «Кресты» қорымы, қазіргі «Турбаза» мен «Дарьинск» жақтағы қорғандарға қазба жұмыстарын жүргіздік.

Топ жетекшісі Ғаяз ағамыз обаның алдымен диаметрін анықтап, сосын барып оның биіктігін шығаратын. Бір обаның астынан бірнеше шұңқыр

көрсеткішке шаққанда Орал қаласында орыстардың саны едәуір көп, керісінше мемлекет құраушы байырғы ұлттың үлес салмағы өте аз болатын.

Айталық, нақ сол тұста ен шаһарда тек екі қазақ мектебі (С.Сейфуллин атындағы №11 орта мектеп пен М.Өтемісов атындағы сауықтыру мектебі) болғанынан-ақ көп мән-жайды аңғара беруге болады.

Ғасырлар бойы езіліп, жаншылып келген жергілікті қазақ халқының рухы со күндері қайтадан дүр сілкініп, ортағасырлық Теке шаһарының көгінде қалықтап тұрғандай әсер етті.

Археологиялық сараман



1 курстан кейін «Археология» пәнінен сараманнан өту, нақтырақ айтсақ, қазба жұмыстарында болу – тарих факультетінің кез келген студенті үшін өміріндегі қызықты күндердің бірі.

Біздің топтың жетекшісі А.С.Пушкин атындағы ОПИ-дың профессоры, т.ғ.к., өңір археологиясына орасан зор еңбек сіңірген, өте еңбекқор, нағыз ғалым **Ғаяз Абдулвалиұлы Кушаев** болды.

Емтиханда келген сұрақтарға өзімше «тереңнен толғанып», жастық желікпен сол сәтте біраз көсілгендей боп көрінгеніммен, тіл майталмандары менің білімімнің нәтижесіне «соқыр үштікті» лайық көріпті.

Әрине, ешкімге ренжіп, біреуге өкпе артқым кеп отырған жоқ. Бала мен дананың білім көкжиегі, парасат һәм пайымы ешқашан бірдей емес. Кейін өзіміз де талай «мықтыға» Қазақстан тарихы пәнінен мемлекеттік емтиханда «3» қойғанымыз бар.

Бағасын кеміткеннен емес, тақырыпты аша алмағаны үшін. Бұл жолы шындығына келгенде мен үшін «үштің өзі – күш» болып, ең бастысы – оқуға түсуге жол ашылып, енді тек конкурс қана қалған еді.

Көп ұзамай конкурсымыздан аман-есен өтіп, облысымыз бен еліміздің түкпір-түкпірінен арман қанатында келген 19 талапкер республикамыздағы байырғы ЖОО-ның бірі, ел ішіндегі абырой-беделі өте зор А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының табалдырығын имене аттап, студент атандық.



Тобымызға негізінен алғанда өңкей со жылы бітірген «школьниктер» жиналыппыз. Әрине, арамызда өндірістен келген ұлқыздар да бар. Айталық, біздің топта әскер қатарында болған, біздерден жастары анағұрлым үлкен **Қайнар Құспанов** пен

Біржан Құспанов есімді екі кексе азамат бар екенін білдік.

Фамилиялары бірдей болғанымен бір-біріне туыстық жақындығы жоқ, екеуі екі ауданнан, біріншісі Тайпақтың Базаршоланы, екіншісі, Қаратөбенің Қоскөлінен екен. Жас жағынан келгенде топтағы ең



кішісі Жәнібек ауданының Күйгенкөлінен келген **Жандос Меңдіғалиев** екеуіміз едік.

Екеуіміз де мектепке қатарларымыздан бір жыл бұрын барып, құрдастарымыздан ерте бітірген түлектер болып шықтық. Жәкең құрдасымның гитара шертіп, аздап ән айтатын өнері бар еді.

Көлемі «өзімен бірдей» музыкалық аспабын қолынан еш тастамайтын. Туған жерге деген сағынышы болар, кей кезде «Күйгенкөл – туған жерім» деп «ыңылдап» отыратын.

Жұрт айтқандай, истфакқа түсушілер өңкей бай-бағланның ерке-шоралары емес, әлеуметтік жағынан құралпы, ортаңқол отбасынан шыққан, ашып айтқанда ауыл шаруашылығы мамандары



қимылы жергілікті ұлттың ашық наразылығын туғызып, бұл оқиға тарихқа «қыркүйек оқиғалары» ретінде енді.

Бұл жөнінде кезінде Білім және ғылым министрлігі бекіткен мектеп оқулығында: «...Орал казактары басшыларының 1991 жылы қыркүйектің 15-інде өздерінің патша мен Отанға қызмет етуінің 400 жылдығын мерекелеуге шешім қабылдауы түсініксіз болды. Олар қаланың орталық алаңында керме ұран көтеріп, митингілер ұйымдастырды. Кез-келген қоғамдық ұйымдардың абайсыз іс-әрекеті қасіретке айналуы мүмкін екендігіне Оралдағы оқиғалар тағы көз жеткізді» (Нұрпейісов К. т.б. «Қазақстан тарихы», 11 сынып. А., 1997), - делінген.

Үлкен жанжалға айнала жаздаған саяси мәні зор бұл оқиға Отан тарихынан лайықты бағасын алатынына күмәніміз жоқ. Сол кезде пайыздық

тосқауыл қою. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген, әсіресе «азаттықтар» бастаған жалынды топ Орал қаласының орталығында саяси қарсылық акциясын бастап кетті. Оған жергілікті саяси белсенділер қосылды.

Қаламыздағы сол кездегі екі ірі жоғары оқу орны А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты мен ауыл шаруашылығы институтының (мұнда негізінен ер жігіттер оқитыны белгілі) және училищелердің студенттері, жергілікті қаракөздер мен жұмысшы жастар қосылып, қазіргі Абай алаңының алдын халық кернеп кетті.

Әңгіменің түйіні, К.Е.Ворошилов атындағы «Зенит» машина жасау зауытының мәдениет сарайында тойларын енді бастап жатқан Ресейдің бұрыш-бұрышынан келген казактар жан-жаққа тым-тырақай қашуға мәжбүр болды.

Сайып келгенде Жайық казактарының жүгенсіз



мен мұғалімдердің, қарапайым еңбек адамдарының, т.б. жанұясында өскен «сары үрпек балапандар» екені көрініп тұрды.

Бірте-бірте бір-бірімізге үйірсектеп, жақын таныса бастадық. Бір облыс бола тұра, Жайық өзенінің қос қапталын жағалай жатқан елдің тілінде аз-маз диалектілік ерекшеліктер бар екенін білдік. Тіл мамандарының арасында мұны диалект емес, «говор» дейтіндері бар.

Біріміз «іңкәл» десек, екіншіміз оны түсінбей, «еттің нанын» айтып тұрсың ба?», - деп қарсы сұрақ қойды. Ал біздегі «талқанды» бұрынғы Бөкейліктен келген (Бөкей Орда, Жәнібек, Жаңақала, Казталовка, Жалпақтал аудандары) студенттер «құмық» десе, «көп» деген сөзді оларда «әскер» т.б. деп айтатындарына таңғалатын едік.

Уақыт өте келе біздегі «қуыс күректі» оларда «сәуек (совок) күрек» дейтіні, ал біздің шылапшынды «ләгән», су етікті «боти» деп айтқанымызға олардың ішек-сілесі қататын.

Алғашқыда мұның бәрі біздерге шыныменен қызық



көрінетін. Қызылордалық қыздарымыз **Маржан Сағынова** (Қазалы) мен **Гүлмира Жүгінісованың** (Сексеуіл) «өләәәә» дегеніне де бірте-бірте құлағымыз үйренді.

«Перваштар»

Осылай туған жерімізге жеңіспен қайтқан жауынгердей шат-шадыман, мәз-мейрам күйде оралып, ауылымызда екі аптадай аунап-қунап жатып, тамыз айында қайтадан практикадан өтуге өзіміздің институтымызға табан тіредік.

Сараманда бізге жүктелген негізгі жұмыс, со уақытта енді салынып бітіп жатқан Ленин даңғылы 148/1 үйде орналасқан, болашақ тарих және шет тілі факультетінің студенттеріне арналған, әлі пай-



астынан студенттердің ауыл шаруашылығы жұмыстарына бару керектігі айтылып, институттың алдында ұзын-ұзын шұбатылған гармошка автобустар тізіліп тұра қалды.

Мұны көргенде бірден ішіміз қылп ете түсті. Өйткені қалада бізге түсініксіздеу, саяси астары бар бір жиын болайын деп жатқаны соның алдында ғана құлағымызға тиген-ді.

Қызығушылығымыз оянды. Сельхозқаға қашып-пысып бармай қалған студенттер аз болған жоқ. Мақсат – «қызықтан құр қалмау». Бұл – сол кездегі 1 курсты енді бастап жатқан студенттің таным-түсінігі болатын.

Осылай дүбірге қосылдық. Ал шын мәнінде болайын деп жатқан жиын ешқандай «қызық» емес, орасан зор саяси-идеологиялық маңызы бар тарихи оқиға-тын. Қазіргі Абай ескерткіші тұрған орталық алаңға қисапсыз халық жиналды.

Қойылған талап – Жайық казактарының ақ патшаға қызмет етуінің 400 жылдығын мерекелеуге



нім сондай, «күн өткен сайын» шалбарымның балақтары мен көйлегімнің жеңдері көз алдымда шолтиып, қысқара берді.

Қазақта мен сияқтыларды булығып өсті дейді. Мен соған тірі мысалмын. Бұған біреу сенер, біреу сенбес. Бірақ шындық – осы. Мұны группаластарым мен замандастарым жақсы біледі.

«Оралдағы қыркүйек оқиғалары»

Сол 1 курсымыздың басталғанына небары екі апта өткеннен кейін 1991 жылы тарихқа «Оралдағы қыркүйек оқиғалары» ретінде енген дүбірлі жиынның куәсі болдық. Ауылдан келгеніне көп бола қоймаған желөкпелер үшін шыныменен мұндай оқиға тосын еді.

Сабақты енді бастап жатқан біздерге аяқ



далануға берілмеген Орал педагогикалық институтының жарқырап тұрған №7 жатақханасына қажетті, опилканың (үгінді) иісі мұрынды жаратын су жаңа жиһаздарын барлық бөлмелерге рет-ретімен орналастыру еді.

Анықтап айтқанда, біздің №7 жатақханаға жапсарлас орналасқан жаратылыстану-жағрафия факультетінің №6 жатақханасының жертелесінде қорабы әлі ашылмаған кереует, тумба, стол, отырғыш, киім ілетін шкафтарды өзіміздің жатақханаға тасып, оларды жырып-сызып, қиратып алмай, мұқият құрастыру керек-ті.



Біздер сол №7 жатақханаға уақытша орналасып, өзімізге міндеттелген жұмысты абыроймен атқарып шықтық. Өндірістік сарамандағы жетекшіміз кейін ұзақ жылдар №11 мектепте тарих пәнінен сабақ берген, өңірімізге белгілі ұстаз, облыстық және республикалық олимпиадаларда талай шәкірттері топ жарған **М.Қ.Мұхамбетқалиев** ағамыз болды.

Бұ кісі сыпайы, сырбаз, сыздыртып қана сөйлейтін мәдениетті жан ретінде есімізде қалды. Бұдан кейін біз Махамбет Қабдірахманұлымен институт қабырғасында кездескеніміз жоқ. Шамасы ағамыз педагогикалық институтта аздаған уақыт қана

жұмыс жасаған сияқты.

Практикамыздың мерзімі тәмамдалғасын қайтадан туған аулымызға бет түзеп, содан кейін көп ұзамай 1 қыркүйек – Білім күніне арналған салтанатты жиынға қатысып,



пединституттың табалдырығын алғаш аттаған өрімдей жастар жаңа оқу жылына кірістік.

Бұрын үйренбеген жаңа орта, бізге мүлде бейтаныс профессор-оқытушылар құрамы, оқу үрдісінің өзі мектептегіден басқаша, мәселен, сабақтың ұзақтығы орта мектептегідей 45 минут емес 90 минутқа созылатыны және оның дәріс пен семинарға бөлінетіні, т.б. жағдаяттармен біртіндеп таныса бастадық.

Тарих факультетінде қазақ бөлімінің ашылғанына тек екі-ақ жыл болғандықтан қазақ топтарына кейбір пәндерден дәріс оқитын қазақ тілді оқытушылардың жеткіліксіздігін білдік.

Сондықтан қайсыбір пәндерден дәрістердің бізге ішінара орысша, семинарлардың қазақша жүретіндігі, практикалық сабақтар үшін студенттердің міндетті түрде оқу залдарына барып, дербес әзірлену керектігі айтылды.

Осы ретте студенттерге тек институттың емес,

қаладағы басқа да кітапханаларға бару қажеттігі туындайтыны, әсіресе орталықтағы кітап қоры бай Надежда Крупская (қазіргі Жұбан Молдағалиев) кітапханасына жиі бас сұғу керектігі, т.с.с. нәрселер жете түсіндірілді.

Орта мектепті бітіріп, институтқа түскен жылы бойым өте аласа болды. Оның үстіне қылқандай едім. Қатарларыммен салыстырғанда тіпті кішкентай көрінетінмін.

Бойымды былай қойғанда, денемнің талдырмаш, нәзік болғанына қарап, мені танымайтын жандар студент екеніме алғашқыда күмәнмен қарайтын. Тіпті сене қоймайтын. Ілкіде оқу залындағы кітапханашы апайлардың «біз сені оқушы деп жүрсек, сен студент екенсің ғой» деп қатты таңғалғаны бар.



Кейін 2 курстың 1 семестрінде бойым сырықтай боп өсті. Бәрі кенеттен болды. Бейнелі тілмен айтсам, құдды қазақтың ертегілерінің басты кейіпкері – батырлардай «ай сайын емес, күн сайын өстім».

Әрине, бұл – гипербола. Денемде қырым ет жоқ. Сорайып өске-

көшу үрдісі жүріп жатты.

Бірде толық жұмыс күнін тәмамдап, ирелеңдеген ұзын автобусқа жайғасып болып, енді қалаға жүреміз деп жиналып жатқанда қабағы қату бригадир ызғарын шашып, студенттердің «сағаттап» дорбаларына жинаған «асыл дүниелерін» кері төгуге әмір етті.

Сосын біздің көзімізше жұдырықтай-жұдырықтай қызыл «картошкалар» бір ауыр жүк машинасына тиелді. Шамасы бір лауазымды тұлғаға «дені дұрыс» картоп керек болған сияқты. Бұл – сол кездегі біздің жасаған пайымымыз.

Ең қызығы сол – бір автобустан шыққан картоп, бір машинаның аузы-мұрнынан шықты. Әсерлеп айтсақ, көліктің артқы екі дөңгелегі жермен-жексен боп жатып қалды.



Мұны алғаш көргенде ерекше таңданған едік. Оған тік күректің еш қажеті болмай, тек қуыс күрекпен бос топырақты моладан сыртқа ататынбыз. Одан бөлек қазба жұмыстары барысында өртенген мүрделердің (кремация) тарихына да куә болдық.

Ата-бабамыздың отқа табыну дәстүрі, оның тамыры мен түп қайнары қайда жатқанына осылай бойлай бастадық. Сайып келгенде, археология пәнінің біз білмейтін қырлары мен сырлары көп екеніне көзіміз жете түсті.

Көрнекті археологтың үш өзен (Жайық, Шаған, Деркөл) сақиналай орап жатқан мал-жанға жайлы шұрайлы өңірде қала болмауы мүмкін емес деп, қазіргі «Жайық қалашығын» шарқ ұрып іздегені әлі есімізде.



Әрине, біздер сол тұста балалық-шалалықпен көп нәрсенің парқы мен байыбына барып, өз ісінің білгірі атанған майталман маманың қадірін білмеген де болармыз.

Ол кезде Орал қаласының іргетасы 1613 жылы қаланды



деген стереотип әбден орныққан-ды және қаланың кіре беріс жолдарында нақ осы жыл көрсеткіште жазулы тұратын.

Иә, тәжірибелі, кәнігі археолог-ғалымның ішкі түйсігі еш алдамаған-ды. Мұның бәрі ел тәуелсіздігімен бірге ақиқатқа айналды. Қазақ айтқан: «Жүгірген жетпейді, бұйырған кетпейді», - деген осы болар.



жылжи беретінбіз.

Сондағы мақсат – алқаптағы терімді шапшаң аяқтап, жұмысты тез бітіру. Соңымыздан ілескен «жекелер» картоптың түйірін қалдырмай теріп, біздің артымызды «тазалап» жүретін. Әрине, үкіметке емес, өздерінің қара бас пайдасына.



Атам қазақ «Өзім дегенде өгіз қара күшім бар» дегенді бекер айтпаса керек. Студенттер өздері алып барған сөмкелер мен рюкзактарға картоптың ең ірілері мен бұзылмаған жақсыларын іріктеп салып алатын. Мақсат – қысқы азықпен өзімізді-өзіміз қамтамасыз ету. Оған ол кезде ешкім тосқауыл қоймайтын.

Бір назар аударарлық нәрсе, тәуелсіздіктің таңсәрісінде кешегі кеңес дәуіріндегі молшылық дәуреннің инерциясы әлі байқалып тұратын. Олай деуге себеп, бұл жылдары мемлекет жекешелендіру үдерісін әлі толық аяқтап үлгермеген-ді.

Біз оқыған жылдары (1991-1995) елімізде жаппай жекешелендірудің бірінші (1991-1992) және екінші (1993-1996) кезеңдері, яки социалистік жоспарлы экономикадан, капиталистік нарықтық экономикаға

Сонымен Серебряководағы картоп алқабына қаладан автобуспен қатынап, жұмыс жасадық. Ұмытпасам, жиын-терімге тұрақты емес, ара-тұра барған сияқтымыз.

Картопты аңызақ жел соғып тұратын құла түзде отқа қақтап, күйдіріп жейтініміз есімде. Табиғат аясында тамақтанудың өзіндік ерекшелігі бар. Бір сөзбен айтқанда, оның дәмділігін сөзбен айтып жеткізу қиын.

Жұмыс біткесін кешкілік қалаға кері қайтатын едік. Ақиқатын айтсақ, көпшілік студенттер картопты шала-пұла жинайтын. Кейбіріміз көзді бақырайтып қойып, добалдай картоптарды топырақтың астына тығып үлгеріп, «космостық жылдамдықпен» алға



Барбастаудағы алма бағында

Кеңес заманының бір ерекшелігі студенттерді жаппай ауыл шаруашылығы жұмыстарына еріксіз «жегетін». Бір жағынан сол кездегі саясатқа орай студенттер үкіметке тегін жұмыс күші ретінде қызмет атқарса, екіншіден, бұл оларды нағыз еңбексүйгіштікке тәрбиелеу құралы болып саналатын.

Екінші курстың қыркүйегінде біздер А.С.Пушкин атындағы ОПИ-дың басқа да факультетінің студенттерімен бірге мұқым батысқазақстандықтарға белгілі, әйгілі **Барбастау алма бағында** өндірістік практикадан өттік.



Әр студентке 65 шелектен (30 жәшік) алма теру күндік норма болып есептелетін. Өмірімізде мұндай зор көлемдегі жеміс бағын көрмеген студенттер қауымы үшін экспортқа шығатын алманың небір түрлерін көру шын мәнінде ғажап дүние болатын.



Мәселен, бақта ерте пісетін «Июльский», «Московский», «Грушевка», «Белый налив» сұрыптары, орташа пісетін «Спартак», «Жигулевский», «Спартан» және қысқы алма түрлерінен «Антоновка», «Анис полосатый», «Анис московский» өсірілетін.

Бұлардан басқа «Семиленка», «Кутузов» сынды алма түрлері мен «Лесная красавица», «Северянка», «Талгарская красавица» сынды алмұрт сорттары да бар екен.

Кешегі Кеңес заманында Мәскеу, Воркута, Тюмень қалаларына Барбастаудың алмалары тасымалданып қоймай, Мәскеуде өтетін бүкілодақтық түрлі көрмелерде үздіктер қатарында көрініпті.

Иә, бастапқыда өзімізді «таңғажайып алмалар әлемінде» жүргендей сезінгеніміз рас. Бұрын білмеген, көрмеген нәрсенің қай-қайсы да адамға ерекше таңсық емес пе?!

Жастыққа тән есерсоқтықпен езілген шірік

болды. Ол тұста студенттер жаппай ауыл шаруашылығы жұмыстарына тартылатын. Олар совхоздар мен колхоздардың науқандық жұмыстарына белсенді араласатын. Сол дәстүр біздің студенттік жылдарымызға дейін жалғасты.

Бізді сол жылы «сельхоз работаға» ұстаздарымыз Сүлейменов Амантұрлы Аманқосұлы (қазақ тобы) мен Кисляков Владимир Васильевич (орыс тобы) апарған-ды.

Бітік өскен, шеті мен шегі көрінбейтін картоп алқабында студенттер қауымы «жыбырлаған жәндіктей» өріп жүретінбіз. Амантұрлы Аманқосұлы – маған орта және жоғарғы мектепте сабақ берген ұстазым. Кезінде өзіміздің институттың тарих факультетін үздік дипломға бітірген.

Туған жері – Саралжын ауылында еңбек жолын бастап, жастай ерекше қабілетімен көзге түсіп, орта мектепке директорлық қызметке тағайындалған. Оны абыроймен атқарып, кейін отбасымен қалаға көшкен-ді.

Бізге институтта Еуропа және Америка тарихынан дәріс оқыды. Талапшыл, өз ісіне мығым, әсіресе, оқу үдерісінің қағаздарына жетік еді. Сабағын терлеп-тепшіп, жан-тәнімен беріле түсіндіретін.

Тақырып қай мемлекет туралы болып жатса да (Англия, Бразилия, Аргентина, т.с.с.), үнемі лекциясының соңын, мысалы, «Мексика туралы қысқаша – осы» деп түйіндейтін.



Серебряковода картоп алқабында

2 курста біздерге оқу-жұмыс жоспары бойынша «Туристтік өлкетанудың әдістемесі» деген сабақ жүрді. Оқу жылының аяғында аталмыш пән бойынша арнайы сараманнан өттік.

Өмірімізде бұрын-соңды мініп көрмеген қайыққа отырып, оның ескектерін есіп, шулаған жастар өзенде жүзіп жүргенімізге мәре-сәре болатынбыз. Әсіресе, біз сияқты құмның арасында өскен шикіөкпелер үшін оның әсері ерекше-тін.

Ал 3 курстың басында, әдеттегідей жеміс-жидек пен көкөністер пісетін күз мезгілінде пединституттың басқа да факультетінің студенттерімен бірге біздің группа Серебряково ауылында картоп жинауда болдық.

Қазіргі заманмен салыстырғанда өндірістік қатынастарда кеңес кезеңінің көптеген ерекшеліктері

алмаларды бір-бірімізге тасадан лақтырып, оның кісінің бетіне «былш» еткенін қызық көріп, кімнің «көздеп атқанын» білдірмес үшін ілезде бақтың ішіндегі қалың шөптің арасына күмп ете түсетінбіз.

Арамызда небір сұрмергендер бар еді. Қазір ойлап отырсам соның бәрі тек жастыққа ғана жарасып тұратын, студенттік өмірдің қайта оралмас қызыққа толы сәттері екен.

Қазіргідей емес, сол кездегі алмалардың бұрқыраған жұпар иісі мұрынды жарып жіберетін немесе нақ сол уақыттағы қуырылған картоптың хош иісі де қазіргіден мүлде бөлек, дәмінің өзі ерекше тіл үйретін.

Студенттер арасында институт жатақханаларында қызу «бартер» жүретін. Алма, капуста, картоп, т.б. жеміс-жидектер мен көкөніс түрлері өзара айыр-басқа түсетін.

Әке - асқар тау

Құдайдың бергеніне шүкір! Студенттік жылдардағы тұрмыс-тіршілігім өзім қатарлас бозбалалармен салыстырғанда өте жайлы (комфорт) болды. Тәуба! Бағым бес елі екен. Жолым жалтырап, жарқырап жатты.

Олай деуіме себеп, менің алдымдағы туған екі апам сол кезде осы институтта оқып жатқан. Солардың қасына №3 жатақхананың №57 бөлмесіне



орын теуіп, «әзір асқа тік қасық» болдым.

Бауыр еті балаларын орналастыруға келген әкем «өзара тату-тәтті болып, бір-біріңе қарайласып, қамқор болып жүріңдер», - деп ақыл-ын айтты. Бізден де басқа бір бөлмеде тұратын бірлі-жарым ағайынды студенттер бар екенін кейін білдім.

Әкемнен алған тәрбием бойынша өзім де кейін отбасылық осы бір әдет-салтты бұзбай, өзімнен кейінгі екі інім мен екі қарындасымды қасымнан екі елі алыстатқаным жоқ. Ол кезде мен бөлек шаңырақ құрған едім.

Сол кездегі №3 жатақхананың №5 және №7 жатақхананың №515-516 бөлмелерінде бауырларым менімен бірге тұрды. Әрине, бәрі бір мезгілде емес. Үлкендері институтты бітіріп, кішілері одан кейін жоо-ға түсіп, олар бірін-бірі алмастырып жатты.

Өзімнің замандастарым сияқты менің де тоғыз жыл өмірім жатақханамен тығыз байланысты. Осылай төрт жыл студенттік, бес жыл мұғалімдік ғұмырым өзіміздің альма-матер – М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың қос жатақханасында өтті.

Соған қарамастан өндірістен қол үзбей жүріп Мәскеу, Ленинград, Алматы сияқты Кеңестер Одағының ірі қалаларында білімін жетілдірген. Аяқтай Өзбекстанға барып, асыл тұқымды тұсақтарды ата-жұрты Қарақамысқа әкелуге септігі тиген.

Мамандығы бойынша Қаратөбе ауданының Саралжын ауылында қаракөл терісін сұрыптауда біраз тәжірибелер жүргізіп, біршама нәтижелерге қол жеткізген.

Тағы бір тамаша қасиеті – өте қырағы еді. Совхоздың мыңдаған ірі қарасы мен он мыңдаған қойын жазбай танитындығын замандастары әлі күнге дейін аңыз қып айтады. Оған тұздыққа көптеген мысалдар келтіруге болады. Бірақ, ол басқа әңгіменің жүгі.

Үнемі біздерге «Киім – білім болмайды. Біріншіден, қарындарың ашпасын. Асқазандарыңды бұзып алмаңдар. Тиын-тебендеріңді тамақтан аямаңдар. Денсаулықты қайтарып ала алмайсыңдар. Екіншіден, болашақта жақсы маман болғыларың келсе, осы бастан тиянақты білім алыңдар, ізденіңдер. Ең бастысы – осылар. Қалғаны рет-ретімен өз орнына келеді. Бәріне үлгересіңдер. Ақша мен дүниенің қадірін өздерің еңбек еткенде түсінесіңдер» дейтін.

Міне, әкеміздің өмірлік ұстанымы осындай еді. Әрине, айта берсек әкеміз туралы әңгіме таусылмақ емес. Сондықтан тізгінді осы жерден тартқанды жөн көрдік. Жаныңыз жәнатта болсын!

айтып отыр-Ж.Ж.) қарапайым малшы болды. Қырда мал бақты. Оқушы кезімде интернатта жаттым. Каникул кездерінде «басшы-қосшылар» балаларын үйлеріне демалысқа алып кетеді. Біздер интернатта көбіне-көп малшы-шопанның балалары өзімізбен өзіміз қаламыз. Ол кезде әкеміздің бізді ойлап, уайымдайтын қалі болмайтын. Түтеген борандарда маң далада совхоздың малымен алысып жатады. Содан бала кезімнен қайткенде де «оқуым керек» деген мақсат санамда берік орнықты» деп отыратын.

Өз саласы бойынша өте сауатты һәм білгір маман болды. Сол заманның талабы бойынша орта және жоғарғы мектепте орыс тілінде білім алған. АЗВИ-ге түсіп, анама үйленгеннен кейін өзіміздің СХИ-ға ауысқан.

Диплом жұмысын жоғары деңгейде қорғап, деканат институтқа қалуға ұсыныс білдірген. Алайда әкешесінің жалғыз ұлы болғандықтан, бұл мүмкіндіктен бас тартуға мәжбүр болған.



Сонымен, әңгімемнің негізгі арнасына қайтадан оралайын. Менен төрт жас үлкен **апам Раушан** мектеп бітіргеннен кейін екі жыл қатарынан қазақ филологиясына түсе алмай, үшінші жылы барып оқуға тырнағын іліктірген-ді. Мектепте жақсы оқыды. Белсенді оқушы болды. Әсіресе көркем сөз оқығанда аудиторияны теңселтіп, тыңдарманын тебірентіп жіберетін.



Одан кейінгі **апам Шынаргүл** Федоровкада нағашыларымның қолында сәби кезінен тәрбиеленген-ді. Анам кіндіктен жалғыз болғасын болар, нағашы атам мен нағашы мамам екінші жиендерін бізге «ермек» болсын деп титтейінен бауырына басыпты.

Сол тетелес апам менен бір жыл бұрын сондағы орыс мектебін алтын медальмен тәмамдап, физматтың табалдырығын аттаған-ды. Кеңес үкіметі жылдарында орта мектепті алтын медальға бітірушілер ілуде біреу болатын.

Ол кезде бұл жайт қазіргі «алтын белгілер» жарысындай жаппай науқандық сипат алмағандығын. Медалистер санаулы еді. Сондықтан болар, олар қадірлі болды. Оны орта және аға буын өкілдері

жақсы біледі.

Әр мектептен шамамен он шақты жылда осындай үздік бір түлек түлеп ұшса, ол сол мектеп үшін ұлан-асыр той болатын. Мұны тек сөз орайында ғана айтып отырмын.



Осылай студенттер қатарына мен де қосылдым. Ол уақыт жалпы еліміз ауыр дағдарысты басынан өткізіп жатқан алмағайып кезең еді. Әке-шешеміз «үлде мен бұлдеге орап, ішпесті ішкізіп, киместі кигізді» десем күпірлік болар. Өйткені заманымыз қиын, елмен бірдей болдық. Ең бастысы – тамағымыз аш болған жоқ.

Сырт көзге әкем есебіне түгел, шаруасына мұқият кісі боп көрінгенімен, үй тұрмысы мен киім-кешек, т.б. нәрселерге көп мән бермейтін. Қарапайымдықты жаны сүйетін. Үстіне ілінген нәрсемен жүре беретін.

Бәлкім бұған мамандығы да әсер еткен шығар. Жұмыс бабына байланысты кабинетінде көп отырмайтын. Мал маманы болғасын қысы-жазы қырға шығатын. Малшы-шопандардың қыстағын жиі аралайтын. Көбіне «жау» киіммен жүретін. Бұ мәселеде «сұлуынан жылуы» деген қағиданы берік ұстанатын.

Оқуға түсетін жылы мені базарға аяқтай алып барды. Іші натуральный мех (табиғи жүн), сырты кеңес үкіметі кезіндегі совхоздың сар плащына ұқсас брезент (су өтпейтін қалың кенеп) мата сияқты материалмен тысталған қалың тон алып берді. Маған қарап «Іші жылы болады балам, осыны кисең тоңбайсың» деді.

Өзім бәлендей ұнатып тұрмасам да біз үшін әкенің айтқаны – заң. Болды. Бітті. Ештеңе талқыланбайды. Әкем сырт көзге ызғарлы, қатал, сұсты боп көрінетін.

Сондықтан болар бала кезімізден папамыздың қас-қабағына қарап, ығып тұратынбыз. Апамыз бен мамамыз (туған шешемізді апа, әжемізді мама деп өстік) бізді ес білгеннен кішкене қиқарлық жасасақ, «әкең айтам», «бәлем, қазір әкең келсін», «жұмыстан әкең келе жатыр», «әкең шаршап жүр, мазасын алмаңдар», «әкең демалсын», т.с.с. дәстүрлі қазақи тәрбиемен өсірді.

Шыныменен әкеміз үйге кіріп келгенде улап-шулап жатқан біздер тып-тыныш бола қалатынбыз. Шыбынның ұшқан ызыңы білінбейтін. Осындай нағыз консервативті отбасында тәрбиелендік.

Мен өскен орта байырғы патриархатты дала заңын бірінші орынға қоятын. Бірақ, әкеміз іштей өте мейірімді еді. Онысын көп сыртқа шығара бермейтін. Өзіне де, біздерге де талапты жоғары қойды.

Әңгімесінің арасында «Әкем (атам Жақсығалиды

Ұстазы талантты болса, шәкірті талапты болады

Сол жылдарда (1991-1995) бізге арнаулы және қосалқы пәндерден сабақ берген ұстаздарымыз – Бақтығұл Бірімжаров, Фаяз Кушаев, Айман Абилова, Сағидолла Елеуов, Нағым Қисметов, Хамида Қожабергенова, Мұрат Сдықов, Қалима Абдрахманова, Талғат Жұмағамбетов, Мұхаммед Исмагулов, Ғаділше Айтиалиев, Сайлау Сүлейменов, Амантұрлы Сүлейменов, Марат Сырлыбаев, Финаятолла Қарабалин, Сәния Сағынаева, Әсет Тасмағамбетов, Алтынай Журасова, Найла Мырзағалиева, Жанар Муталова, Райса Абдрахманова, Баян Шынтемірова, Әділгерей Шүйінішәлиев, Есенгелді Қасымов, Есенгелді Ниязов, Қадем Сәрсенов, Байжан Молдағалиев, Темірғали Қайырғалиев, Виктор Потлов, Қалмұрат Жәнібеков, Қамеш Исмагулов, Гүлнар Сүлейменова, Ғарифолла Каримов, Гүлвира Сүйербәева, Райса Ильясова, Айжан Есентаева, Роза Досқалиева, Мұқан Тұрғанбаев, Гүлжан Мұхтарова (зертханашы), Самат Құрманалин, Тұрар Шайхиев т.б. жалғаса береді.

Ол уақытта институтта сабақ қазіргідей 50 минут емес 90 минут болатын. Өз дәрістерінде осындай уақыт ішінде қағазға бір қарамай көсіліп, бауырын жазып ұзаққа шабатын қас тұлпардай арындайтын оқытушыларымыз болды.

Тарфак студенттерінің «Арай» құрылыс отряды

3 курсты бітіргеннен кейін тарих факультеті студенттерінің «Арай» құрылыс отряды (СҚО) – Жаңақала ауданының «Бірлік» (Мортық) ауылында саман тас соғып, «Батық» деп аталатын малшылар қыстағында баз (кашар) салған едік.

Мұны ұмыту әсте мүмкін емес. Біздің жігіттер «Долина смерти» деп атап кеткен қыстақта адам ішуге жарамды тұщы су жоқ болатын. Отряд мүшелері таңмен таласа тұрып, кесте бойынша қыстаққа шамамен 2-3 шақырым жердегі құдықтан алма-кезек битонмен су таситын.

Оқырманға бәрі түсінікті болу үшін сәл шегініс жасайық. Біздің отрядтың жетекшісі – ұстазымыз Сайлау Хамитұлы Сүлейменов еді. Барған бойда



сол кездегі ауылдың директоры Жанболат Семенов өзінің хан сарайындай үйінде біздерді қабылдап, қазақтың ата салты бойынша келген жасаққа арнайы қонақасын берді.

Кешкісін жергілікті мектептің интернатына орналасып, ұдай ауыл өмірімен біртіндеп таныса бастадық. Біз барған «Бірлік» асыл тұқымды мал зауыты деп аталатын ауыл – өңіріміздегі бұрын-соңды өзіміз көріп жүрген көптеген елді-мекендерден ерекше екен.

Е д і л б а й қойын өсіруден

республикаға танылып, атағы жер жарған шаруашылықтың сән-салтанаты бірден байқалды. Ауылға кіріп келе жатқан жол-



дың қос қапталындағы тоғыз коттедж сонадайдан көз тартып, ауылдың айбынын асырып тұр. Ол кезде мұндай зәулім үйлерге халықтың әлі көзі үйрене қоймаған шақ еді.

Ауылдағы мәдениет үйі, балабақша, мектеп, т.б. нысандардың бәрі типтік жобада. Көшелерге асфальт төселіп, тротуар салынып, жасыл желек егілген. Арықпен су ағып жатыр.

Мал тұратын қора-жайлар – ауылдың ішінде

ойыннан соң осы «сыйлықпен» ризалауы тиіс-ті. Со уақыттағы түсінік бойынша мұның еш ерсілігі жоқ, әдеттегі қалыпты нәрсе болып есептелетін.

Уақыт өте құндылықтар өзгерді. Ел тәуелсіздігімен бірге жаңаша ойлайтын жас толқын өсіп шықты. Қуанарлығы сол – олардың арақ-шараптан ауылы алыс. Ең бастысы – талғамы бөлек.

Бұған дейінгі ойындарда үнемі ұтылып қалатын біздер, бұ жолы өліспей-беріспей, қарсыластарымыздың қақпасын кезек-кезек теңбіл доппен тулатқан едік.

Кейін ауыл тұрғындарының арасында мынадай әңгіме тарапты: бұлардың жаны сірі, күндіз тас соғып, шаршап-шалдыққанына қарамастан кеште «бәйгеден» айрылып қалмау үшін «жан алып, жан беріп», жеңіске жету жолында еш нәрседен тайынбайтын нағыз жанкештілер екен-мыс.

Мұның бәрін бүгінгі жас буынға жіпке тізгендей қып, дәл осылай айтып-жеткізу бір жағынан ерсі, екіншіден, ұят болып саналғанымен, бірақ, бұл – сол уақыттың ащы шындығы еді.

Ойымызды түйсек, бұл «дерт» кеңес үкіметінің қазақ халқын отарлау саясатының зардаптары-тұғын. Өйткені арақ – уақытында аз ұлттарды аздырып-тоздырудың ең тиімді құралы болған-ды.

Қазір ойлап отырсам сол кезде бар болғаны 11 жаста екенбіз. 1986 жылы футболдан Мексикада өткен әлем біріншілігінде атақты Марадонаның жұлдызы жарқыраса, 1988 жылы Еуропа чемпионатында финалда КСРО мен Голландия бақ сынады.

80-жылдардағы «Қызғалдақтар елінің» футбол жұлдыздары Рууд Гуллит, Марко ван Бастен, Франк Рэйкард, Рональд Куман, Эрвин Куман, т.б. ойын өрнегі өзгеше еді.

Осы матчта негізінен «Динамо» Киев пен ішінара «Спартак-Москвадан» тұратын кеңес ойыншылары қарсыластарынан айланып асыра алмағанына іштей күйініп едік.

Финалдық бәсекенің алдында 25 жасар әйгілі Рууд Гуллиттің: «Егер біз КСРО-дан ұтылатын болсақ, заматында мына ұзын шаш ұстараға ілінеді», - деп айтқан батыл мәлімдемесі біздің бала жүрегімізде қалды.

Сол жылдардағы ауыл балаларының арманы – таза былғарыдан тігілген теңбіл доп пен аяққа киетін бутсыға қол жеткізу болатын. 1990 жылы мектеп оқушыларының путевкасымен Ленинградқа барған сапарымда бутсы алып, көптен күткен арманым жүзеге асқан-ды.

Бірде сол «Мортық» ауылының жергілікті жігіттерінен құралған командамен футбол ойнап, оларды 4:3 есебімен ұтып алдық. Бұл жолы тігілген бәйге – «бір жәшік арақ». Ұтылған жақ ұтқан жақты

емес сыртында, кішкене жырақтау, әудемжерге салыныпты. Мал болмағасын ауыл ішінде жапа-боқ, күл-қоқыс, жаман-жәутік заттар атымен жоқ. Тап-тұйнақтай боп, жұтынып, жайнап тұр.

Мұның бәрі ауылды осыған дейін басқарған дарынды директор, социалистік жүйенің қалыбына сыймаған жаңашыл һәм іскер басшы Марат Ирмановтың еңбегі екен.

Сол жылы студенттердің құрылыс отрядында біздің топтан Қайнар Құспанов, Бауыржан Алышев, Бисебай Төлепов, Жандос Меңдіғалиев және мен болған едім.

Ал бізден бір курс төмен оқитын жігіттер мен қыздардан Дархан Ермұханов, Марат Қыдырғожин, Олжас Қадыралиев, Асқар Өтешов, Орал Ишанғалиев, Рахат Бекташев, Берік Қитаров, Айымгүл Тржанова, Гүлмира Хайруллина, Жансұлу Семенова, Гүлнәр Әлібекова және т.б. болды.

Біз тас соғатын жер ауылдан екі шақырымдай жерде еді. Жаяу қатынап жұмыс жасадық. Өткен ғасырдың 80-90 жылдарында ЖОО-да білім алып, студенттердің құрылыс отрядында болған жігіттер жақсы біледі.

Алдымен өзен (канал) жағасынан ұзына бой жер жыртылып, оған шөп (солома) төселіп, сосын барып су жіберілетін. Былқып жатқан балшықтың үстінен «зауыттан жаңа шыққан» сары түсті ДТ-75 бульдозері ерсілі-қарсылы ойқастап жүретін.

Құрылысшы-жауынгер студенттер оның шөбін (солома) жақсылап араластырып, май балшықты әбден бабына келтіріп езіп, былжыраған күйінде тек қалыпқа салуға ғана даярлап қоятын. Егер «замес» дұрыс езілмесе оған өзіміз жалаңаяқ түсіп, иіні қанғанша тапайтынбыз.

Жұмыс басталғаннан-ақ бізбен бірге жүрген, сол бір сары трактордың «қожайынына» бізден бір курс төмен оқыған пысық бауырымыз Рахат Бекташев «Snickers» деген лақап ат қойды. Айтса-айтқандай тракторшы ағамыз жараған арғымақ аттай сидіған, тарамыс, күнге әбден күйген шоколад түстес шым қара жігіт болатын.

Мына нәрсе есімде жақсы сақталыпты. Біздің құрылыс жасағының құрамында қазақ бөлімінен басқа орыс топтарының да жігіттері болды. Олардың арасында туғаннан қалада өскен курстастарымыз да бар. Өңкей қазақ жігіттері.

Содан қызу жұмыс басталды. Мұны «саман тас соғу жарысы» десе де болады. Мұндай қайнаған еңбекке жігіттің жігіті, бейнелі тілмен айтсақ, «жілігінің майы барлары» ғана шыдас беретіні анық.

Бір қалыпта екі жауынгерден болдық. Бірі – заместен балшық айырласа, екіншісі – оны қалыпқа салатын. Біздің қалыпқа менен бір курс төмен оқитын Асқар Өтешов екеуіміз түстік.

Тепсе темір үзер, жауырыны қақпақтай, иықтары тоқпақтай, нар тұлғалы, қарулы, өте сабырлы жі-

көрші ағам Алтай (1969 жылғы) маған аяушылық танытып, «қисықкөшелік» футболистердің қатарына қосып жіберетін.

Атам қазақ, қанша жерден: «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар» десе де, балдәурен балалық шағын асық пен допсыз өткізген қазақ баласы кемде-кем шығар, сірә?!

Аяқ допқа қатысты сол кездегі «Спорт», «Советский спорт», «ФиС» сияқты газет-журналдар, теледидардағы спорттық хабарлар һәм футболдан өтетін Еуропа мен Әлем чемпионаттарын қалт жібермейтін едік.

Миллиондаған қазақ жанкүйерлерінің сүйіктісіне айналған спорт журналисі Несіп Жүнісбаевтың «Мексикадағы футбол тойы» атты мұқабасы керемет безендірілген кітабын бала кезімізде жата-жастана оқыдық.



есімін әрқашан құрметпен атаймын.

Ал біздің «қисық көшенің» жүгірмектерінің атаманы Жәукен ағамыз еді. Доп десе құдайы беретін. Барлығын со кісі ұйымдастыратын. Күн жылынып, қардың көбесі сөгіле бастағаннан-ақ футбол алаңын дайындауға кірісетінбіз.

Орта кластарда оқып жүрген кезімде еңгезердей екі-үш баланы оп-оңай «алдап» кету түк емес еді. Аудандық спартакиада да Саралжын ауылының футбол командасының капитаны болғаным бар.

Мына нәрсені айтпай кету мүмкін емес. Бізден бір класс жоғары оқыған Түкілен, Өтеген, т.б. теңбіл доптың қыр-сырын терең меңгерген саралжындық «сайыпқырандардың» шеберлігіне сүйсінетін едік. Техникалары «сұрапыл» еді. Өзімнің көршім Тәкәй да қара жаяу емес-ті.

Бірін айтып біріне кетіп жатырмын. Тарихқа сәл шегініс жасайын. Футболға тіпті төменгі кластардан «өш» болдық. Со жылдардағы ауыл балаларының негізгі ермегі доп болатын.

Мына нәрсе әлі көз алдымда. Ол кезде допқа есі кеткендердің көптігі сонша, біз сияқты мұрнының маңқасы кеппеген «мұрынбоқтар» негізгі құрамға өтпей қалатын. Белінен келмейтін біздерді ересектер қайдан менсіне қойсын?!

Дені жоғарғы класта оқитын оқушылардан тұратын командаға ілікпей қалғанымызға өкініп, көзіміз жәудіреп, жыларман болатынбыз. Сол сәтте

гіт болатын. Ол маған айыр-қармақпен балшық лақтыратын. Қалыпты дер кезінде жуып, оған балшықты нығыздап, оны ілезде суырып отыру – менің жұмысым.

Негізгі айтайын деген ойым – мынау. Ұзынынан созылып, шұбатылып жатқан «заместің» үстінде қайыстай қара жігіттер тек іш киіммен ғана жүретінбіз. Сосын басымызда шақырайған күннің ыстығынан қорғану үшін киіп алған «қалпағымыз» бар.

Қызу жұмыс енді-енді басталып жатқан кезде бізбен параллель орыс тобында оқитын таза қалалық (чисто городской) курстасымыздың денесі күнге қатты күйіп, ерекше қып-қызыл боп кетті. Күннің көзіне еш тотықпаған, тұла бойы «қардай аппақ» бозбаланың аз ғана уақыт ішінде алған «загары» бізді шошытты.

Казталовканың Қошанкөлінен келген жан-дүниесі



сұлу, пейілі кең, әзіл-қалжыңы өзіне жарасып тұратын Бисебай Төлепов есімді группаласымыз бар еді. Не нәрсені де астарлап, «тонкий юмормен» жеткізудің шебері-тін.

Тұла бойы қант қызылшасындай қою қызыл түске айналып кеткен біздің «сокурсникті» меңзеп: «Мына жігіт әбден болдырып, зорықты. Ертең жұмысқа шыға алмайды. Енді үш күн бойы нәр татпай қатты ауырады. Былтырғы жылы да стройотрядта бір қалалық жігіт нақ осылай күй кешкен-ді», - деп бізге қарап жымиды.

Бисақаң «әулие» екен. Айтқаны айнымай келді. Сол жатқаннан бауырымыз үш күн сұлық жатты. Бір ғажабы кейін сол жігіт тас соғудан жасақтағы көшбасшылардың біріне айналды. Табандылық пен қайсарлықтың құдіретін қойсаңшы?!

Бізден бір жыл бұрын группаластарымыз Абай Қожанғалиев, Мұхит Ермағамбетов, Бисебай Төлепов Тайпақтың Есенсайында студенттердің құрылыс жасағында болған-ды. Үшеуі де еңбекқор жігіт болатын. Бұлардың қай-қайсының да осал емес екенін кейін өмірдің өзі дәлелдеді.

Әсіресе Абайдың тазалығы мен сәнқойлығы ерекше болатын. Онымен құрылыс отрядында бірге болған жігіттер, оның тасты шапшаң әрі өндіріп соққанымен қоймай, ми батпақ балшықтың ішінде жүріп, үстіндегі ақ майкасына бір қылау түсірмейтін кербездігіне сүйсініп, тамсанатын.

ген саңлақ, со чемпионатта сақал-мұртымен ерекшеленген-ді.

Өйткені, біздің Баукең стройотрядқа келгеннен бастап сақал-мұртын қауғадай қып өсіріп жіберген болатын. Осы ұқсастыққа байланысты оған аталған псевдоним берілген-ді.

Казталовтық группаласымыз Бисебай Төлепов үнемі қақпаны «күзететіндіктен» оған бразилиялық қақпашы Клаудио Таффарелдің ныспысы лайық көрінді. Ол – 1988 жылғы Бразилияның үздік футболшысы және со жылғы әлем чемпионы еді.

Жәнібектік құрдасым Жандос Меңдіғалиевтің бойы тапал, денесі тығыншықтай еді. Жүгіргенде домалап бара жатқан «қаңбақтай» көрінетін. Сондықтан оны атышулы Марадонаға теңейтінбіз.

Ал маған группаластарым 1994 жылғы әлемнің үздік футболшысы, бразилиялық шабуылшы Ромарионың есімін беруді жөн санапты. Шамасы олар біздің күнге әбден күйіп, қақталып қалған теріміздің түсінен үндестік іздеген сияқты.

Оқушы кезімде футбол десе ішкен асымды жерге қойдым. Спорттың осы түрін жан-тәніммен беріле сүйдім. Оң жақ қапталдағы шабуылшылардың бірі болдым. «Скоросым» төмен болғанмен, «техникам» ешкімнен кем емес-ті.

Бұл – маған со кезде мектепте дене шынықтыру пәнінен сабақ берген ұстазым Талап Ниязовтың берген бағасы. Осы бір «физкультурник» ағайымның

Футбол деген бір сиқыр



Біздер студенттердің құрылыс отрядында (СҚО) болатын сол – 1994 жылдың жазында АҚШ-та футболдан әлем біріншілігі дүркіреп өтіп жатты. Соны көру үшін күн сайын түнгілік

теледидардың алдында телміріп отыратынбыз.

Финалда Бразилия мен Италия кездесіп, матчтың тағдыры алдыңғылардың пайдасына пенальтмен шешілген-ді. Өзінің табиғи дара талантына миллиондарды табындырған әйгілі футбол королі Пеле туған һәм анасының құрсағынан «доп ұстап туатын» Бразилияның қара маржандарының шеберлігіне кім сүйсінбейді дейсің?!

Соның желімен біз де ара-тұра қолымыз қалт еткенде ауылдың футбол алаңын шаңдатып, доп қуалайтынбыз. Бір-бірімізге со чемпионаттағы әйгілі «жұлдыздардың» есім-сойын «ендеп», өзімізді кәнігі кәсіби футболшылардай сезініп, өкпеміз өшкенше алқынып, жүгіретін едік.

Айталық, тасқалалық группаласымыз Бауыржан Алышевқа болгарлық футбол жұлдызы Христо Стоичковтың есімін таңдық. Еуропаның үздік футболшысы ретінде 1994 жылы «Алтын допты» иелен-

Екі апта сайын отряд мүшелеріне туған күн ұйымдастырылып, ауылдың дүкенінде өтпей тұрған арзанқол көйлектерді «мойнымызға» жаздырып, бұрынғы өткен немесе жақын күндері болатын туған күн иелеріне сыйлыққа тарататынбыз.

Сол жылы күн бұлыңғырлау, жалпы алғанда жаз салқындау болған сияқты. Таңмен жалаңаяқ мұздай балшыққа түсу кей кездері қиынға соғатын. Зәрдей суық су кейде тас төбеңнен шығатын. Кей күндері азанмен аздап спирт ішкен жігіттер ойнақтаған бұзаудай тапыраңдап шабатын. Ол рояль спиртінің «бағы жүріп тұрған» жылдар еді.

Табанынан өткен сыздың салдары болар бірде группамыздың үлкені әрі старостамыз Қайнардың құлағы естімей қалды. Кім не айтса да күле беретін?! Осыдан кейін оның «құлақтан айырылғанын» білдік. Өте ақкөңіл, ешкімге зияны жоқ, нағыз дала қазағының мінезін бойына сіңірген азамат-тұғын.

Ауылдың фельдшері тағайындаған болуы керек, оның құлағына кезек-кезек «камфорное масло» дәрісін құятынбыз. Дәрінің иісіне жиналған дәу қара және көк шыбындар біз жатқан интернаттың атшаптырым бөлмесінде ызыңдап, құж-құж қайнап кететін.

Ақыры құлақтың емі үйлеспей «тас керең» болған Қайнақаң көп ұзамай қалаға жол тартты. Бір кетті, бір кеткеннен мол кетті. Күндердің-күнінде қалаға барып келгендерден ол «Фурмачиде» (қазіргі Құрманғазы

көшесі ол кезде Фурманов деп аталды) «аспанға секіріп, тарсылдатып билеп жүр екен» деген әңгіме жетті.

Мұны естіген біздер «ең бастысы – құлағы дұрысталса бопты» деп қалжыңдаған едік. «Фурмачи» – қазіргі «Атриум» сауда орталығы тұрған жерде болған Орал қаласының орталық би алаңы. Кешкілік қаланың жастары осында жан-жақтан жиналатын. Ол кезде қазіргідей емес, түнгі клубтар жоқтың қасы еді.

Әрине, жаздың аты жаз. Арасында аптап ыстық күндер де болатын. Ешқандай көлеңке жоқ, тас төбеңнен төнген күн шекеңді тесіп, қайнап тұрған далада тас соғып жатқан жігіттерге аспазшы-қыздарымыз сәскеде (сағат 11-лер шамасы) шелекпен бетін жауып, қайнаған қара шай мен пирожки әкеліп, кішкене үзіліс жасайтын.

Бірде олар осылай дайындаған шайларының жарты шелегін орта жолда төгіп алған. Асығып келе жатып сүрініп кетіпті. Одан интернатқа қайтадан кері бұрылған. Уақыт тығыз. Сондықтан шелектегі қайнаған шайдың үстіне шикі суды қотарып құя салыпты.

Бұдан бейхабар, айдалада аңқасы кеуіп бара жатқан отряд мүшелері «полдник» келгенге балаша қуанып, шелектегі шайға жапа-тармағай бас қойдық. Көп ұзамай тау-тау боп үйіліп жатқан шөптің (солома) артына тұра ұмтылған ұлдар ішкіімдерін шешуге

өзер үлгерді. Осылай бүкіл отрядтың іші жаппай өткен-ді.

Құрылыс отрядының күнделікті өмірінде бұдан да басқа талай қызықты жайттарға куә болдық. Соның бір-екеуіне тоқталайын. Шілденің адамды шыжғыратын шіліңгір күндерінің бірінде тәжірибесі аз аспазшы қыздарымыз бір сиырдың етін тұтасымен бұзып алды.

Осылай семіз сиырдың бір «тушка» етінен құрылысшы-жауынгерлерге бір асым ет бұйырмады. Тұтастай бір ірі қараның бұзылып кеткен етін со күйінде далаға лақтыруға мәжбүр болғанымыз бар. Бәрінен де бұрын обалын айтсаңшы.

Енді бірде бәріміз кинодан түн жарымында келдік. Оның үстіне күндізгі жұмыстан қалжырап жүрген жайымыз бар. Асханада қайнап-қайнап, сорпасының әбден мағызы шығып, пісіп тұрған мүйізді ірі қараның етін турауға әліміз жетпеді.

Бір сөзбен айтқанда еріндік. Әбден қарны ашқан жігіттер сиырдың солақпандай сүйектерін бір-бірден қолдарына ұстап алған. Тіпті көпшілігіміз отырғышқа басылып отырмағанда сияқтымыз. Интернаттың ішін аяқтай кезіп, қолымызға түскен сүйекті жып-жылтыр қып мүжіген едік.

ышқына шықты: «Көрші! Ғинақа! Не істегенсіңдер, біздің тахтамыздың үстін қараңыздар, бомба түскендей бопты?!» демесі бар ма.

Масқара! Не дейді?! Енді бастап ішейін деп жатқан шайыма шашалып қала жаздадым. Көршілерге кірсек, екі бөлмені бөліп тұрған силикат тастар бірнеше жерден жарылып, кесектері мен жарықшақтары жан-жаққа шашырап, үйдің аткөпірі шыққан екен.

«Шебер адамды» қойсайшы, жардың арғы жағында тағы бір үй бар екенін мүлде ұмытып, қызды-қыздымен бұрғыны «тереңге сүңгітіп» жіберіппін. Ұяттан жерге кіріп кете жаздадым.

Ғинаятолла ағамыз аспай-саспай маған қарап әзілдеп «Ал, Жаңабек, сенің шеберлігіңді көрдік. Мен саған тес дедім, «сен жақсылап тестің», ана Қайнарға айт (сол кездегі біздің топтың старостасы), ертең цемент алып қоямын, сенің тескеніңді бітеуге келіп кетсін» деп әзілдеді.

Біздің топқа Қазақстан тарихынан дәріс оқыған



ұстаздарымыздың бірі – **Ғаділше Айталиев** ағамыз. Келісті, көрікті кісі еді. Әзіл-қалжыңы өзіне жарасып тұратын. Киім киісіне айрықша мән беріп, ағылшынның «дендиі» құсап кербез, жинақы жүретін.

Жерлестігі мен ағалығын білдіріп, мені өзіне жақын тартатын. Алайда біздерден кейін көп ұзамай

6



Соның бірі әрі бірегейі – **Қалима Абдрахманова** еді. Апай бізге 1 курста «Ежелгі дүние тарихы» пәнінен сабақ берді. Ежелгі Египет, Батыс Азия, Үндістан мен Қытай, Греция, Афины, Рим туралы өзіне тән байыпты мінезімен аспай-саспай кеңінен толғап түсіндіргенде оның «теңіздей терең»

біліміне тәнті болатынбыз.

Түсінген жанға ол – адамның қаншама жылдар бойы көз майын тауысып жинаған білімінің жемісі. Бір қарағанда мінезге сондай бай, ұстамды, салмақты, байсалды кісі боп көрінетін. Ал екінші жағынан келсек, бет-жүзінде ысқы (эмоция) жоқ, өңі суық, нағыз тәртіптің адамы болып елестейтін.

Қысқасы, советтік классикалық білім мен ғылымның сарқытындай көрінетін ғажап жан еді. Басқаны білмеймін, менің көз алдымда Қалима Дәулетқызы осы кейпімен сақталып қалды. Білуімше, апай Орал қаласында көп тұрақтаған жоқ. Бүгінде Алматы қаласындағы мектептердің бірінде мұғалім сияқты.

Бір жағынан, ғасырлар бойы жоспарлы жүргізілген отаршылдық саясаттың салдары, екіншіден, арайлап атқан азаттықтың ақ таңының самалы болар, сол жылдары арнаулы пәндерден сабақ берген лекторларымыздың дәрістерінде ұлтжандылықтың

6



лебі есіп тұратын.

Төменгі курста бізге «XX ғасырдың саяси-әлеуметтік тарихы» (бұрынғы КПСС тарихы) пәнінен дәріс берген ұстазымыз **Сағидолла Елеуовтің** сабақтары қалыптан тыс: қызықты мәліметтері һәм оқшау ойларымен ерекше өтетін.

Бойы ортадан жоғары, етжеңді болғанына қарамастан денесін тік ұстайтын, бурыл шашын шалқасынан тарап, талғаммен ұқыпты киінетін, көңілді сәттерінде жымығаны өзіне сондай жарасып тұратын, соған қарамастан түрі сұсты, бекзат болмысты жан еді.

Ағамыз дәрісінде ашықтан-ашық: «Сендер, болашақ тарихшысыңдар. Мына нәрсені естеріңізден шығармаңыздар. Орыс ағайындардың ішінде қазақтарға шанышқы мен қасық ұстауды, әжетхана салуды үйретіп, мәдениетті әкелген біз деп бөсетіндер бар. Оның бәрі бос сөз. Шындығында олай емес. Бұл – қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс-тіршілігі мен ұлттық мәдениетін ескермеуден туған дүние. Біз бала кезімізде орыс маржаларының қалай дәрет сындырғанын көзімізбен талай көрдік. Ал біздің әжелеріміз тізеден төмен түсетін дамбалдарын ақ матадан өздері тігіп, қолдарынан құмандары

Ол кезде қазіргідей емес, қарулы жігіттер мұғалімдердің саяжайларының топырағын қопсытуға көмекке баратын. Шаруаның ыңғайына қарай олардың ірілі-ұсақты жүктерін тасу, жалпы алғанда жеңіл-желпі қол көмегін беру қалыпты нәрсе болып саналатын.

Ағайымыздың тұрғылықты үйі институттың ұстаздарына арналған бұрынғы №5 жатақханасы еді. Негізгі қызмет – бөлменің қабырғасын әуелі ортасы қуыс бұрғымен тесіп, сосын ол тесікті алдын-ала пышақпен жонылып, сүйірленген ағашпен бітеп, соған шегемен рейка ұстатып, оның үстінен кілем ілу екен.

Еш қиындығы жоқ жұмысты ілезде ыңғайлап, Жаңа жылдың қарсаңында жайылған Тамара апамыздың мерекелік дастарханына отырып, дәм ала бергеніміз сол еді. Кенеттен мынадай қызық жағдай орын алды.

Мен тескен қабырғаның келесі жағында тұратын Ғ.Е.Қарабалиннің көршісі, бізге «Педагогика тарихы» пәнінен дәріс оқыған оқытушымыз, сабағына ешқашан салғырт қарамайтын өз пәнінің майталманы, бір-бірімізге деген құрметіміз сол жылдардан бері суымаған Райса Ильясова апайымыз еді.

Сол уақыттағы үйдің проектісі бойынша екі көршінің асханасы (холы) ортақ болатын. Олар үйлеріне жұмыстан кейін кішкене кештеу келіп, бөлмесіне кіріп кеткендері сол еді.

Бір кезде Райса Қасымқызының жан дауысы

Қаз МУ-дың түлегі. Оралда көп тұрақтаған жоқ. Кейін қызмет бабымен Алматы қаласына ауысты. Бүгінде Көкшетау (мемлекеттік) университетінің ректоры.

Содан кейінгі кураторымыз әрі Қазақстан тарихынан сабақ берген оқытушымыз **Ғинаятолла Қарабалиннің** 90-жылдар мен ғасырлар тоғысында біздің тарих факультетінде оқыған студенттер үшін орны бөлек.



Ағамызды ақжайықтықтарға таныстырып жатудың өзі артық. Ол кісі өлке тарихына терең мән беріп, Астрахан архив деректері негізінде бірнеше мақалалар жазып, кейін «Бөкей Ордасының шаруашылығы» тақырыбынан кандидаттық диссертация қорғаған-ды.

Кураторымыз қаншалықты қағазға тиянақты, мұқият, еңбекқор болса, соншалықты мінезді, қызба, кейде түкке тұрмайтын нәрсеге күйіп-пісіп қалатын. Арындап келіп қалған ашу-ызасын тежей алмайтын.

Өкінішке қарай, табиғатынан ілім-білімге құмар, ғылымға құштар жан – бергенінен берері мол шағында бұл фәни жалғанмен қош айтысты.

Осы ретте Ғинаятолла Елемесұлына қатысты мына бір естелікті көпшілікпен бөлісуді жөн санадым. Сол студенттік жылдарда ағамыз бірде өзі тұратын пәтерінің қабырғасына кілем ілу керектігін айтып, маған «шаруа» салды.

түспейтін, үнемі дәрет алып, тап-таза жүретін. Ал мұның бәрін ұмытып, орыстанғанымыз кейінгі кезде», - деп күлбілтелемей тікесінен тартатын.

Одан ары: «Ауылдан қалаға оқуға келген қазақ балалары 1-2 курстарда айналасына жалтаң-жұлтаң қарап, ал 3-4 курстарда бәріне тез үйреніп, қаланың өміріне тез төселеді. Кейін асфальтта өскен өз қатарластарынан оқ бойы озып шығады», - деп ауылдан келген қалқанқұлақ қара домалақтарды рухтандырып, дем беріп отыратын.

Алғашқы курстарда «Экономикалық теория» деген пәннен **Мұқан Тұрғанбаев** ағамыз сабақ берді. Елімізге нарықтық экономиканың енді-енді ентелеп кіріп келе жатқан уақыты. Халыққа әлі көп нәрсе түсініксіз. Ұстазымыз өз пәнінің теориясына жетік, өз саласын жан-жақты меңгерген оқымысты еді.



Капитализмнің, яки, кәсіпкерліктің «жілігін шағып, майын ішкенде» есіміз кететін. Дүбірлі даңқы шартарапқа жеткен әйгілі американдық миллиардерлердің қалай байығанын, нарықтық экономика заңдылықтарының қыр-сыры мен ұңғыл-шұңғылына бойлап, оны сан алуан мысалдармен саралап түсіндіргенде шыныменен тамсанатынбыз. Телегей-теңіз біліміне сүйсінетінбіз.

Ең бастысы – ұстазымыздың табиғаты өте қарапайым еді. Үнемі күлімсіреп жүретін. Тобымыздағы нәзік жандылардың ағамыздың шалқар біліміне тәнті болғаны сондай, «осындай дария біліміңізбен институтта не істеп жүрсіз, неге бизнеске кетіп қалмайсыз?» деп сауал тастайтын.

Мұқан Әбдіқадырұлы сәл тамағын кенеп қойып, өзінің дөңгеленген жүзіне керемет жарасатын көзілдірігінің астынан аудиторияға барлай қарап: «Иә, баламысың деген – осы, естеріңізде болсын, теория бөлек, практика бөлек», деп әңгіменің нүктесін қоятын.

Қалай болғанда да біздің буын кеңес мектебінен өткен «самородоктардың» алдын көріп үлгерді. Қалай болғанда да кеңестік педагогика – әлемді мойындатқан ерекше құбылыс-ты. Қалай болғанда да кеңестік ғылым – іргелі ғылым салалары бойынша дүние жүзі бойынша жоғары деңгейде болды. Мұны мойындамау – ақиқатқа қиянат.

Алайда, бұл оның еш кемшілігі болмады деген сөз емес. Осы орайда негізгі назар аударарлық нәрсе, бұл буын – елімізде әлеуметтік жағдай өте қиын кезде жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие берді.

Нарықтың аласапыран ауыр жылдарында олар өздерінің сүйіп таңдаған мамандықтарынан «жиреніп», одан теріс айналған жоқ. Қиналды, бірақ шыдады. Жас болсақ та олардың жабығып, тори-

қызық, екінші жағынан «жасанды» көрінетін. Бұл, бәлкім сол кездегі біздің түсінік деңгейіміздің төмендігі шығар.

Қазіргі таңда елімізде тіл саясатында жүріп жатқан мылтықсыз майдан: республикадағы мемлекет құрушы һәм құраушы ұлт – қазақ халқының үлес салмағы 70 % дан асса да оның мемлекеттік тілінің мүшкіл хәлі, ел тізгінін ұстаған ел ұстарлары мен «халық қалаулыларының» туған тіліне шорқақтығы, жаһанданудың ызғары өтіп кеткен бүгінгі жас һәм орта буынның өз ана тіліне менсінбей, шекесінен қарауы, соңғы он шақты жыл бедерінде орыс тілді мультфильммен өсіп келе жатқан балғындардың шатып-бұтып орысша шүлдірлеуге әуестігі, т.б. сұмдық нәрселерді еске түсірсек, Сайлау ағамыздың сол кездің өзінде-ақ біздерге көрсеткен үлгі-өнегесінде терең мән-мағына жатыр екен. Қысқасы, «бұл қадам – алысты болжаған нағыз патриот ұстаздың көрегендігі» екен.



1 курста біздің топтың кураторы **Марат Сырлыбаев** есімді жап-жас ағамыз болды. Біздерге аз ғана уақыт сабақ берді. Мінезі жайлы. Көбіне көңілді жүретін. Қателеспесем бізге «Тарихи өлкетану» пәнінен дәріс оқыды.

Өзі оңтүстік өңірдің тумасы.

адам екені бірден көрініп тұратын. Өкінішке қарай, университет архивіндегі Есенғали Жүнісұлының жеке іс парағында суреті сақталмапты.

Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет

Ұстазымыз **Сайлау Хамитұлы** өзінің қазақшылығымен ерекшеленетін. Ол кісі студенттік өмірде жиі қолданылатын кейбір сөздерді орыс тілінде айтқанымызға кәдімгідей кейістік танытып, біздерге бұлқанталқан болатын.



Тек ренжіп қана қоймай оны былай түзететін: «Сендер тілімізді алашұбар қылып, қалай болса, солай сөйлемендер. Ленин даңғылының бойындағы «Саяхат» қонақ үйі аялдамасынан түсіп, қасындағы дүңгіршіктен балмұздақ алып, тарих факультетінің ғимаратына қарай бұрылдым», деп ерінбей барлық сөзді қазақша тәпсірлеп, студенттерді ешқандай қоспасыз тек ана тілінде сөйлеуге баулитын.

Қазіргі кезде бұлай сөйлегенде тұрған ештеңе жоқ сияқты боп көрінгенімен, ол заманда нақ осылай сөз саптау бізге тосын, тіпті ерсі естілетін. Үнемі «проспект», «гостиница», «остановка», «киоск», «мороженое», «корпус» деп сөйлейтін «перваштарға» осы сөздердің өңкей қазақша айтылуы бір жағынан

ғып жүргенін байқайтынбыз. Бұған алда бөлек тоқталамыз.

Иә, зымырап жатқан уақыт. Өмір – өзен! Одан бері де отыз жылға жуық уақыт сырғанап өте шығыпты. Ұстаздарымыздың алды бүгінде бұл фәни жалған дүниемен қош айтысты. Жатқан жерлері жарық, топырағы мамық болғай!

Ал сол кездегі профессор-оқытушылардың көпшілігі қарттыққа бет түзеді. Сол кезде жалындап тұрған жастарының өзі қазіргі таңда алпысты алқымдап, ата мен әже атанып үлгерсе, соңы елуді «ерттеп» мініп, ердің жасына жетті.

Жеті жұрттың тілін біл

Атам қазақта: «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі ілім біл» деген даналық сөз бар. Оның маңызын күн өткен сайын тереңнен түсініп келе жатқан жайымыз бар. Бір тіл білген бір адам, екі тіл білген екі адам... Солай жалғап, көбейте беруге болады.

Ел тәуелсіздігінің арқасында бірнеше тілге жүйрік жас ұрпақ һәм жаңа толқын өсіп шықты. Осы ретте кейінгі буынның жетістіктеріне шын жүрегімізбен қуанамыз. Жақсы десең жан сүйінеді. Кеудемізді шаттық кернеп, еліміздің жарқын болашағына деген сенім күшейе түседі.

Тек көңілде кішкене бір алаң бар. Мұны жасырып қалу қиын. Өте қиын. Таяқтың екі ұшы бар. Полиглот

жастар өздерінің ана тілінде есіле сөйлеп, көсіле жаза алмайтынын мойындайды.

Оның үстіне қазіргі жас ата-аналар бүлдіршендері ес білгеннен-ақ ағылшын тілінен репетитор іздеп, олардың «тілін сындыру» қамына кірісе бастайды.

Қоғамда жаһандану атты жеті басты улы жылан – қазақтың қасиетті ана тілін жұтып алмаса игі деген қорқыныш бар. Әрине, бұл – бөлек әңгіме.

Бүгінгі заманнан енді өткенге оралайық. Ол кезде бәрі басқаша болды. Оны біздің замандастар жақсы біледі. Бізге орта мектепте орыс тілінен өзге шет тілі пәні жүрмеді десе де болады. Оның өзін шатып-бұтып оқыған едік.

Өйткені, біздің оқушы кезімізде ауылда орыс тілінен басқа шет тілі пәнінің мұғалімі болған жоқ. Көрші ағамыз Мұрат Хасанғалиев жұбайы Күләш Бекжановамен отау құрғаннан кейін 5-ші сыныпта біздің мектепте ағылшын тілі дербес пән ретінде оқытыла бастады.

Осылай ауылымызға жаңа түскен жас келінмен бірге ағылшын тілі «ере келді». Апайымыз білімді болатын. Қаланың қызы болғасын ба, Күләш Жәрдемқызының бойынан өзгелерге ұқсамайтын бір бекзадалық байқалып тұратын. Кішкентай бала болсақ та сол бізге сезілетін.

Қазақтың қара өлеңінде айтылатын «өзі сұлу, өзі жас» мұғалімамыз Саралжында көп тұрақтаған жоқ. Жас отбасы жұмыс бабымен көрші ауылға көшетін болды да, ағылшын тілі пәнін мектепте оқыту осымен

жұмыс жасайды. Каирдегі оқуын бітіріп елге келгесін тарих факультетінің сырттай бөліміне ауысып, жоғарғы білімін жалғастырды.

Ол кезде мен тарих факультетінің ҚР тарихы кафедрасында жас оқытушы едім. Оған аздап сабақ бердім. Бірнеше жылдан кейін осылай группала-сым екеумізді тағдыр қайтадан тоғыстырды.

Полиглот дегеннен еске түседі. Бізге сабақ бермесе де, сол жылдары физматта еңбек еткен Есенғали Жүнісов деген оқытушы есімде жақсы сақталыпты.

Қаңтардың қақаған саршұнақ аязы мен ақпанның түтеген борандарында жалаң бас, жұпыны киіммен жеңіл жүре беретін. Бойы бақалтақ келген, құдай аппақ шашы желкесінен төмен түсіп тұратын, аяқпен ақырын жүретін кісі еді.

Қашан көрсең де қолында ескі қара дипломат пен құшақ-құшақ газеттер, не институттың төңірегінде, не газет-журнал сататын дүңгіршіктердің жанында тікесінен-тік тұрып, әйтеуір бір нәрсе оқып тұратын.

Оның оқуға деген «қомағайлығы» мен «ашқарақтығы» осыдан-ақ сезілетін. Шет тілдерінде кроссвордты еркін шешетін кемел білім иесі деп еститінбіз. Студенттер арасында бұ кісі туралы «оқу өтіп кеткен» деген әңгіме желдей есетін.

Шыныменен физиканың философиясынан сабақ берген ағамыздың киім киісі, жүріс-тұрысы, қимыл-қозғалысы әдеттегі көпшілікке ұқсай бермейтін.

Сырт көзге оның қалыптан тыс, яғни «қиялилау»

Біраз кітапты ақтарған. Сондықтан өзіне-өзі сенімді. Құдай берген талантын тұла бойына сыйғыза алмай оқытушылармен сабақта жағалай «жарысып», кейде алдын «кес-кестеп» отыратын.

Сол айтатын: «Біздерге ағылшын, неміс тілдері керек емес. Біз тарихшылармыз. Сондықтан тарихи деректерді болашақта бірден түпнұсқадан оқу үшін, қазірден араб тілін оқып, үйренуіміз керек», – деп.

Ол осылай бастама көтеріп, ректоратқа бүкіл группа болып өтініш жазған едік. Алайда сол жылы оқу жоспары бекітіліп кеткеннен кейін мұны қайта түзеу мүмкін болмады.

Бірақ бізден төмен оқитын курстар кейін араб тілін оқуға көшті деп естідік. Сөйтіп біздің топ жоғарыда айтқанымдай екі подгруппаға бөлініп, неміс және ағылшын тілдерін оқыдық.

Алайда Бірекең өзінің алдына қойған мақсатынан таймады. Мұқалмас жігері мен исламға деген шексіз сенімінің арқасында 2 курстың ортасына таман конкурсқа қатысамын деп Алматыға жол тартты.

Сайып келгенде, ол өзінің табан ақы, маңдай терінің арқасында Мысыр елінің астанасы Каирдегі әлемге әйгілі мұсылман университеті Әл-Азһарға оқуға түсті. Ұмытпасам «Перғауындар елінде» алты жылдай білім алды. Зерек жігіт еді. Бірнеше тіл білетін. Әлемнің түкпір-түкпірінде достары көп.

Кейін белгілі бір себептермен дін саласынан бас тартты. Қазір шетелдік компаниялардың бірінде

тәмам болды.

Қош! Сонымен біздер «ағылшынмен» қоштасуға мәжбүр болдық. Мұның бәрін шұбыртып неге айтып отырмын?! Деканат бізді 1 курста шет тілі пәнінен төмендегідей талаппен екі шағын топқа бөлді.

Орта мектепте ағылшын тілін оқыған оқушылар аталмыш пәнді әрі қарай үзбей жалғастыратын болса, ал біз сияқты «әліпті таяқ деп білмейтіндер» неміс тілін оқитын болдық.



1 курста бізге неміс тілінен сабақ берген ұстазымыз **Виктор Александрович Потлов** өте сабырлы, қақ-соқпен ісі жоқ, өзімен-өзі жүретін дегдар жан еді. Көбіне бұ кісіні сыртынан фамилиясымен атайтынбыз.

Бәкене бойлы, шағын денелі, қимылы ширақ, шашының қарасынан ағы көбірек, сол кезде бізге шамамен алпысты алқымдаған кісідей боп көрінетін.

Үстіндегі киімдері көнетоздау: костюм-шалбар, көйлек-галстуктарының ескі үлгідегі екені көрініп тұратын. Қолындағы қоңыр сөмкенің (портфелінің) талайды көргені оның тоза-тоза әбден ақжемделіп кеткенінен анық байқалатын.

Бірақ мұнтаздай таза, жинақы жүретін. Қаншалықты қарапайым болса, соншалықты білімді, сыпайы, өте мәдениетті жан еді. Ол кезде рас-өтірігін білмейміз,

студенттер арасында бұ кісінің көп тіл білетіні туралы аңыз тараған-ды.

Тарих – деректілікті талап ететін ғылым. Сондықтан осы естелікті жазу барысында қол жетімді құжаттарға шұқшия үңілдік. Виктор Александрұлының өзіміздің университет архивіндегі жеке іс парағымен танысқанымызда бұған көзіміз жете түсті.

Мәскеу мемлекеттік шет тілдері педагогикалық институтының дарынды түлегі неміс, итальян тілдерін еркін меңгергендігін, ағылшын, француз тілдерін оқи алатындығын өз қолымен жазыпты. Сөзіміз дәлелді болу үшін құжаттың фото-көшірмесін оқырманға ұсынуды жөн санадық.




Ең бастысы – шәкірттеріне ерекше қамқорлықпен қарайтын. 1 семестрдің соңында неміс тілінен емтихан тапсырдық. Топиктерді (неміс тіліндегі мәтін) орысшаға аударып, оны айтуға қиналғанымыз сондай тіліміз күрмеліп, жан теріміз шығып жатты.

Сондай сәтте ішіндегіні білетін аңғарымпаз ұстаз өзінің сабырлы қалпынан бір танбай, біздердің емтихан сұрақтарының мазмұнынан емес, тіліміз

жаңа шыққан баладай орысшаға «сақауланып» жатқанымызды реңі қашқан өңіміз бен күреңіткен жүзімізден таныған-ды.

Кісілік келбетіне студенттер қауымы сүйсіне қарайтын осы бір жайсаң жан менің «шимай-шатпағымды» түсінген сыңай танытып, «сен тапсырмаңды жақсы меңгергенсің» деп мейірімін төгіп, емтиханда «5» деген баға қойғаны әлі көз алдымда.

Шет тілі дегенде мына нәрсе ерекше еске түседі. Біздің группада **Біржан Құспанов** деген жігіт оқыды. Ол туралы жоғарыда айттым. Екеуміз бір ауданнанбыз. Жасы менен бес жастай үлкен.



Өзі әскерден келген. Дін жолында. Мешітке жиі баратын. Қолында тәсбих. Басында тақия. Бөлмесінде ақ шапаны ілулі тұратын. Онысын арасында киіп жүретін. Өз бетімен араб тілін үйренген.

Біздің топтың денін Алматы қаласынан шығатын «Иман» деген газетке жаздырды. Әп-әсем газет еді. Тұрақты оқитынбыз. Ол кезде дінге бетбұрғандар қазіргідей көп емес-ті.

Ол жылдары орталық базарда басына ақ жаулық ораған, алдындағы табуретканың үстіндегі ақ матаға 41 құмалағын шашып жіберіп, болашағыңа бал ашатын балшы һәм құмалақшы апа-әжелеріміз жиі кездесетін.

Орталық базарды былай қойғанда, үлкен көшелерде жабайы жайма базарлар дамылсыз жұмыс жасап тұрды. Қазақтың жап-жас келіншектері күн көріс үшін «спирт», «спирт» немесе «самопал», «самопал» деп өңеші «жыртылғанша» айқайлап тұратын. Арақ-шарап пен темекінің небір түрлері, сағыз, тәттілер (сникерс, марс, твикс, т.б.) сататын дүңгіршіктер көбейді.



7

мектепке ауысып кетті. Бірде жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін студенттердің ғылыми-тәжірибелік конференциясының қарсаңында маған баяндама жасауға қолқа салды. Қателеспесем, 3-курстағы кезіміз.

Ғылыми жетекшіміз екеуміз ақылдаса келе, төмендегі тақырыпқа тоқталдық. Сол жылдары Кіші жүздің атақты ханы Әбілқайыр ханның 300 жылдық мерейтойы мемлекеттік деңгейде аталып өтпей, қазақ зиялыларының арасында қазақстандық мерзімдік баспасөзде қызу пікір-талас жүріп жатқанды.

Сөйтіп студенттердің конференциясында өз деңгейімде баяндама жасадым. Бұл туралы менен бір-екі курс төмен оқыған Тоқтар Кенжеғалиевтің өз естелігінде былай деп жазғаны бар: «Студенттік шақ қашан да қызық қой. Білмегеніңді біреуден үйреніп, білгенімді көпке көрсетсем бе деп жүрген сондай күндердің бірінде факультетте ғылыми-теориялық конференция өтті. Оған еті тірі деген студенттердің біразы қатысып, алғашқы ізденістерін талқыға ұсынды. Кімге қай жұмыстың қаншалықты әсер еткенін қайдам, сол жиында маған бізден бірер курс жоғары оқитын сұңғақ бойлы жігіттің баяндамасы ұнады. Мінберден отырған жұртқа шүйіле қарайды, әр сөзін аузынан шегелеп шығарады, тұрысы өзіне бек сенімді адамның кейпі. Анау-мынау емес, Кіші жүз ханы Әбілқайырға «ауыз салған». Бұл өзі сол

7

кез тұрмақ қазірдің өзінде жете зерттелмеген, жай студент түгілі, сақа ғалымның өзі тереңдеп бара бермейтін тақырып-тұғын. Жігіттің батылдығы көпшілікке ұнады, зал дүр етіп барып басылды. Кейбір «жаттанды» баяндамамен келгендерді бір сәтке болса да ойландырып тастағандай еді бұл еңбек» (Тоқтар Ғабдірешұлы. Ж.Жақсығалиев: «Тарихтың бір парағын бүтіндесем...» жас ғалым жайлы үзік сыр// Орал өңірі. 9 қараша 2004 жыл).

Шынын айтуым керек, нақ сол сәтте студенттердің осы бір қайшылықты тұлға туралы маған қойған сан алуан сұрақтарының бәріне толыққанды жауап бердім деп өтірік айта алмаймын.

Біздің кезімізде студенттер өздерінің өте белсенділігімен ерекшеленетін. Қайсыбір сауалдарға келгенде абдырап, тақырыпты әлі терең меңгермегенім байқалды.

Задында әйгілі тұлғаның саясатын толық ақтап алатындай жағдайда емес едім. Ол кез тұрмақ, бүгіннің өзінде атышулы Кіші жүз ханының төңірегінде тарихшы қауымның арасында даудамайдың толастамағанын еске түсірсек, мәселенің мән-жайы өзінен-өзі түсінікті бола түсері хақ.

Осы конференцияда бәрін көріп-біліп, сырттай бақылап отырған Бақтығұл Бірімжаров ағамыз «Сен бала, келесі жылы осы тақырыптан диплом жұмысын жазуға қалай қарайсың, саған сұранып



Мақсат – қара аспанды төндіріп, ауызды қу шөппен сүрту емес, тек сол уақытқа сәл саяхат жасау. Шындығына келсек, сол бір кезеңнен жоқшылық пен

мұқтаждықтың лебі еседі. Тоқшылық пен молшылық заман болса осындай ұсақ-түйек ұрлық қалыпты нәрсеге айналар ма еді?!

Ол кезде «щипачтар» мен «карманщиктер» туралы жиі айтылатын. Сол жылдары норка бөрігі барларға түн мезгілінде тұтқиылдан тиісетін «барымташылар» мен тіпті оны күшпен тартып алатын «қаныпезер қарақшылар» көбейді.

Базарда «Шарик-Малик» ойнататын «каталалардың» заманы келді. Тепсе темір үзетін соқталдай жігіттер ауылдан келген өз қазағының аузын аңқитып, қалтасындағы азын-аулақ тиын-тебенін көз ілеспес жылдамдықпен қағып алатын.

Тұзаққа түскенін кеш білген аңқау қазақ аңырап, зар еңіреп қалатын. Базардың ішінде «үйірімен» жүретін олар ілезде жан-жаққа тарап үлгеретін. Қызық көру үшін дүр етіп жиналған жұрт, әп сәтте тыншып, тылсым тыныштық орнап, әркім өз шаруасымен кететін.

Әрине, басты тылың – әкең мен шешең. Үйге хабар бердім. Іле-шала үйдегілер беріп жіберген ескі үлгідегі тұмсығы добалдай қысқы қара бәтеңкі тағы да маған бұйырмады.

Жолда қолды болып кетті. Беріп жіберген кісі аманатқа адал болмай, содан ізім-қайым жоғалды. Әжемнің көк сандығындағы ескіліктен келе жатқан бұйым екен. Ешкімге керексіз болғасын осыған дейін орнынан қозғалмапты.

Брежнев заманынан қалған «антиквариат» десе де болады. Менің өзім ол бәтеңкіні көргенім жоқ. Тек үйдегілердің айтуы солай.

Сөйтіп, қысқы каникулда ауылға дірдеңдеп жазғы кроссовкамен барғаным бар. Осы бір елеусіз мысалдардың өзінен-ақ сол заманның кішкене көрінісі көз алдыңнан көлбеңдеп өтеді.



тұрған тақырып екен?», - деп қара көзілдірігін сәл көтеріп қойып, өзінің бір қырындап қарайтын әдетімен маған шекелеп қарады.

Егер келісsem, өзінің жетекшілікке алатынын айтты. Ғылымға сәл икемім бар екенін байқаған кәрі тарлан мені

осылай «тұзаққа» түсірді.

Бақтығұл Қабдырұлы – талантты лектор еді. Алдында жатқан лекциясына бір қарауды білмейтін. Соған қарамастан өзінің дәрістерінде Қазақ тарихына қатысты қаншама деректер мен фактілер, цифрлар мен даталарды рет-ретімен жүйелеп, жіпке тізгендей түзіп шығатын.

Осынша мәліметтің бәрі «ағайдың басын жарып жібермей, миының ішіне қалай сиып тұр екен» деп таңғалатын едік. Саналы зерттеушілік ғұмырын өлке тарихына арнады.

Соның ішінде өзінің туып-өскен Бөкейлігін жан-тәнімен сүйді. Оқу-тоқу іздеп, көз майын тауысты. Қос жанарынан айрылып, екі көзі бірдей су қараңғы болып қалса да, әлсіздігін бір сездірмеді. Рухы алапат күшті еді.

Ойымды тобықтай түйсем, аталмыш тақырып кейін менің өмірлік нанымға айналды. Олай дейтін



себебiм аспирантурада ғылыми жетекшiм, кәнiгi кәсiби тарихшы **Тұяқбай Зейiтұлымен** бiрге бұ мәселенiң тұңғыығына тереңдей бойлап, кандидаттық диссертация қорғаған едiм.

Ол кезде студенттердiң барлығы бiрдей қазiргiдей дипломдық жұмыс жазбайтын. Тек үздiк дипломға бiтiрушi үмiткерлерге ғана мүмкiндiк берiлетiн. Соның өзiнде таңдау еркi олардың өз ықтияларында болатын.

Институтты бiтiретiн жылы бiздiң топтан «қызыл дипломға» үмiткер тек үш-ақ студент болды. Олар тасқалалық **Бауыржан Алышев**



(бүгiнде өңiрiмiзге белгiлi дүние жүзi тарихы пәнiнiң әдiскер-мұғалiмi, бiрнеше оқу-әдiстемелiк құралдардың авторы) пен қаратөбелiк **Айзада Шайхиева** (қазiргi таңда «Орифлэйм» саласында облысымызға белгiлi кәсiпкер) едi.

Сол 1 курсқа түсетiн жылы үш қысқы аяқ киiмiмдi бiрiнен соң бiрiн қолды қылып, қатты қиналғаным бар. 11 сынып оқитын жылы ауылдың дүкенiне қытайдың фирмалық қысқы кроссовкасының бiрнеше данасы келдi.

Қазiргi базардағылардың тiлiмен айтқанда «фабричный Китай». Бұрын-соңды ауыл баласы көрмеген, көздiң жауын алатын ерекше таңсық дүние едi. Сапасы да жоғары болатын. Соны тортасы айырылған алты литр шыжғырылған сары майға анам маған алып бердi.

Тек жалғыз мен емес, көптеген кластастарымыз су жаңа аяқ киiмге осылай қол жеткiздi. Алдымен осы «тәтәй» кроссовкамды баукеспе ұрылар қапыда қағып кеттi.

Одан кейiн жоғарғы сыныптарда киген ескiлеу ақ етiгiмдi (сапошкамды) жатақханада группалас қыздарға барып отырғанда тағы бiр сұғанақ «меншiктенiп» үлгердi. Iшке кiрiп-шыққаным сол едi, қас пен көздiң арасында «iлiп» кетiптi.

Жүгiрiп барып базардан сатып алатын ақша жоқ. Халықтың «кассадағы» азды-көптi ақшасын инфляция жеп қойған. Басқаша айтқанда ел-жұрттың жылдар бойы жинаған бар қаржы-қаражаты босқа күйiп, «топан ақшаға» айналған қиын кез.

Мал өтпейдi. Өтсе де су арзан. Бiр қойыңның құны – бiр рояль. Жалақы тағы жоқ. Болса да кешiгiп берiледi. Ол елдегi өте қиын жылдар едi.

Өлара

Әңгімемнің орта тұсында оқуға түсетін жылы маған әкемнің сары тон алып бергенін айтқан едім. Кейін көріп білдім. Қыс мезгілінде өзім құралпы жігіттердің дені – сол уақыттың сәні, насоспен үргендей үріліп һәм түбіті қомпиып тұратын «аляска» күрткесін киеді екен.

Басыма екі апамнан қалған, қылшықтарын сулап тарап, жатқызып қоймасаң тікірейіп кететін «нутрия» бөріктерді алма-кезек ауыстырып киіп жүрдім. Алдыңдағы үлкендердің киімін киіп өскен ауыл баласы емеспіз бе?! Сондықтан оған еш арланғаным жоқ.



Әркімді заман сүйремек, заманды қай жан билемек?



Біздің студенттік өміріміз өткен 90-жылдардың алғашқы жартысы – елдегі экономикалық-әлеуметтік жағдай өте қиын кезең еді. Күйзеліс, жоқшылық, қайыршылық елдің еңсесін езіп жіберді.

Бейнелеп айтсақ, халықтың дені жаппай сіңірі шыққан кедейге айналды. Күнделікті шайға салатын қанттың өзінің болмағаны біздің замандастардың есінен шыға қоймаған болар.

Негізгі азық-түліктер талонмен берілетін. Дүкен сөрелері көбіне бос тұратын. Кей кезде мұғалімдеріміздің шыныменен қиналып жүргені байқалатын. Айлықтары аз, оның өзі уақытымен берілмейтіні құлаққа тиетін. Сол кездегі ұстаздарымыздың айтқан кейбір сөздері біздің түйсігіміздің тереңінде қатталып қалды.

Бір ағамыз әзіл-шынын араластырып «Үш балам бар, жұмыстан шаршап үйге барғанымда «Папа! Нан, нан, нан!», - деп алақандарын жайып алдымнан шығады. Оларды асырау оңай болмай тұр. Соларға

жетсін деп автобуска мінбес үшін таңмен ерте тұрып, шойын жол вокзалының арғы жағынан жаяу келемін», - дегені әлі есімде.

Екінші бір ұстазымыздың: «Сіздер, мына жерде не істеп отырсындар, оқуларыңды доғарындар, білімнен енді ештеңе шықпайды, біз сияқты ертең жартылай ашқұрсақ болып жүресіндер, оданда базарға шығып сауда жасаңдар, мен басқа болашақты көріп тұрғаным жоқ» деп ашына айтқаны бар.

Әрине мұның бәрі жоқшылықтың зарын тартып, әбден жаны күйген жанның көмейінен сыртқа атқылаған ащы өксік екенін іштей сезетінбіз. Дүние жүзі тарихынан сабақ беретін тағы бір оқытушымыз



Батыс Еуропа елдерінің экономикасы, соның ішінде оның ауыл шаруашылығын, ондағы дәнді дақылдар мен көкөніс түрлерін түсіндіріп жатып, өзіміздің Оралдың базарындағы картоп, сәбіз, пияз, қызылша, т.б. бағаларын айтып кететін-ді.

Келесі бір дәріскеріміздің өзінің негізгі жұмысына қосымша шағын саудамен айналысқаны

Сол уақытта жатақхана бөлмелерінде студенттердің әрқайсының шағын кітап сөрелері болатын. Тағы бір ерекше көңіл бөлерлік маңызды әрі керемет нәрсе – ол кезде баспалардан шығатын кітаптардың таралымы орасан зор еді.

Айталық, біз институтта оқыған жылдары Алматы қаласындағы «Жалын» баспасынан жарық көрген *Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлының* «Түп - тұқияннан өзіме шейін» атты кітабы 300 000 данамен таралған-ды.

Бұл кітап кезінде тарихи һәм әдеби ортада ерекше қоғамдық пікір туғызды. Еңбектің XVIII ғасырдың қолжазбасы екендігіне күмәнмен қараған зиялылар болды. Әсіресе, белгілі жазушы Қабдеш Жұмаділовтың сыни мақаласы айды аспанға шығарды.

Қалай десек те, өткен ғасырдың 80-90 жылдарындағы қазақ студенттерінің ұлттық тарихи санасы жоғары болды. Соның бір көрінісі 1986 жылғы Алматыдағы желтоқсан көтерілісінде қазақ жастарының қолында Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділері» мен Олжас Сүлейменовтің «Азиясы» қатар жүрген-ді.

Ал 90-жылдары ұлттық сана жаңа дәуірге аяқ басты. Ғасырларға созылған отаршылдықтан әбден есеңгіреп қалған қазақ халқы бірте-бірте есін жинап, келер күнге үлкен үмітпен қарай бастаған-ды.

лиевтің, Ғунаятолла Қарабалиннің өлке-танушылар Жайсаң Ақбайдың, Қайыржан Хасановтың, Зұлқожа Шарафуддиннің өңірлік мерзімдік баспасөзде мақалалары жариялана бастады.

Бір назар аударарлық нәрсе, со жылдары студенттер кітап сатып алуға ерекше ынтық еді. Ленин даңғылындағы «Киров» аялдамасына жақын маңдағы кітап сататын «Жалын» (қазіргі «Слабода» мейрамханасы) және соған қарсы тұрған «Сәлем» фотосалонының жанындағы «Кітап» (қазіргі кеңсе тауарлары) дүкендеріне түскен тың туындыларды қалт жібермейтін.

Кейін іссапармен аудандарға жолым түсіп, группаластарымның шаңырақтарына бас сұққанымда – жеке кітапханаларында тізіліп тұрған со жылдардағы кітаптар көзіме оттай басылатын.



есімізде. Мұғалима апайымыз сағыз, шоколад, темекі, т.б. тауарларын орталықтағы дүкендердің біріндегі таныстарына апарып саттыққа қоятын. Арасында осындай ұсақ-түйектерді диттеген жеріне жеткізуге біздер де көмектесетінбіз.

Бұл жердегі біздің негізгі мақсат – сол заманның бейнесін көз алдымызға әкелу. Басқа ешқандай алабөтен ойымыз жоқ. Осындайда Хакім Абайдың



«Заманға жаман күйлемек, Замана оны илемек» немесе Карл Маркстің «Сананы тұрмыс билейді» деген қанатты сөздері ойға оралады.



Кітап – білім бұлағы...

Ол жылдарда студенттердің кітапқұмарлығы ерекше еді. Қазіргідей ғаламтор жоқ. Негізгі білім нәрін кітаптан алатын. Тәуелсіздіктің таңсәрісінде Қазақ тарихына қатысты оқулықтар, зерттеулер, жалпы ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған еңбектер сирек-ті.

Ел егемендігімен бірге ұлттық тарихи сана жаңа кезеңге аяқ басты. Сең қозғалды. Күллі республикамызда хандар, билер, батырлар, ғылым һәм мәдениет қайраткерлері, т.с.с. мерейтойларын атап өту басталды.



Тарихи тұлғаларға қатысты жаңаша көзқарастар айтыла бастады. Қазақтың классик ақыны Есенғали Раушановтың:

*«Аулақпын дерегі жоқ
болжамдардан,*

*Әр жұртта ұмытылып
олжаң қалған.*

*Жамағат, біздің тарих –
алтын шынжыр,*

*Әр жерден жиі үзіліп –
көп жалғанған»,* - деген шумақтары айна-қатесіз ақиқат еді.

Мәселен, қазақ тарихының тарландары *Жанұзақ Қасымбаевтың «Кенесары хан»* (А.,1993), *Мәмбет Қойгелдиев пен Талас Омарбековтің «Тарих тағылымы не дейді?»* (А., 1993),



Ермұхан Бекмахановтың «Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында» (А.,1994), *Манаш Қозыбаевтың «Жауды шаптым ту байлап»* (А.,1994), *Көшім Есмағамбетовтің «Қазақтар шетел әдебиетінде»* (А.,1994), *Талас Омарбековтің «Зобалаң»* (А.,1994), *Ордалы Қоңыратбаевтың «Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі»* (А.,1994), *Кеңес Нұрпейісовтің «Алаш һәм Алашорда»* (А.,1995), *Мәмбет Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы»* (А.,1995), *Хамит Мадановтың «Қазақ халқының арғы-бергі тарихы»* (А., 1995) еңбектері жарық көрсе, белгілі жазушылар мен филолог-ғалымдардан *Қойшығара Салғариннің «Қазақтың қилы тарихы»* (А.,1992), *Мекемтас Мырзахметовтың «Қазақ қалай орыстандырылды?»* (А.,1993), *Тұрсын Жұртбайдың «Дулыға»* (1, 2 том. А.,1994.), т.с.с. шығармалары жалпақ жұртқа жол тартты.

Нақ осы кезде (1991-1995) жергілікті жерде тарихшылар *Тұяқбай Рысбековтың, Бақтығұл Бірімжаровтың, Мұрат Сдықовтың, Исатай Кенжа-*

анық-ты.

1913 жылы Ж.Сейдалининің: «қазақ зиялыларының тарландары – **Бақытжан Қаратаев**, Әлихан Бөкейханов және **Бақыш Құлманов**, бұл үшеуі өзі үш рулы ел болса да, Алаш дегенде басы бір жерге қосылса керек», - деу себебіне көз жіберген дұрыс.

XX ғасырдың басындағы Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтай көшбасшының қос қапталында иық тіресіп тұрған қос қайраткердің Ақжайық топырағының дара перзенттері екені, әрине көңілге жылылық ұялатады.

Осы ретте қазақтың арғы-бергі тарихында айшықты ізі қалған алып-тарымыз **Мұхаммед-Салық Бабажанов**, **Шәңгерей Бөкеев**, **Ғұмар Қараш**, т.б. айналып өту мүмкін емес.

Сөз орайында айта кетерлік тағы бір маңызды нәрсе, қазақ үшін һәм қымбат, һәм қасиетті «Қазақстан», «Алаш» атаулары – байтақ еліміздің Батысында алғаш рет ресми түрде қолданысқа енген-ді.

Біздіңше, мұның бәрі кездейсоқ нәрсе емес. Ойды ой қозғайды. Бір дерек екіншісін еске түсіреді. Атам



8

Рэкет келе жатыр десе Әзірейіл келе жатқандай көрінетін. Олардың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс еді. Заң-зәкүн солардың қолында. Өкінішке қарай, кейін сайдың тасындай талай оралдық оғландар алма-кезек оққа байланды.

Киім дегеннен еске түседі. Әлеуметтік жағдайы жақсы, тұрмысы түзу немесе сәнқой жігіттер таза былғарыдан жасалған «Саламандра» фирмасының жалт-жұлт еткен аяқ киімдері мен түрік бауырларымыздың жоғары сапалы шегіренінен тігілген жаңа үлгідегі күртелері мен жер сызған плащтарын «сүйретіп» киіп жүретін.

Сол жылдары кәсіпкерлер мүйізді ірі қараның терілерін халықтан тиын-тебенге сатып алып, оны Түркияға жөнелтіп, базарларда қызу сауда жүріп жатты.

Ондағы айтпағымыз – қазақтың ақбас сиырларының терілері түркілік заманауи жаңа технологияның тамаша илеуі мен өңдеуі һәм шебер тігуінің арқасында өзімізге «сұмдық» бағамен қайта оралатын. Сондықтан оған екінің бірінің қолы жетпейтін.

Бертін келе ірі қара терісін халықтан жаппай сатып алу тоқтады. Елімізде жыл сайын соғымға сойылатын миллиондаған мүйізді ірі қараның терілері бүгінде ешкімге керексіз болып, қазақ ауылдарында тау-тау боп «үйіліп» жатыр.

Сол жылдары көпшілік студенттер қытайлық

8

«кожа заменитель» күрткелерді қанағат тұтты. Оның біреуі біздің де иығымызға ілінді. Ол жаңалай алған кезде қаптаған сырмалары әм темір-терсектерімен ерекше үндесіп, қарауға көз керек боп, сондай жайнап тұратын.

Уақыт өте келе оның сырты қабыршақ-қабыршақ боп жарылып, ілезде түсі оңып, мыж-мыж боп алғашқы көркінен айрылып тынатын. Ол аздай әр жерінен бір тілім-тілім болып, «терісымақ» қаудырлақтан тігілген күрткенің біртіндеп сүдіні кететін.

Біздің жастық шағымызда қытайлық «адидас», «монтана» спорттық костюмдері, сол елдің арзанқол кроссовкалары мен көйлек-көншектері, басқа да киім-кешектері, «бойс» жемпірі, «джинсы», «мальвина джинсы», «джинсовка», «ондатр», «норка» бөріктері сәнді киімдер санатында еді.

Бірте-бірте бізден алыстап, бейнелеп айтсақ, бізге қол бұлғап бара жатқандай көрінетін студенттік жылдардағы мәдени-тәрбиелік шаралардан төмендегі нәрселер есімде жақсы сақталыпты.

Бұл уақыт – елімізде ақындар айтысы енді-енді жандана бастаған кезең еді. Біздермен бір курста қазақ филологиясында оқыған, кейін аттары облыстың шеңберінен шығып, республикаға жеткен ақындар мен өнер қайраткерлері аз болған жоқ. Олар: Асхат Маемиров, Жібек Болтанова, Назгүл Каримова, Ертай Бимұқанов, Қазбек Әлмұқанов, Нұрлан Қосымбаев т.б.



Басқасын айтпағанда, **Жаһанша** және **Халел Досмұхамедовтер** бастаған Күн-Батыс Алашорданың қайраткерлері аталмыш оқу орнында білім алған еді. Тәспідей тізе берсек Оралда оқыған ұлт зиялылары мен қайраткерлерінің тізімі одан әрі жалғаса берері сөзсіз.

Бірақ біздің бұл жолғы басты мақсат – жергілікті ұлт асылдарын түгендеп шығу емес. Десек те, сол заманның қайнаған қоғамдық-саяси өмірінің бел ортасында жүрген, өзіміздің өңірден шыққан айтулы интеллектуалдар тек жоғарыда аталғандармен шектелмесі

Ал XX ғасырдың басында Орал қаласының өзінде халық саны 50 мың адамға жетті деген деректер бар. Бұл – сол заман үшін үлкен көрсеткіш. Қазақстанның батыс қақпасы болып саналатын һәм географиялық орналасуы жағынан алып мемлекетпен жапсарлас жатқан киелі өңір осылай отаршылдық саясаттың тірегіне айналып шыға келді.

Әрине, медальдың екі жағы бар. Орыс отаршылдарымен бірге аймаққа оқу-тоқу мен білім-ғылым да ілесе келгенін жасырып қалу қиын. Оған дәлел Қазан төңкерісіне дейін-ақ Орал қаласында ашылған оқу орындарында XX ғасырдың басындағы талай жергілікті ұлт марғасқалары білім алды.

Түсінген жанға мұны уақытында жан-жүрегінен өткізген Ұлы Абай: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек», - деп қорытқан-ды.

Қолымызда бар, ғылыми айналымда жүрген деректерге иек артсақ «XX ғасырдың басында Орал облысында 6 облыстық, 1 кәсіби және 63 көшпелі мектептер болған. Солардың ішіндегі ерекше оқу орны **Орал әскери-реалды училищесі** еді. Училище қабырғасында оқып, білімдерін Ресей оқу орындарында жалғастырған қазақ зиялылары аз болмаған».

Жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Студенттер көктемінде» сол қазақ филологиясының әзілкештері Мұқанғали Томанов пен Ақылбек Жұмашевтің сатираға құрылған скетчтері әлі ұмытыла қойған жоқ.

Оларды сол заманның сахна саңлақтары Құдайберген Сұлтанбаев пен Тұңғышбай Жаманқұловтың прототипіндей көретінбіз. Әр қойылымдары студенттер үшін қызықты боп көрінетін. Бүгінде Мұқанғали бауырымыз өнердің өз адамына айналса, Ақылбек мырза белді мекеменің беделді қызметкері.

Сол кезде ұлтымыздың төл мерекесі «Наурыз» кеңінен аталып өте бастады. Осыған орай институтта ұйымдастырылатын тәрбиелік шараларға жалпақталдық группаластарым **Данагүл Гумарова** мен **Нұрғаным Аманжолова** белсене араласатын.

Данагүлдің тамаша ән айтатын өнері, өзіне жарасатын қоңыр дауысы болды. Студенттік жылдарда өңірімізге белгілі өнерлі әулетке келін болып түсіп, Ақжайықтың ардақты аналарының бірі Баян Қабиеваның ұлы Әділмен шаңырақ көтерді.

Ал Нұрғаным өзіне ұсынылған қазақ әжесінің рөлін сахнада ғажап сомдайтын. Оның жастық шақтағы табиғи шынайы болмысын дәстүрлі қазақ қоғамындағы ақ кимешек киген әжелерден айырып алу қиын еді.

Сол студенттік шақта өзіне берілген рөлді шебер



ойнаған «әжемiз» бүгiнде өмiрде нағыз әже статусына ие болып отырған жайы бар. Әңгiменiң бағыты сол жылдары жарты құртты жарып жеп, бүтiн құртты бөліп жеген группаластарыма қарай ойысқан екен.

Жоғарыда бiр топта оқыған бiрнеше достарымды сөз орайында тiлге тиек еттiм. Ал бұл жолғы әңгiме «кезегi ендi келген» группаластарым хақында. Бiз үшiн таусылмастай боп көрiнген еркелiкке толы сол бiр студенттiк жылдардағы құлын-тайдай тебiсiп бiрге өскен топтастарым кiмдер едi?!

Менен үш жас үлкен ақжайықтық **Айнагүл Кидришеваның** (қыз кезiндегi фамилиясы Ахметқалиева) жазу үлгiсi ерекше әдемі едi. Маржандай тiзiлiп тұратын. Лекция мен семинарда түрлi-түстi

Тақыр жерге шөп шықпайды

Орал – патша заманында елiмiздегi үлкен саяси-әкiмшiлiк, экономикалық-өнеркәсiптiк, мәдени-рухани орталыққа айналған қала. Оған әсер еткен негiзгi факторлардың бiрi, 1867-1868 жж. реформа бойынша Орал шаһары – Қазақстанның батыс өңiрiнде облыс орталығы қызметiн атқарды.

Яғни сол жылдары Қазақстанда құрылған алты облыстың бiрiнiң әкiмшiлiк орталығы болды. Оның құрамына Орал, Гурьев (қазiргi Атырау аумағы), Калмыково, Жем (/Темір/ қазiргi Ақтөбе аумағының бiр бөлігi) уездерi ендi.

Сондықтан халықтың саны мұнда өзге өңiрлермен салыстырғанда тығыз болды. Тарихи деректер ХIХ-ХХ ғғ. басында Орал облысы аумағында шамамен 1,6 млн. халық болғандығы туралы сыр шертедi.

Ұлт Ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың 1913 жылы «Қазақ» газетiнде «Әлхамдулла, бiз қазақ 6 млн-ға жеттiк» деп шаттанғанын еске түсiрсек, Орал облысы тұрғындарының саны – сол заман үшiн едәуiр болғандығын байқау аса қиын емес.

Керек болса, Орал – 1897 жылы Қазақстанда жүргiзiлген тұңғыш халық санағы бойынша елiмiздегi ең халқы көп қалаға айналды. Мәселен, Оралда – 36446, Верныйда – 22744, Семейде – 20216, Қостанайда – 14175 т.с.с. болып жалғаса бередi.

үлгері алмасаң, келесі жылға қаласың».

Иә, бізге мұның бәрі со кезде қызық көрінетін. Орал орыстанған қала болғасын ба, ол уақытта студенттер қалашығынан қазақылықтың иісі бұрқырап тұратын. Пединституттың жеті жатақханасындағы студенттер бір-бірімен сапырылысып (ол кезде №5 жатақханадан басқасында өңкей студенттер болды), мидай араласып, оған басқа да жастар қосылып, өмір қайнап жататын.

Студенттік қалашық – пединститут ауданының сәні еді. Орал қаласындағы жастардың орталық би алаңы саналатын «Фурмачиден» басқа пединститут пен педколледждің жатақханаларының астыңғы қабаты, яғни жертөлесінде және сол кездегі «Юбилейный» аялдамасы маңындағы «Сказкада» аптаның соңында қызатын дискотекалар – сол заман жастарының өміріндегі қызықты дәуреннің бірі боп саналатын.



бірнеше қаламсапты қатар пайдаланатын. Талғамы жоғары. Сұлулықты сүйетін.

Ал топтағы жігіттерден ақжайықтық Абай Қожанғалиев пен казталовтық **Бисебай Төлеповтің** де «почерктері» нағыз «писарьдікі» десе кім-кім де сенетіндей еді.

Осы орайда жерлесім Қаратөбенің Ақтайсайынан келген **Нұрлыгүл Қойшекенованың** орнықты мінезі, семинар сабақтарына мұқият әзірленетін тиянақтылығы, өзіне керемет жарасатын жымиысы, сол сәтте «тесіле» қалатын бетіндегі екі шұңқыры әлі көз



алдымда.

Тайпақтың Өлеңтісінен келген **Бақыт Кәрімованың** білімге құштарлығы, әсіресе соңғы курстарда «екінші демінің» ашылуы, бүгінде марқұм, тайпақтық **Гүлбаршын Төлеуованың** алға да шығып кетпей, артта да қалып қоймай, алтын аралықты ұстайтын сабырлы да салмақты



мінезі, сабақ айтқанда да өз ойын байыппен жеткізетін ұстамдылығы, казталовтық **Қарлығаш Үмбетованың** өзіне жарасып тұратын еркелігі, кісінің көңіліне қарамай ойын ірікпей айтатын өткірлігі, соған қарамастан жан-дүниесінің тазалығы, ордалық **Мағжан Хайруллиннің** эрудициясының кеңдігі, бірақ оны көп көрсете бермейтін бұйығылығын айта кеткеннің еш артықтығы жоқ.

Ал біздің қатарымызға кейін қосылған ақтөбелік **Жарасхан Кульяровтың** бойынан сол уақыттың өзінде кәсіпкерлікке жақын іскерлік қасиеттер байқалса, қызылордалық **Айгүл Қаржаубаева** қа-зақы, көпшіл, әзілқой мінезімен ерекше көрінетін.

Сол сияқты академиялық демалыстан кейін бізге



мутаторға келіп, кезекке тұратынбыз. Біріншіден, кезектің ұзақтығы, екіншіден, байланыстың нашарлығы кісінің сабырын сарқып, көңілін сарғайтатын. Енді «алло» дей бергенде байланыс үзіліп кетіп, жүйкені жұқартатын.

Сол уақыттағы байланыс құралының бірі – хат жазу болатын. Талай ғашықтардың сағынышқа толы хаттары айлап жүретін. Қазір бұлардың бәрі тарихтың еншісіне айналды.

Мына нәрсе есімде жақсы сақталыпты. Бірде маған көршілерім шетелден хат келіп тұрғанын айтты. 4-ші қабаттан төменге түссем хат Каирдың (Мысыр) Әл-Азһар университетінде тәлім алып жатқан бұрынғы группаласым Біржан Әлиахметұлынан екен.

Ол кезде жан-жақтан келген хаттар 3-жатақханының 1-қабатында кіреберістегі столда жататын. Шет елдің конвертіне жақсы желімделген хаттың ішін ашып оқысам, оның қысқаша мазмұны мынадай: «Жәке, амансыңдар ма?! Группаластар қалай?! Кураторымыз Ғинаятолла ағай «Наурыз» мерекесіне орай институтта өтетін шараға байланысты әрқайсыңа жеке-жеке тапсырма беріп жүр ме? Ағай, біреуің өлең айтыңдар, екіншілерің би билеңдер, т.с.с., сабақта пәленше неге жоқ, түгенше сабақты неге көп жіберді деп жүрген болар?! Мында бәрі басқаша. Бәрі өзің үшін. Сабаққа бір студент келсе де, он студент келсе де ұстазға бәрібір. Оған келіп-кететін ештеңе жоқ. Сол жылғы оқу бағдарламаңды



Заман қанша қиын болса да, осының бәріне уақыт та, қаражат та табылып жататын. Әсіресе, ауыл шаруашылығы институты мен пединститут студенттерінің арасындағы танысу кештері, алдыңғысында ерлердің, соңғысында арулардың көп болуы көтерілген мәселенің мәйегін аша түседі.

«Өртенген сезімін өшіре алмаған» талай жастар осындай кездесулерден кейін шаңырақ көтеріп, жарасымды жұп болған-ды. Хакім Абайдың:

*«Құдай-ау, қайда сол жылдар,
Махаббат, қызық мол жылдар?
Ақырын, ақырын шегініп,*

Алыстап кетті-ау құрғырлар!», - дегені осындайда еске түседі.

Ауылмен сөйлесу үшін «облисполкомдағы» ком-

қосылған ақжайықтық **Нұрсұлтан Қоспаев** жер қозғалмаса қозғалмайтын нағыз нардың өзі болса, шыңғырлаулық **Темірхан Аймұханов** бауырымыз ширақ, шалт қимылдайтын қасиеттерімен есімізде қалыпты.

Құдай-ау, қайда сол жылдар...



Сол бір қызығы мен қиындығы мол студенттік жылдардан алдымен нені еске түсіруге болады? Сол бір кезден қалған қандай әсерлі сәттер санада қайта-қайта жаңғырып

тұр? Одан бері де бір буын алмасып, заманмен бірге құндылықтар да өзгергенін еске түсірсек, оның қазіргі жас толқын үшін тағылым алар тұстары қандай?

Міне осы сұрақтарға көктей шолу жасап, сағынышқа толы өткен жылдарға сапар шегейік. Есімізден енді шықпастай һәм өшпестей боп, жадымызда тасқа қашалған қаріптердей хатталып қалған нәрселердің бірі – сол жылдары біздер төрт курста үш-төрт ғимаратқа көшіп-қонып жүріп оқыған едік.

Осыған орай әзіл-шынын араластырып, «біздер, тарихшылар – нағыз көшпенділердің ұрпақ-

тарымыз» дегенді жиі айтатынбыз. Алдымен институттың бас ғимаратында (№1 ғимараттың «Б» бөлігінде), сосын қазіргі шаһарымыздың орталығындағы «АМАНАТ» (ол кезде «Форум» деп аталды) кеңсесінде, содан кейін өзіміздің тарих, экономика және құқық факультетінде (№3 ғимарат, Сарайшық көшесі, 34) білім алдық.



Сабағымыздың оқу кестесіндегі ретіне қарай ара-тұра институттың басқа да корпустарында төбе көрсететінбіз. Қазіргі уақытпен салыстырғанда сол жылдардағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы едәуір қиын болғандығы алдыңғы бөлімдерде айтылды.

Ашып айтсақ, ол кезде студенттердің дені ашқұрсақ жүретін. Бертін келе халықтың әл-ауқаты жақсы жағына қарай өзгере бастады. Әрине, бұл қазір «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман орнады» деген сөз емес.

Десек те, екі кезеңді бір-бірімен шендестіре

«Терминатор», «Трудная мишень», «Крепкий орешек», «Универсальный солдат», «Музыкант», «Скорость», т.б. экранды жаулап алған жылдар еді. Әлемнің кино жұлдыздары Брюс Ли, Сильвестр Сталлоне, Жан-Клод Ван Дамм, Арнольд Шварцнеггер, Джеки Чан, Чак Норрис, Боло Йен, Саммо Хун, т.б. жекпе-жек өнерін тамашалап, олардың кәсіби шеберліктеріне сүйсінетінбіз.

Мәселен, қазіргі жас буын үшін ондай дүниелердің еш қызығы жоқ екенін байқау аса қиын емес. Ал біздің заманымызда ондай контенттер негізгі «тренд» болып саналатын.

Әсіресе, біздің студенттік жылдарда қазақ жастарын өзінің көркемдігімен баураған «Афганский излом», «Махаббат бекеті», т.б. көркем фильмдердің кинотеатрларда бір күнде қайта-қайта көрсетілгені есімде.

Сол заманның сәніне айналған сүйікті нәрселердің бірі – студенттердің жаппай суретке түсуі-тін. Олар Ленин даңғылындағы «Сәлем» фотосалонының алдында бір-біріне іркесіп-тіркесіп, ұбап-шұбап, топ-тобымен жүретін.

Ол жылдары студенттердің өзара кездесулері, жатақханалардың ұядай бөлмелерінде өтетін той-топырлар, кеш болса үзіліссіз айтылатын ән-жырлар, жалдамалы жер үйлерде жиі өткізілетін басқосувечерлер, «призывниктерді» әскерге шығарып салу, оларды қарсылап алу, т.б. жиындар әсте үзілмейтін.

тұратын квас та бастапқыда таңсық сусын боп көрінген-ді.

Газвода ішу үшін көшедегі автоматқа алдымен тиынымызды салатынбыз. Егер тиын түспесе жұдырықпен тарсылдатып ұрып, оны салдырлатып түсіретінбіз. Содан кейін ғана барып газдалған сусын шүмектен сыздықтап ағатын.

Бертін келе балалар мен жастардың сүйікті сусыны лимонадтың орнын қытайлық ұнтақтан жасалған түрлі-түсті Юпи (Yupi) алмастырды. Олар студенттік кештердегі дастархандарда графиндермен тізіліп тұратын.

Қазіргі жастардың айтуынша, олар шетелдік кино индустриясына көп қызығады. Netflix, Marvel, Disney, DC, дорама (Корей фильм, сериалдары) және т.б. танымал компаниялардың фильмдері жастарға өтімді болып келеді. Көбіне фантастика, триллер, комедия сияқты жанрларды таңдайды екен. Олар отандық киноөндірісі де жақсы дамып келе жатқанын алға тартады.

Енді біздің кезімізде қалай болып еді? Тағы да студенттік жылдарымызға саяхат жасайық. Айталық, «Мир» (қазір «Сиберия» мейрамханасы), «Орал» (қазір «Пинта» мейрамханасы), «Чапаево» (қазір үстел теннис залы), «Гагарин» (қазір балалар театры) кинотеатрларына жігіттердің қыздарды «шұбыртып» киноға апаруы ерекше бір үрдіс болды.

Ол уақыт атыс-шабыс, боевик кинолар «Рембо»,

саралап, оған салыстырмалы талдау жасағанның еш артықтығы жоқ. Мәселен, қазіргі студенттердің айтуы бойынша олар көбіне қолжетімді, тез дайын болатын донер, бургер, суши, хотдог сияқты фастфуд өнімдеріне құмар, сосын газдалған сусындарға «өш».

Олар уақытын үнемдеу үшін көбіне «сыртта» тамақтанғанды жақсы көреді. Мейрамхана, кафелерде шығыс тамақтары, кәріс асханасын, т.б. ұнатады.

Ал, біздің студенттік жылдарда бұ жағы қалай болды? Соған қысқаша барлау жасайық. «Юбилейный» (қазіргі «Батыр қыздар») аялдамасындағы «Марина» кафесіне өзіміз сүйсініп ішетін, құйылып болғаннан кейін де көпке дейін көпіршік атып тұратын қоп-қою коктейль үшін арнайы баратынбыз.

Сол сияқты институттың бас ғимаратының жанындағы «Аққу» және №3 жатақхананың жер-төлесіндегі «Нежность» кафелері студенттер қауымының тұрақты асүйлері болды.



Өйткені, бұл асхана-дәмханалардың бағасы ілім-білім іздеуші шәкірттер үшін өте қолайлы болатын. Әсіресе со кездегі Ленин даңғылындағы «Диетический» асханасының (қазіргі «Типография» аялдамасының артқы жағында болды) тағамы әрі дәмді, әрі арзан-ды.

Өзіміз білім алған тарих және шет тілі факультетіне жақын «Облисполком» (қазіргі «Өлкетану» музейі) аялдамасындағы «Раушан» (қазіргі атауы «Додо Пицца») кафесіне стипендия алғанда аялдайтынбыз.

Біздің корпустың оң жағындағы «Вечерний бриз» (қазір Еуразиялық банк) кафесіне кіріп-шығып жатқан жандар біз үшін шетінен «бай-шонжарлар» болып көрінетін.

Себебі, ол заманда мұндай «майлы жерді»



студенттердің қалтасы көтере бермейтін. Картоп, рожки мен маргарин, шөлмектегі айран (кефир) мен тәтті нан (булка) сол жылдардағы студенттердің негізгі қоректерінің бірі десек қателеспесіміз анық.

Сосын кефирдің шыны шөлмектерін жалтыратып жуып, оның ішін сым-тікендері бар сүңгімен жақсылап тазалап, оны кейін дүкенге қайтадан тапсыру үлкен өнер еді.

«Сельхоз работадан» дорбалап тасыған картоптарымыз керуеттің астында жазға дейін жататын. Жасыратын несі бар, ауылдан келген біздер үшін сүт қатқан кофе мен какао және үлкен көшелердің бұрыш-бұрышында сары түсті бөшкемен сатылып



алғысымызды білдіреміз! Көз алдымызда барлығы кеше өткендей, өтіп шықты. Студенттік шағымызға оралып, бір көңілімізді көтеріп, жасарып қалдық. Білім ордамыздың мерейтойы құтты болсын! Сендей ұстаздары көп болсын! Өрлей бер, өсе бер! Біздің мақтанышымыз!

Талап Таймасұлы: Жаны жәннатта, топырағы торқа болсын! Ой, уақыт-ай! Мектепке сабаққа баруға шыққанымызда үйдің қасынан қозғалып бара жатқан ырғақ шанасының артына жармасып, мектепке жетіп қалатынбыз. Тамаша жазылған тарихи естелік! Еңбегіңнің жемісі жақсылармен еселене берсін! Құрметіңе құрмет қосылсын!

Райса Шамғонова: Жаңабек бауырым, «бауырым, ішіндегі тәуірім», - деп көрген жерден құрақ ұшатын бауырым, сол бір студенттік кездерді бірге өткізген замандас құрдас! Жазып жүрген естелік топтамаларыңды оқып, болған жайттардың барлығы көз алдымнан тізбектеліп өтуде. Бүгінгі естелігің асқар тау әке, марқұм Жаңабай ағамызға арналған екен. Ағамызды тұлға ретінде, маман ретінде ауыл адамдары жақсы жазған екен. Елден жырақта оқыған мен үшін, Жақсығалиевтер әулеті ауыл ішінде етене жақсы араласқан қарабуралар отбасы. Менің есімде қалғаны: қалаға оқуға кетіп бара жатқан біздерге, «студенттік кездерің аумалы-төкпелі қиын заманмен тұстас келді, басы қатты болғанның, соңы тәтті болады, жолдарың болсын» деген сөздері. Ия, сол бір қиыншылық кездері студент болған біздер, қазір бір-бір маманбыз. Жатқан

қазақ: «Тақыр жерге шөп шықпайды» дегенді бекерден-бекер айтпаса керек.

Тамырынан айырылған теректің тез солып, тез қурайтыны бесенеден белгілі. Ондағы айтпағымыз не? Біз нені меңзеп отырмыз?

Сөз жоқ, өмір мен қоғамның өз заңдылығы бар. Не нәрсенің де мықтылығы оның тамыры мен іргетасына байланысты. Ұрпақтар сабақтастығы – ұлттық құндылық!

Бөкей ордасы – тұңғыштар мекені. Тарқатып айтсақ, олар қазақ жеріндегі қазақша-орысша оқытатын тұңғыш мектеп, тұңғыш музей, тұңғыш архив, тұңғыш жәрмеңке, тұңғыш дәріхана, тұңғыш мерзімдік баспасөздердің бірі, тұңғыш «Қазынашылық» мекеме, т.с.с. болып жалғаса береді.

«**Жәңгір хан**» мектебін бітірген дарындар мен дарабоздардың өзін тізе берсек басты тақырыптан ауытқып кетуіміз мүмкін. Сондықтан біздің бұл жердегі негізгі айтпағымыз, патша заманының өзінде Батыс Қазақстан өлкесінде білім һәм ағартушылық бағытта игілікті істер жолға қойылды.



Уақыт өте билік алмасты. Патша тақтан құлады. Билікке келген Кеңестер бұқараның жаппай сауаттылығын көтеру және жоғарғы білімді мамандар даярлауды күн тәртібіне шығарды.

Алматыда еліміз бойынша алғаш ашылған педагогикалық жоғары оқу орны – Қазақ педагогикалық институтынан кейін, біздіңше, Орал қаласында мұғалімдер дайындайтын институттың ашылуы кездейсоқ емес-ті.

Мәселен, жергілікті жердің білім әлеуеті де соған сай, жоғарғы білімді мамандар дайындайтын талаптарға барынша дайын болу керек-ті.

Осы орайда біздің өңірден шығып, мемлекеттік деңгейде ел билеу ісіне араласқан Қазақ АКСР-і ОАК-нің тұңғыш төрағасы, Кеңестік Қазақстанның тұңғыш президенті **Сейітқали Меңдешев** (1920-1925) пен Қазақстан Халком кеңесінің төрағасы **Ораз**



Исаевтың (1929-1938) есімдерін

тілге тиек еткеннің ешқандай артықтығы жоқ.

Айталық, кейін Қазақ оқу-ағарту халық комиссариаты төрағасы қызметін абыроймен атқарған

Сейітқали Меңдешевтің Орал педагогикалық инсти-

Раушан Сисенбаева: «Жақсы әке балаға қырық жыл азық» демекші, әкеміздің айтқан сөздері, көрсеткен өнегесі өмірлік ұстанымымызға айналды. Біз студент кезде құндыз (норка) бөрік сәнде болды. Жаспыз, қатарымыздан қалмай кигіміз келіп, жақсы оқитынымызды алға тартып, «жаман оқитындар да киіп жүр ғой, папа» дегенімде «ар жағында білімі жоқ қауқиған басты құндыз бөрік жасыра алмайды, киім дүние болмайды, одан да оқындар» деген еді марқұм. Кейде анамыз да (заты әйел ғой) көйлек алып жатса, соны кисең де сол Рысханымсың, кимесең де сол Рысханымсың дейтін. Жылтыраққа, даңғазалыққа, әсіреқызылдыққа жаны қас еді. Міне осындай әкеміздің дүниеден өткеніне де 5 жыл толып жатыр. Зулаған уақыт. Жаныңыз жәннатта болсын, жан әке! Жәкөн, жақсы дүние қолға алдың. Жазарың таусылмасын!

Айнагул Кидришева: Өзің жазғандай 1991 жылдың тамыз-қыркүйек айындағы «перваштар» хикаясы бас-талды. Бәріміздің көз алдымызда. Алғаш 9 қабат-ты жатақхананың бөлмелеріне жаңа жиһаздарды орналастырғанымыз. Өзіңнің де көзімізді ашып-жұм-ғанша сырықтай болып шыға келгенің. Өте керемет мақалалар циклының жалғасы, Жаңабек!

Менде бүгінгі жазбаңды оқи отырып, бала кезім, әкеміздің берген тәрбиесі есіме түсіп отыр. Әкеміздің орны бөлек еді. «Әке-асқар тау», деп бекер айтылмағанына тағы да куә болып отырмыз. Әкеңнің жатқан жері жарық, топырағы торқа болсын! Артынан қалған сендей ұрпақтары аман болсын! Керемет жазбаларыңа

кеткенді жөн көрдім. Інім өзі жазғандай, ағамыздың түрі сұсты болатын. Алдына келген шамалы адам тосылатыны шындық. Алайда, адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше демекші, сөйлесе келе ол кісі туралы пікіріңізді ойдан шығарып тастауға тура келетін. Сондықтан да, ауылдағы осы Жақсығалиевтер әулетінің балалары шетінен білімді, мектепті бәрі де өте жақсыға аяқтайтындығына қуана да қызыға, пенделікпен кейде қызғана қарайтын танымал әулет ретінде танитын.

Бірді айтып, бірге кетіп жатсам айып етпессіздер. Жүзі сұсты, көзі өткір, үнемі жұмысбасты ағамыздан гөрі, біз үйдегі Рысханым жеңгемізді ұстаз ретінде де, мейірімді, қамқор жеңге ретінде, ана ретінде өте қатты құрметтейтіндігіміз рас. Әңгімемді осы жерден түйіндеп, жеңгеміз туралы Жаңабектің келесі сериялы естеліктерін күткен жөн болар.

Қыдыр Өткелбаев: Жаңабек, «әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» демекші, әкенің отбасы тәрбиесінде алатын орны туралы өте жоғары деңгейде жазыпсыз. Жазбаны оқи отырып, бала кезім, әкемнің маған берген тәрбиесі есіме түсіп, көңілім босап отыр. Әкеңіздің жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын!

Нұрберген Мақұл: Жаны жәннатта болсын! Біз Бесотарда тұрғасын шығар, ол кісіні бала кезде бір-екі рет қана көрдім. Кейін апамнан, ол кісі де Ысықтың Қорлыбай-Түмендеріне жиен болатынын және нағашы жұрттың шежірелерін білуі мүмкін екенін естіп, «әне барам, міне барам» деп жүргенде уақыт өткізіп алыппын. Кейін, қайтқанын бір естідім. Ол кісі маған бөле болатын.

тутының ашылуына ықпалы болғанын тарихи шындық үшін айтуға тиістіміз.

Задында, бұл – кеңестік қазақ мемлекетіне бір кісідей еңбегі сіңген С.Меңдешевтей бірегей тұлғаның сан-салалы қызметінің бір парасы ғана.

Ойымызды қорыта келе, туған халқын ілім-білімге сүйреген тарих көшіндегі дара тұлғалар ешқашан ұмытылмақ емес.

Әйтеке бише толғасақ:



*Елдің бағын ашпаса,
Ер мұратқа жетер ме?
Ердің сағын сындырса,
Ел мұратқа жетер ме?
Ел тірегі - Ері
Ер тірегі – Елі
Бола білген қауымның
Басынан бағы кетер ме?!*



Түйін

Біз бұл жазбамызда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдық тарихын кезең-кезеңімен жүйелеп шығуды алдымызға басты мақсат етіп қойғанымыз жоқ.

Өйткені бізге дейін жарияланған университеттің мерейтойларына арналған көптеген кітаптар мен жинақтарда бұл мәселеге арнайы назар аударылған.

Сондықтан біз бұл жолы – өзіміздің артта қалған қызығы мен шыжығы мол студенттік жылдарымызды жеке басымызбен байланыстыра саралап, көргеніміз бен көңілге түйгенімізді ғана тілге тиек еттік.

Мақсат – бізден кейінгі өсіп келе жатқан өскелең жас ұрпақты 90-жылдардағы студенттік өмірмен таныстыру, сол заманның көрінісін санамызда қайта жаңғыртып, біздің буынға сабақ берген ұстаздарымызды құрметпен еске алу.

Кеңес кезеңінде А.С.Пушкин атындағы ОПИ-дың білім сапасы Алматыдағы Абай атындағы Қаз ПИ-ден кейін екінші орын алады екен деген әңгіме халық арасында жиі айтылатын.

Иә, «халық айтса, қалып айтпайды» деген нақыл бар. Соның кішкене бір дәлелі, көршілес жатқан Атырау, Ақтөбе, Қызылорда, Маңғыстау облыстарының талапкерлері ОПИ-ға жиі келіп, оқуға көптеп түсетін және оларға осында оқу үлкен дәреже, зор мәртебе саналатын.

археологиялық қазба жұмысында, Шалқардың айналасында болдық. Ол кісі өзінің жұмысына берілген адам еді, лекциясы да қызықты өтуші еді. Барлық сабақ орыс тілінде болды ғой группаға. Ольга Ивановна Гришина, Утешов, Ивакин сабақ берді. Қазір олар бұл дүниеде жоқ. Иманды болсын. Групадағы студенттер жаман оқыған жоқ. 1974 жылы бәріміз жан-жаққа кеттік. Тек Хамида Ихсановна институтта қалды. Тарихшылардың тарихи оқиғалары айта берсе көп.

Нұрлан Меңдешов: Біздің кездегі пединститут, қазіргі университет берген білім талайларды мойындатты. Ең бастысы өз ісінің білгірлері еңбек етеді бұл ұжымда. Әлі де солай. Сен солардың бірі де бірегейісің, бауырым!

Жаңабек інімнің керемет естелік жазып жүргенін үнемі бақылап, оқып отырамын. Балалықтың бал кезінен бастап, өмір жолына қарай жалғасып жатыр. Бүгінгі естелігі тым ерекше. Әке туралы, әкенің мейірімі, қамқорлығы, ең бастысы – әке мектебі.

Әрине, әке туралы толғаныс кім-кімді де бейжай қалдырмасы анық. «Әке-асқар тау», - деп бекер айтылмаса керек. Жаңабай ағамыздың еңбекқорлығын, өз ісін білетін маман екендігін елдің бәрі біледі. Қазақта малды түстеп танитын адамдарды, малсақ, қырағы деп жатады. Ағамыз ауылдың, совхоздың малдарын түстеп танитындығы бір бөлек, мүйізіне қарап жасын айырып, сондай дәлдікпен айтатындығын жұрт аңыз қылып айтатын. Ол кісімен жұмыстас болмасам да елде тұрғасын, ағайын болғасын осындай қасиеттерін айта

– бұл күнде еліміздің ғылым кеңістігіндегі танымал тарихшы-ғалымға айналған, қайраткер азамат Жаңабек атануы да заңды секілді. Себебі, біз білетін Жаңабектің бойында биік шындарды бағындыруға жетелеген мақсатшылдық, еңбекқорлық, жауапкершілік, ізденімпаздық, білімге құштарлық секілді қасиеттер еді. Өзіңмен мақтанам, Жәке!

Бексұлтан Тасболат: Тамаша жазылған, әкемнің студенттік кездегі суретін көріп қуанып отырмын. Ауылға келгенде (Базаршоланға) әкем екеуіңіз студенттік кездегі оқиғаларыңызды айтып отырушы едіңіздер.

Гүлмира Тәшенова: Ия, Жәке, бәрі көз алдымызда. Қаратөбенің құртақандай қара баласы қара көздері жарқырап, жадымызда қалды. Кейін әлденеше жылдар салып көріскенде, қалай өсіп кеткеніңе қайран қалғанбыз. Естелігіңді оқып, сонау сағымға айналған суреттер санамызда сағынышпен жаңғыруда. Әр бөліміңді күтіп, оқып жатырмыз.

Нұргүл Бимурзаева: Біздің студенттік кездеріміз өте күшті кезең еді ғой. Өте күшті жазыпсыз. Жалғасын асыға күтеміз!

Эльмира Баймағамбетова: Дәл солай, 11сыныпты 1991 жылы 62-63 оқушы бітірсек, сыныптастардың ең кішкентайы бала Жәкең болды. Қазіргі біздің мақтанышымыз дана да дара Жәкең, аман бол, еңбегің жемісті болсын, жазарың көп болғай.

Мәншүк Мәмбешова: Жаңабек, студенттік кездерімізді еске түсірдің. 1972 жылы Ғаяз Валиевичпен



Осы жылдар ішінде университеттің қабырғасынан сан мыңдаған шәкірттер жаңа өмірге қанат қақты. Әрине, кез келген ЖОО өзінің дарынды түлектерімен мақтанатыны рас.

Бірақ, біз нақ осы жолы оларды шып-шырғасын шығармай, түп-түгел түгендеп шығуды өзімізге міндет еткеніміз жоқ. Соған қарамастан Ел Тәуелсіздігі жылдарында Білім және ғылым министрлігінің тізгінін ұстаған екі ірі тұлға **Иманғали Тасмағамбетов** пен **Бірғаным Әйтимова** А.С.Пушкин атындағы ОПИ-дың кеңес заманындағы түлектері екені назар аударарлық.

Бұл үрдіс әлі тоқтаған жоқ. Алдымен осы институттың жанындағы педагогикалық лицейде, кейін осы институтта білім алған түлегіміз **Серік Шапкенов** соңғы

жылдары ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрі лауазымына тағайындалып, еліміздегі ең жас министрлердің бірі болып еңбек етті. Қазіргі кезде Атырау облысының әкімі.

Педлицей дегеннен еске түседі. Батыс Қазақстан өңірінің білім әлеуетінің әлі ешкімнен кем емес екенін осы университеттің жанындағы лицейдің дарынды ұл-қыздары сан мәрте дәлелдеді.

Бұл мектеп – жиырма шақты жыл бойы күллі республика бойынша ҰБТ-да маңдайы жарқырап, алғашқы орынды иеленіп, ешкімге дес бермеді. Шын мәнінде бұл, бұрынғы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты, қазіргі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қай уақытта да бәсі биік, жұлдызы жоғары екенін дәлелдейді.

Өйткені біздің ЖОО-ның қоғам алдындағы негізгі миссиясы – мектепке заманауи озық мұғалімдер даярлау!

Мың бұрала аққан ерке Жайықтың жағасында орын тепкен әйгілі білім ордасының – сырты мен ішінің өзара үйлесім тапқан сұлулығына тамсана қарап, оған мың мәрте басын иіп, алыста қалған жалын атқан жастық шақтарын сағына еске түсіріп, аңсайтындар көп.

Батыс өңіріне білім шырағын жаққан қара шаңырақ һәм Киелі Ордам – 90-ға келген толағай жасың құтты болсын! Біз Өзіңе мәңгілік қарыздармыз! Жаратқан Ием ғасырлық тойыңа да «төрт көзіміздің түгел жиналуын» нәсіп етсін.

ды! Сенімен бірге студенттік жылдар көз алдымызға келіп, әсерлі шығып жатыр! Жалғасын күтеміз, қаламың ұштала берсін! Сенің арқанда сонау алыста қалған жастық шағымызға саяхаттап қайттық. Өткен күндердің бәрі жаңғырып, еске түсті. Күнде келесі жазбаңды күтіп отыратын едік. Тағы да осындай тұшымды жазбаларың көбейе берсін! Талай ұрпақты білім нәрімен сусындатқан киелі шаңырақтың 90 жылдық мерейтойы құтты болсын! Өзің сияқты шәкірттері мен ұстаздары көп болсын! Біз сенімен мақтанамыз!

Рахила Абдрахманова: Жазушыдан кем емес, өте тартымды, оқи бергің келеді.

Светлана Бахшиева: Керемет кітап шығатын түрі бар, болашағы зор жазба болсын!

Гүлмира Аянғалиева: Жаңабек, мені жазар ма екен деп, басынан бастап оқып келемін, бүгін шықтым-ау. Біздің жастық шақ болғасын, қызық. Керемет естелік.

Марат Тоқжанов: Абитуриенттік қобалжуды жақсы буындап жазыпсың, Жәке!

Асхат Маемиров: Жастық шаққа керемет бір саяхат жасатып қайттың! Көз алдыма пединституттың жасыл ғимараты, жатақханалар (өзіміз тұрған №4, физмат №3, истфак №7) басқа да оқу ғимараттары, қыста дене шынықтырудан шаңғы тебетін Чагано-Набережная жақтағы тоғай, «Көктем» кафесі мен «Аққу» рестораны еріксіз оралып отыр. Сонымен бірге бәрімізді үш-ақ күнде есейтіп жіберген «Қыркүйек оқиғасы», барлығы киноленталары сияқты өтіп жатыр. Шынайы естелігің үшін мың алғыс. Білімге құштар студент-Жаңабектің

батын тұстары зергерлік дәлдікпен көркемделген. Қаламың ұшталып, жазарың көбейе берсін! Білім ордасының 90 жылдығы құтты болып, даңқы еселене берсін.

Люба Мәжитова: Өте әсерлі, әрі мағыналы, жарайсың!

Бисебай Төлепов: Жаңабек, қаламың ұштала берсін, сенімен бірге бір факультетте оқығанын группаластарың мақтан етеді деген ойдамын.

Сағынтай Бисенғалиев: Иә, сәт! Бір, бес жылдың тарихы хатталады-ау, жақын шамада?! Тамсаныып отырмыз...

«Алаңсыз күндер алаңы». Болашақ, жанры бөлек жазба жарық көріп жатса, аты осылай болғанын қалар едім, керемет!

Аяжан Ақманова: Физика-математика факультетінде 4 жыл оқысақ та, Ғ.Әнесовті білмеппіз. Тарихпен ұштастырып оқымаппыз, қызығушылық танытпаппыз. Біз үшін ұят.

Ғайса-Ғали Сейтақ: Тұшымды естеліктер! Төл университетіміздің мәртебесі арта берсін! Ғинаятолла кластас дос, Бақтығұл ағамыз еді, жандары жәннатта болғай!

Гүлжан Боранбаева: Ағай, әркез әңгімеңіз әсерлі. Сіздей ұстаздан тәлім алғаным үшін мақтанамын. Аман болыңыз!

Гүлжихан Сағитова: Жазбаңызды мектеп бітірушілер оқыса жақсы болар еді, үлгі тұтатын ұстазсыз!

Нұрлыгүл Қойшекенова: Естелігің керемет, тартым-

Оқыдық, пікір айтамыз!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 90 жылдығына орай өзімнің студенттік шақтарыма арналған беллетристика жанрында жазылған естелік-эссем осыған дейін фейсбук әлеуметтік желісінде жарияланған-ды. Соған байланысты әрбір посттың астына желі қолданушылары тарапынан толассыз пікірлер келіп түскен болатын. Солардың ішіндегі ең маңызды дегендерін елеп-екшеп, оқырманға ұсынуды жөн санадым.

Біржан Сапиев: Нағыз білім мен ғылымның қасиетті қара шаңырағының 90 жылдығы құтты болсын! Еліміздегі шоқтығы биік білім ордасы болған, сан мыңдаған түлектері посткеңестік территорияда өздерінің мықты білімдерімен ерекшеленген қара шаңырақ! 80-ші жылдары Қазақстанда теңдесі жоқ жаратылыстану-география факультетін тәмамдаған түлектер едік. Ұстаздарымызбен әлі мақтанамыз!

Дәметкен Сүлейменова: Осы оқу орнында білім алып, 45 жыл ұстаз болып қызмет еттік. Мерейтойы құтты болсын!

Айсұлу Тасимова: Альма-матеріміздің 90 жылдық мерейтойы құтты болсын! 1971 жылғы шет тілдер факультетінің түлегі, топтың старостасы.

Шолпан Қыдырғиязова: Осы оқу орнынан алған білімімен биік белестерді бағындырғандар ел мақтанышына айналғаны анық. Құтты болсын!

Любовь Хасанова: «Туған жердің түтіні қымбат маған», - деп ақындар жырға қосқандай, ауылымыздың біздің өмірімізде алар орны ерекше. Туған жер қадірі – дүниедегі ең ұлы нәрсемен пара-пар. Туған жер арқылы өзіңнің өткенің мен болашағыңды көз алдыңа елестете аласың.

Керемет, Жаңабек! Жазар естеліктерің көп болсын! Туған жерге сағыныш, балалық шақ бәрі тап бұрынғыдай көз алдымызға елестеді. Студенттік кезеңдерді сипаттауыңыз керемет. Әр адамның ішкі жан дүниесіне терең үніле білгенсіз. «Тарихшы ғана емес, нағыз психолог, нағыз жазушы» деген теңеу айтсақ та артық емес.

Әкеңіздің жаны жәннатта болсын! Қазақ отбасындағы әкенің орны туралы керемет жазылған. Сондықтан дәстүрлі қазақ халқында баланың әкеге құрметі ерекше. Халқымыздың ұғымында баланың ата-ана алдындағы парызын өтеуі «Ана сүтін ақтау» деп аталады. «Әкеге бағыну – Тәңірге бағыну», - деп әкені де қадір тұтқан. Сіздей дара тұлға тәрбиелеп, өсірген ата-анаң бақытты. Тіл-көзден аман жүр!

Самал Бисенқызы: Адамзат тарихына қарайтын болсақ, елдің дамуы халықтың өнер-білімге деген құштарлығынан бастау алып отырған. Қарапайым ауыл баласының білімге деген құштарлығы БҚУ-дың қабырғасында шындалып, кейін еліміздің ғылымына өзіндік үлес қосуына мүмкіндік берді. Білімге құштар ұрпақ қалыптастырудағы қызметіңізге табыстар тілейміз!

Сандуғаш Хамидуллина: Уақыт жүйрік деген осы-ау. Б.Қаратаев атындағы Саралжын орта мектебінен түлеп ұшқалы да отыз жыл өтіпті. Сол жылы кішкентай ауылымыз гүлденіп сала берді десе де болады. Мектеп бітірер шағымыздағы тұсты қаз-қалпында көз алдымызға әкелдің. Балалық шаққа саяхаттап қайтқандаймын. Әсерлі жазбаларың мен көлемді еңбектерің көп болсын!

Жасхайыр Қарағойшин: Жәке, мына естеліктерің бізді де ойландырып, бір сергітіп тастады. Арман қуған кезді елестеттің көз алдымызға.

Ақмарал Сәрсеналиева: Жастық шағымызды көз алдымызға әкеліп бердіңіз. Ия, сол бір кездер. Сары пазикте 3-4 сағат тұрып, ауылға баратын едік. Сол кезде ешкім ренжімейді де, аяқпен тұрып барғанға мәз болып, қалаға жететінбіз.

Мәулен Салахаден: Балғын шақтар, Алтын шақтар, Елес болып, Қалып жатыр. Солай, досым. Сезім сәуір. Көшкін уақыт. Өтіп жатыр... Әсерлі, жинақы, ұтымды үлгіде жазылған керемет естелік.

Есінде бар ма жас күнің, Көкірегің толық, басың бос, Қайғысыз, ойсыз, мас күнің..., - деп Хакім Абай данамыз айтқандай, думанды кездің Дударай сезімдері, естен кетпес сәттері, көрген түстей ғайып болып артта қала береді.

Жәке, еңбегің әдеби жанр жағынан ауқымды. Естеліктерің деректі, өсу жылдарың шынайы жазылғандықтан мемуарлық шығармалар тобына жатқызуға болады. Оқырманның өзінің бейнесіне ұқсастық та-

Жаңабек Жақсығалиев

М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан университетіне - 90 жыл

БІЛІМ АП САЯНДА...

Көркемдеуші: Қуандық МӘДІР

Баспаға 15.09.2022 ж. берілді. Пішіні 60x84/16.
Көлемі 10,25 б.п. Таралымы 500 дана.



М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
Редакциялық баспа орталығы.
Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 162.

жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болғай! Жаңабек бауырым, қаламың ұштала берсін, жазар естеліктерің көп болсын!

Самал Дошанова: Әкеңіз туралы тамаша естелік жазыпсыз. Көзімізге жас алып қалдық, шынымен де. Әкеге деген жүректің бір түкпірінде жатқан сағыныш сезімді сездік. «Асқар тау – әке» берген өнегелі тәрбие зая кеткен жоқ. Иманды болсын! Рухы желеп-жебеп жатсын! Ұрпақтары аман болсын!

Бақтылы Боранбаева: Әке рухына бағышталып жазылған монолог десем болатын сияқты. Ішкі жан дүние сыры... Әкеге деген сағыныш, құрмет бәрі айқын сезіліп тұр. Шығармашылық биік талант туындысы! Әке рухы қолдасын! Батыс аймақтағы беделді оқу орнының 90 жылдық тойына тамаша тарту! Жазарың көбейе берсін! Жаныңа жамандық бермесін!

Ақзия Ниязғалиева: Әмин, Раушан! Әкеңіз Алланың рахымында болсын! Таулар алыстаған сайын биіктей түседі дегендей, айлар, жылдар өткен сайын әкеміз айтқан ақыл, көрсеткен үлгі-өнеге санада жаңғырып, өмірімізге бағыт-бағдар, күш-қуат беретіні – ақиқат. Бұл күнде әке, ана туралы жазба, ән естісем, көңіл босап қала беретін болдық, үлкейгендік болар... Інімнің жазары таусылмасын.

Ақзия Ысқақова: Әке – тамырын терең жайған бәйтерек. Әке – баланың қорғаны. Менің түйсігімде әке туралы қалыптасқан ой осындай және ол өмірде де дәл осындай көрініс болған жанашыр да ақылды, қамқор ағам болған. Менің ағам – ең тамаша адам.

Ол кішкентайымыздан бері біздердің аттарымызды еркелетіп, ағалық қамқорлығын үнемі көрсетіп жүретін. Біз ағамызға еркелеп қана қоймай марқайып, мақтана қарайтынбыз. Менің бойым кішкентай болғасын мені Тәшөн деп айтатын еді. Сол сөздерді әлі күнге сағынамын. Сіздің үйге барғанда ағамның суретіне қарап, есіме түсіріп, еріксіз көзге жас үйіріліп, жылап аламын. Ағамның әрбір сөзі құлаққа жағымды, ғибратқа толы, көпке үлгі болар, алтынның сынығы еді ғой. Иә, біздің ағаларымыз бойларында жігер, ұлылық тұнған сөз жетпес кең жүректі жан еді! «Асылдан асыл туады» демекші, алтын ағамыздың сіздердей ұрпағының барына шүкір! Ағамыздан алған ізгі тәрбиенің жалғасын сіздер жалғастырады деген сенімдеміз. Топырағы торқа, жаны жәннатта болсын!

Тұрар Шайхиев: Әке туралы жан тебіренерлік естелік жазған екенсің, Жәке! Әкеміздің аруағы желеп-жебеп жүрсін!

Нұрлығали Дүйсенғалиев: Әкеңізді тебірене еске алып, естелік жазған екенсіз. Жаны жәннатта болсын, кейінгі ұрпақтары аман болсын!

Ақмарал Тұрниязова: Керемет естелік! Өмір жолы да, берген тәлімі, айтқан өсиеті де менің әкеммен өте ұқсас екен, өткір көздерімен бір қараса болды, бәрі де түсінікті.

Руслан Жұмағұлов: Әке қадірін түсінуге, әкені сыйлауға, құрметтеуге осы естелік жазбаңыз көп адамдарға ой саларлық дүние екен. Әкейдің иманы жолдас, топырағы торқа болсын.

Мазмұны

Алғы сөз	3
Оралдың білім ордасы	6
Сөз басы.....	9
Туған жер – алтын бесік.....	11
Жол мұраты – жету.....	14
Алғашқы әсер.....	18
«Балмұздақ-1991»	22
Бақ шаба ма, бап шаба ма?	26
Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар	32
«Перваштар»	38
«Оралдағы қыркүйек оқиғалары».....	42
Археологиялық сараман	46
Барбастаудағы алма бағында.....	51
Әке - асқар тау.....	53
Серебряковода картоп алқабында	60
Тарфак студенттерінің «Арай» құрылыс отряды	65
Футбол деген бір сиқыр.....	74
Ұстазы талантты болса, шәкірті талапты болады	80
Жеті жұрттың тілін біл.....	85
Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет	92
Әркімді заман сүйремей, заманды қай жан билемек?	101
Кітап – білім бұлағы... ..	104
Өлара	108
Құдай-ау, қайда сол жылдар... ..	119
Тақыр жерге шөп шықпайды	129
Түйін	136
Оқыдық, пікір айтамыз!.....	139

кездесе. Өз басыма бұл кісіге екі рет шәкірт болу мәртебесі берілген екен: бірі – бакалаврда, екіншісі – магистратурада. Үлгі тұтамыз!

Эльмира Жақсылыққызы: Көптің пікірін дөп жеткізіпті Сағынтай аға!

Мәнишук Мәмбешова: Сәке, жазған пікіріңе қосыламын, сендей тіл байлығым болмаған соң, айта алмай жүр едім. Қаратөбенің қара баласы, тарихшы ретінде өте білімді, қарапайым, біреуге көмегін аямайтын, адами қасиеті мол азамат. Студенттік кездерімізді еске түсіріп, бір марқайып қалдық. Қайда жүрсеңде аман бол, балам!

Талғат Тапалов: Ақ бата ғой!

Тамара Нәби: Осындай ортаны ойып түсіп айтары бар ағамыз аман болсын. Сөз құдіретімен жігерленіп алған інім істерің көркем, сөздерің өктем боп, өзіндей болсам деген ізбасарың көп болсын, айналайын!



Мәлік Құлшар: Жалындаған студенттік шақты, СҚО (ССО) еске түсіріп жібердіңіз! Футбол жанкүйері ғана емес, шабуылшы болғаныңызға ризамын. Менің де бала кезімдегі сүйікті ойыным, мен оң қапталдағы қорғаушы болып едім. Келесі санын (кішігірім журналдай) күтеміз.

Есқайрат Хайдаров: Мына естеліктерді жинақтаса бір кітап шығатын сияқты.

Жандос Әмірғали: Ия, көрші, сіздің бойыңыз өте аласа болғаны рас. Сіз футбол ойнаған кезде өте кішкентай болып, допты ұршықша иіріп, қарсыластарды алдап өтуге өте шебер едіңіз. Әсіресе допты қақпақылдап жарысқан кезде (лянга) тізеңізбен, өкшеңізбен допты жерге түсірмеуші едіңіз. Бойыңыз бен ойыңыз қатар өскен азаматсыз! Тіл-көзден аман болыңыз!

Қайыржан Шамғонов: Өте тамаша жазылған естелік жазба, сол кездегі жас буынның спортқа деген құштарлығы әдемі суреттелген. Осындай әдемі естелік жазбалар арқылы, қазіргі телефонға телмірген жас ұрпақты спортпен айналысуға шақыруға жақсы бастама.

Болат Қадыралиев: Керемет жазылған естелік. Естелік жазу кез келгеннің қолынан келе бермейтін өнер. Жазарыңыз көп болсын. Жалғасын күтеміз. «Ер жігіт елінің я бағына туады, я сорына туады» дейді. Жаңабек біздің маңдайымызға біткен тұлға, білікті тарихшы!

Қайырлы Байжанов: 1993-1997 жылдары сабақ бер-

ген ұстаздарымызға мың алғыс! Бірімжаров Бақтығұл ағайдың дәрістері, қамқорлығы мәңгілік есте сақталады! Жатқан жері жарық, иманы жолдас болғай. Жаңабек, жазарың көп болсын, шығармашылық табыс тілеймін!

Ерболат Бекмулдин: Әрқайсысы бір тұлға ғой бұл оқытушылардың. Бәрі есімізде. 1997-2001 жылдары біліммен қатар берген ағалық, апалық ақылдары өміріміздің көп жерінде көмегін беріп жатыр. Жаңабек Жаңабайұлы, жазарыңыз көп болсын!

Талғат Жұбанышев: Жәке, жазбаңызда есімдері аталған ұстаздардың көбінің біз де алдын көрген екенбіз. Оларды қашанда құрмет тұтамыз, алдында әркез бас иеміз! Керемет ой-толғамдар. Жүрекке жылы тиетін ғажап естеліктер! Әрбір жазбаңызды оқыған сайын сол бір жалын жылдарға, қайта оралмас жастық шаққа, студенттік кездегі бал күндерге бір барып қайтқандай болатынымыз рас. Тоқсаныншы жылдардың қызығы мен шыжығын сол кезеңде студент болуды тағдыр талайына бұйыртқан, қазіргі уақытта жастары қырықтың қырқасына шығып, алды елуді еңсере бастаған барша замандас жақсы біледі. Сол бір ғажап шақтар туралы толғану да ойда жүрген іс. Бірақ, Жәке, Сізбен салыстырғанда біздің көп уақытымыз дәлізде (коридорда) өткені де рас...) Сондықтан, тарих факультетінің сол тұстағы тарихын тәпсірлеуге келгендегі біздің көзқарас әрине, басқа ракурстан, өзге қырынан болары сөзсіз. Қысқасы, тоқсаныншы жылдардың куәгер-замандастары Жәкеңнің «Білім

сара жол, дана жол болды. Мерейтойың құтты болсын, білім ордасы!

Орынай Кенжеғалиева: Керемет! Студенттік өмірге бір еніп, күнде енді не туралы жазылады?, - деп іздеп оқыған жазба болды. Жазарың көбейсін, Жаңабек! Мерейтойың құтты болсын, түлетер түлектерің көп болсын, білім ордасы!

Сағынтай Бисенғалиев: Айналайын, Жаңабекжан! Айтқаныңның түк артығы жоқ. Тіпті, мақтанып айтар жөнің бар. Қазір білмеймін, бұрын Оралдан білім алу – талайларға арман болған. Оқығандарға мақтаныш болған. Сапалы білім біздің Оралда болған. Нәтижесі өзіндей ел азаматтары! Аман жүргейсің, талай қаракөздердің жастық шағын, аш құрсағын есіне түсірдің, сағынышын ояттың. Ол да керек еді. «Мен жанбасам...!» - деген Хикметтің сөзіне жан бітірдің, ризамын! Сен алысқа қарайтын «баласың», үлкен үміт күтем сенен! Алқам-салқам жұртыңның жыртық-жыртық іргесін бүтіндеп, жел жағына жабу болатын баһадүрдің бірі сенсің, бауырым. Қайран қазағың кәдірінді бүгін білмесе – ертең біледі! Тіл-көзден аулақ бол, қасиет дарыған Қаратөбенің қара баласы, Аллажар!

Нұргүл Жұбатова: Дұп-дұрыс пікір екен! Сағынтай ағам көп қазақтың (замандастың) пікірін ап-анық жеткізіпті.

Динара Сапина: Ұстазымызға керемет, біздің тіл байлығымыз жеткізе алмай жүрген баға берілген екен. Оқытушы көп, ал ұстаздар бірді-екілі кездеседі,

тік шағымызға саяхаттап қайтқандай болдық. Жазарың көбейсін, халықтың дана Жаңабегі деген атаққа ие бол! Студенттік кезеңім көз алдымнан жылжып өткендей болды. Киелі, өте ыстық білім ордасының мерейлі 90 жылдық мерейтойы құтты болсын!

Қайсар Сидәғалиев: Жаңабек әріптесіміздің меуарын оқып, бір жасап қаламыз, шын көңілден жарып шыққан дүние бір бөлек, бар ықыласымызбен оқырман ретінде алғысымыз шексіз. Осы оқу орнын біздің жанұямызда 10 бала болсақ, бесеуіміз бітірген екенбіз. Әкеміз Жалғас Сидәғалиев, ауылдас құрдас Қалимолла Мырзағалиев ағай екеуі соғыс жылдарының аяғында оқыған еді. Ең үздік шығарма.

Айтуар Ұябас: Жаңабек жазбалары – күнделікті фб. парақшасын бір саралап, қызыға оқитын мақаламыз болатын. Ауылдас біз үшін бала Жаңабекпен қазіргі халық қалаулысы болып жүрген дана Жаңабегіміздің замандастарының, жарқын, жастық жолдарына тәнті болып, бір жасап қалғанымыз анық.

Айгүл Медешова: Мен енді не айтар екен деп оқып, өзімнің осыған ұқсас күндерімді сағына еске алып жүрмін. Жаңабек, мына бастамаң маған да ой салды. Өткенде студенттік күндер туралы естелікті бірнеше бетке ғана түсірген едім. Енді сен сияқты ашып жазу қажеттігі сұранып тұрғандай. Керемет туынды. Қаламың ұштала түссін.

Гүлнар Кабулова: Тарихи естелік, болашақ педагогтар үшін өте құнды, қажетті жинақ. Өзім білім алған университет, содан соң аспирантура, еңбек жолыма

ап саянда...» атты жазбасының әр бөлімін түрік сериалындай күтетін болғаны анық!)) Жаза түсіңіз, ол кездердің әңгімесі «Көшпенділердей» әсерлі, «Мың бір түндей» таңғажайып, «Манас» жырындай ұзақ қой. Кейіпкер табуда қиынға түспес, өз заманының айта жүрерлік «геройлары» аз болған жоқ. Суреттеуге сұранып тұрған талай есті мен есердің, «сен тұр, мен атайын» дерлік дүр жігіттердің, сол кездерге тән мінезге бай, аса бір ибалы да инабатты қазақ қыздарының, қазіргі сленгпен айтқанда «типаж» дерлік әпенді атаулының да аз болмағанын білесіз. Олардың әрқайсысы жөнінде бір-бір естелік-эссе жазып шығуға болады. Бұл «идеямыз» енді сіздің сериалдың екінші сезонына жүк болсын, Жәке! Жазарыңыз таусылмасын, қаламыңыз мұқалмасын. Шығармашылық табыс тілеймін! Қасиетті қара шаңырақ, аймақтағы абыройлы alma mater Білім Ордасының 90 жылдық мерейтойы құтты болсын!

Жандос Меңдіғалиев: Жәке, рахмет! Көз алдымда сол жылдар кинодағыдай өте шықты. Дәл сол қалпында жазғансың. Біздер ағылшын тілі тобында болдық. Сабакты Жәнібеков берді. Орыс тіліне аударып келуге ағылшынша «Московские новости» газетін береді. Оның Крупская кітапханасынан орысшасын тауып, жазып келетін едік.

Райса Ильясова: Жаңабек, сенің студенттік жылдар туралы естеліктерің 90 жылдық тарихы бар педагогикалық институттың алтын тарихына қосылатын керемет дүние деп ойлаймын. Сен менің

есімде оқуда өте зерек, дарынды студент болып қалдың. Жолдасыңа да педагогикадан сабақ бердім. Ол да алдыңғы қатарлы студенттердің бірі болатын. Ұстаздарыңды ұмытпағаның үшін көп-көп рахмет.

Софья Измұханбетова: Сөз жоқ, мықты тұлғалардан дәріс алғансыз!

Ланда Сисенова: Ұстаздардың барлығы да керемет білім берді. Өмірден өткендерінің алдарынан жарылқасын, жандары жәннатта болсын, ортамызда жүргендеріне денсаулық тілеймін. Жаңабек, еңбегіңе шығармашылық табыс тілеймін.

Исатай Сисенғалиев: Жаңабек, тамаша естеліктер. Керемет, мықты, жақсы адамдар еді. Барлығы да бізге сабақ берді. Ғаділше ағай бізге куратор болды.

Айзада Шайхиева: Жаңабек, күшті естеліктер, ұстаздарымыз бен студенттік кездерді еске түсіріп отырмыз. Алла разы болсын!

Маржан Сағынова: Жәке, тамаша естеліктеріңді оқып, қызығы мен қиындығы қатар өрілген студенттік жылдар санамызда біраз жаңғырып жатыр. Есте сақтау қабілетіне, байқампаздығына тәнтіміз, ыждағатпен, ықыласпен жазылған әрбір жазбаларың үшін, үлкен рахмет! «Жастықтың оты жалындап, Жас жүректе жанған шақ» – деп Хакім Абай сағынышпен жырлаған, тамаша сәттердің керемет естеліктері үшін Жаңабек группаласымызға үлкен ризашылығымызды білдіреміз. Орамды ойларыңмен қаламыңның қарымы арта берсін, Жәке! Жазар дүние таусылмасын, себебі, кешегі күн – ертеңгі тарих.

акт залда сахнаға шығып едік.

Арман Бигалиев: Қара шайдың қаспағын қалқып ішкен керемет студенттік кез ойға оралды. Аты жер жарған тамаша білім ордасы.

Гүлжан Акашева: Жазбаларыңды оқып шықтым. Ұнады. Көрген, білгенді саралап, қорытып, көркемдеп жаза білу – үлкен жетістік. Ол – өтпелі кезең, тарих. Сол кез ауызекі айтылып қана қалмай жазбаға түскені дұрыс. Бір тоқтыға төрт кір сабын немесе төрт фото алған күндер ғой ол. Мен де сол институттың 1977 жылғы түлегімін. Оқу орнының мәртебесі биіктей берсін. Жазайын деп емес, жазбауға болмайтындай ішкі мазасыздық, ішкі түрткі болады ғой. Сондай шығармашылық тілеймін.

Тамара Өтегенова: Әр жазбанды асыға күтіп отырып, оқып шықтық. Ол кездің студенті болмасам да, ол институттың қабырғасынан білім алмасам да, тіліңнің шұрайлы болуы, әр сәтті сауатты да қызықты бейнелеуің көп оқырманға ұнады, Жаңабек. Жазарың көбейсін, қаламың ұштала берсін!

Ақкүн Өтегенова: Жазғандарыңды оқып отырып, Жаңабек өзім де ортасында жүргендей әсер алдым. Шебер тілмен, керемет жазғансың! Студенттік өмір қай кезде де қызығы мол, андай-мындай кемшіліктерге мән бермейтін кезең ғой, шіркін! Жазарың көп болсын, оқырмандарыңның жүрегінен жылу таба берсін!

Назия Жакупова: Керемет естелік! Бала Жаңабек, естелік арқылы сағым жылдар болып қалған студент-

«3» алған тарихшы түлектері осындай шедевр жазатын болса, «4, 5» алғандар шіркін-ай, қай қияда жүр екен?! Бұл да болса Махамбет университетінің адамды қалай жетілдіріп, қандай сапалы маман боп өсіретініне бір штрих болар. Жаңабек аға, бұл жазған шығармалар серияңыз Махамбет университетінің 90 жылдық торқалы тойы қарсаңындағы тамаша сыйыңыз, көркем ескерткішіңіз болды деп есептеймін.

М.Өтемісов университетінің ғылыми кітапханасы: Биіктен көріне беріңіз, естелікті кітап етіп шығаруыңызға тілекшіміз. Қара шаңырағымыздың мәртебесі арта берсін!

Айсұлу Исмурзина: Жаңабек, өзің оқып білім алған университет туралы керемет естеліктер жазған екенсің. Осы білім ордасының 90 жылдық мерейтойы құтты болсын! Өзің сияқты шәкірттің тәрбиеленіп шығуының өзі, осы оқу орнының басқа оқу орындарына қарағанда шоқтығының биік екендігінің бір дәлелі. Мәртебесі биіктей берсін!

Ақсұлу Құлмағамбетова: Рахмет, ағай! Осы киелі орданың түлегіміз ғой, педлицей де жақсы буын азаматтарды қалыптастырды. Сіздің «иә, қазақтар» деп басталатын сабақтарға кейде қайта оралғымыз келеді.

Рахила Абдрахманова: Өте жақсы жазғансыз. Жазушыдан кем емес, тағы да күтеміз. Қаламыңыз жүйрік болсын!

Нұржан Тасболатов: Керемет естелік, Жәке! Студенттік шағымыз бейне бір кинодай елестеп шықты. ОПИ-дің 60 жылдық мерейтойында алғаш рет

Баян Қабиева: Керемет естеліктер! Бәріміздің, соның ішінде балаларымның бірге оқыған группаласы, досы ретінде, Жаңабек айналайын, сені мақтан тұтамын. Айтылғандарыңның бәрі тарих қойнауына кетіп жатыр. Бәрі дұрыс. Қиын замандарды бастан өткердік қой. Студент оқытуда оңай болмады. Бір үйден үш студент, сосын саны беске жетті. Жастық деген қандай тамаша! Киім болмаса да, ол кезде көңіл басқаша еді-ау.

Айжан Мырзағалиева: Бәрімізге де әсер еткені сонша, өз альбомымды ақтара бастағанымды байқамай қалдым. Жастық шаққа саяхат та бір керемет сезім екен, бастамаға көп рахмет.

Қарлығаш Үмбетова: Осылай көптеген еңбектерің жарыққа том-томдап шыға берсін, сен біздің мақтанышымызсың, қуанып, мақтанып, үлгі тұтып, сені барған, басқан жерімізде аузымызды толтырып айтып отырамыз. Бірге оқыдық деп. Өзің сияқты білімді, саналы шәкірттерің көп болсын, шығар биігің биік болсын!

Нұржан Хасанов: Күшті естеліктер екен! Қазақстан тарихын қызықтырып оқытатын едіңіз, енді облысымыздың бетке ұстар ЖОО-ның бірінің тарихын әдемілеп жазып отырсыз. Керемет! Қызығып оқитын естеліктер көп болсын!

Сәбира Сүндетова: Керемет естелік, шағын кітап десе де болады. Сіздің «Жаңабек Жаңабайұлының жеке кітапханасы» деген мөріңіз бар еді (фейсбуктан көргем), болашақта кітабыңыз жарыққа шығып,

сол мәрді басатын күнге жетіңіз! Мен тілекшімін! Осы жазбаңыз жергілікті баспасөз беттерінен жарық көрсе, киелі білім ордасында оқыған, оқып жатқан студенттерге естелік – сағыныш болатындай. Аман жүріңіз!

Дариға Ғазезқызы: Керемет толғау. Жылдар сөйлеп тұр. Рахмет саған, Жаңабек! Жазар көбейсін!

Қаныш Садыр: Мықты жазбалар болып шықты. Енді педлицей туралы бір естелік жазсаңыз күшті болар еді. Педлицей ОПИ-дың бір бөлшегі еді ғой.

Ибагүл Сатдыкова: Білім нәрімен сусындатып, өмірге маман қылып шығарған білім ордамыздың мерейтойы құтты болсын! Еліміздің барлық аймағынан білім іздеп келген студенттер жиналған группада оқыдық. Оқу бітіргенімізге 30 жылдай өтсе де, жиі жиналамыз. Сол кезде студенттік кездегі қызықты жайттарды қайталап айта береміз)). Рахмет, Жаңабек. Керемет естеліктерің үшін мың алғыс!

Салтанат Кәрібек: Керемет естелік, Жаңабек! Мен де сол Орал педагогикалық институтын қоғамның аумалы-төкпелі заманында оқыған, ұзақ жылғы үзілістен кейін ашылған тарих факультетіндегі алғашқы қазақ тобының түлегімін. Көптеген ұстаздарымызды жазып, келмеске кеткен ең қызықты күндерімізді еске түсірдің. Педлицейді де ауызға алыпсың, сол лицей ашылған жылдары институтты бітірген жас маман болып, еңбек жолымды бастаған оқу орны еді. Айтайын дегенім, ОПИ-ді әртүрлі жылдары және әр мамандықта бітірген әріптестерім жүрген жерінде бір төбе болып, өздерінің

білімдерімен ерекшеленіп тұрады. Жоқ, жоқ ... мен басқа оқу орнын бітірген мамандар сапасыз деп жатқаным жоқ. Тек өзіндік ерекшелігі бар екенін айтамын. Міне, осы үлкен қара шаңыраққа біз қарыздармыз! Бұл күнде осы білім ордасынан білім алғанымды мен мақтан етемін! Батыстағы бетке ұстар үлкен білім ордасына 90 жасың құтты болсын деймін! Ел тізгінін ұстайтын, халқына адал қызмет ететін, замануи, білімді түлектері көп болсын!

Елдос Сафуллин: Мықты шығарма! Тағы да керемет шығармалар сериясын жариялауды бастапсыз. Зерек жады, әлеуметке позитивті көзқарас, сезімтал жүрек, көркем тіл арқылы автор тамаша шығармалар сериясын сомдауда. Оқырман ретінде шексіз ризамыз. Тұшынып оқып жатырмыз. Алла разы болсын, Жаңабек аға! Өз басым қазіргі күнге дейін 500-ден астам кітап оқыған кітапсүйер оқырманның бірімін. Менің бір байқағаным, біздің универ үшін бұл соны, тыңнан түрен салғандай ерекше еңбектің түрі боп шықты. Оралдың студенттері туралы мұндай көркем шығарманың оқырманға сыйлар жағымды әсері, өнегесі мол деп санаймын. Университет үшін тарих десе тарихының, профориентация десе профориентациясың көркем әдеби үлгісі, міне осындай болар! Жиырма төрт бөлімді оқып шыққанда күні кеше ғана өткендей, бірақ тым алыста қалғандай замандастардың өмірлерінен 24 сериялы кино көргендей ерекше жақсы әсер алдым. Автордың суреткерлігіне сондай риза болдым! Қабылдау емтихандарында қазақ тілі мен әдебиетінен